

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-  
ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**Гуманитарлық ғылымдар факультеті**

ӘОЖ – 373.32  
Қолжазба құқығында

**Байсеит Балжан Ерланқызы**

**4-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТҮСІНУ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ БІЛІМДІ  
СЫН ТҮРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

«7M01303-БАСТАУЫШТА ОҚЫТУ ПЕДАГОГИКАСЫ  
МЕН ӘДІСТЕМЕСІ»

«M003-Пәнсіз мамандандырылған педагогтерді даярлау»  
білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі  
дәрежесін алу үшін дайындалған магистрлік диссертация»

Ғылыми жетекшісі: \_\_\_\_\_ PhD доктор, доцент м.а. Абдуллина Г.Т.

Магистрлік диссертация қорғауға жіберілді: « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_  
20 \_\_\_\_ ж.

Кафедра меңгерушісі: \_\_\_\_\_ PhD, аға оқытушы Ауезов Б.Н.

**Түркістан, 2021ж.**

## МАЗМҰНЫ

<b>АННОТАЦИЯ</b> .....	3
<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b> .....	4
<b>АНЫҚТАМАЛАР</b> .....	5
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР</b> .....	6
<b>КІРІСПЕ</b> .....	8
<b>1 СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТҮСІНУ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ БІЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ- ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b> .....	13
1.1 Инновациялық технологиялар арқылы оқушылардың түсіну деңгейіндегі білімін қалыптастырудың педагогикалық негіздері.....	13
1.2 Сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқушыларының түсіну деңгейіндегі білімін қалыптастырудың ерекшеліктері.....	32
1.3 Бастауыш сынып оқушыларының білімін сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы қалыптастырудың мүмкіндіктері.....	44
<b>2 СЫНИ ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТҮСІНУ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ БІЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ</b> .....	56
2.1 Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы 4 сынып оқушыларының түсіну деңгейіндегі білімін қалыптастырудың жолдары.....	56
2.2 Сын тұрғысынан ойлау технологиясы элементтері арқылы 4сынып оқушыларының түсіну деңгейіндегі білімін қалыптастырудың әдіс-тәсілдері.....	69
2.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері.....	91
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	101
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	103
<b>ҚОСЫМШАЛАР</b> .....	108

### **Аннотация**

Согласно требованию процветающего общества, основным вопросом сегодняшнего дня является подготовка учащихся, которые своим знанием, умением самостоятельно действовать во благо будущего народа, которые могут занять соответствующее место в обществе. А это должно формироваться в начальном этапе обучения.

Целью обучения английскому языку в начальных классах на уровне понимания – это усвоение учебных материалов, развитие познания учащихся, расширение интереса, а также это поможет улучшению качества обучения. Учащийся, умеющий грамотно писать, свободно говорить на английском языке – это будущее нашей страны. В исследовательской работе рассмотрено методика обучения английскому языку на уровне понимания.

### **Annotation**

In accordance with the requirements of a modern civilized society, seeking to the current stage and prospects of the country's educated, intelligent, acting on their own to find their place in society, which is a key factor in the preparation of the disciplines. And this in turn requires the formation of the initial stage.

The goal of teaching English in primary grades at the level of comprehension is the assimilation of teaching materials, the development of student knowledge, the expansion of interest, and this will also help to improve the quality of teaching. A student who can write competently, speak fluent English is the future of our country. The research work examines the methodology of teaching English at the level of understanding.

### **Özet**

Müreffeh bir toplumun ihtiyacına göre, bugünün temel konusu, bilgileri ile geleceğin insanların yararına bağımsız hareket etme yeteneğine sahip, toplumda uygun bir yer alabilecek öğrencilerin hazırlanmasıdır. Ve bu, eğitimin ilk aşamasında oluşturulmalıdır.

İlköğretim sınıflarında anlama düzeyinde İngilizce öğretiminin amacı, öğretim materyallerini özümsemek, öğrenci bilgisini geliştirmek, ilgiyi artırmaktır ve bu da öğretimin kalitesini artırmaya yardımcı olacaktır. Yetkin yazabilen, akıcı İngilizce konuşabilen bir öğrenci ülkemizin geleceğidir. Araştırma çalışması, İngilizce öğretme metodolojisini anlama düzeyinde incelemektedir.

**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер берілген:

2007 жылдың 27 шілдесіндегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

Назарбаев Н.Ә. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. - Астана, 2012. [http://www.akorda.kz/kz/page/page\\_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2012-zhylhy-14-zheltoks\\_1357813742](http://www.akorda.kz/kz/page/page_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2012-zhylhy-14-zheltoks_1357813742).

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан Халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан, №11 (28235), 18 қаңтар, сенбі, 2014. - 34 б.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысымен бекітілген.

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жалпы бастауыш білім. - Алматы, 2008.

Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат. - Алматы, 2009.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. - Астана, 2004.

Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. - Астана, 2010.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. - Астана. 10 маусым, 2011.

## АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар көрсетілген:

**Білім** – ойлау мен дүниені түзу құралы, яғни объективті шындық туралы қабылданған, саналы түсінілген, есте сақталып қалған және көрсетілген әдіс, үлгі бойынша әр түрлі таныс жағдайларда қолдану деңгейіне дейін меңгерілген ақпарат; адамның белгілі бір жүйедегі ұғымдарының деректері мен пайымдарының, т.б. жиынтығы.

**Білім сапасы** - мектепте білім алып отырған шәкірттің немесе мектеп бітірушінің білім алу арқылы әзірлігінің сапасы мен білім беру қызметінің сапасын қамтитын түсінік; оқыту/оқу материалдары мен іс-әрекет бойынша меңгерілген білімнің қасиет белгілерінің бірлігі.

**Білім беру сапасы** - білім алушылардың белгілі бір кезеңде қол жеткізген білім мен біліктілік, ақыл-ой, адамгершілік және дене тәрбиесі дамуының жоспарланған мақсатқа сәйкестік дәрежесі.

**Білім беру бағдарламасы** - білім беру мазмұны мен оқу үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерін сипаттайтын білім беру мекемелерінің нормативтік-басқару құжаттары.

**Құзыреттер** – білім алушының оқыту үдерісі кезінде алған білімін, іскерлігін және дағдысын іс-әрекетте практикалық тұрғыдан қолдана білу қабілеті.

**Құзыреттілік** - оқу мен өмір жағдаяттарын шешу кезінде білім алушылардың білімді, іскерлікті, дағдыны және қызметтің әмбебап тәсілдерін меңгеруі көрінетін білім берудің нәтижесі.

**Оқу үдерісі** - оқытудың арнайы ұйымдастырылған түріндегі жеке тұлғаның жалпы дамуы мен тәрбиесінің, білім беру мақсатын айқындайтын біртұтас педагогикалық үдерістің нақты көрінісі.

**Оқу жоспары (ОЖ):** білім беру деңгейлеріне сәйкес оқу пәндерінің тізімі мен көлемін, оқыту тәртібі мен бақылау түрін реттейтін құжат.

**Оқу бағдарламасы:** әрбір оқу пәні бойынша меңгерілуге жататын білім, іскерлік және дағдылардың мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

**Пәнді оқыту нәтижелері** – игерілген білім, іскерлік, дағды және білім беру салалары бойынша құзыреттіліктер.

**Сапа** - бұл зерттелетін объект (зат, үдеріс, ақырғы нәтиже) қасиеттерінің талап етілген немесе күтілетін нәтижеге сәйкестік дәрежесін білдіретін ұғым.

**Оқыту сапасы** – білім алушылардың оқыту мақсаты мен міндеттері негізінде қойылған белгілі бір талаптарды орындау қабілеттілігі.

**Сапалы білім беру** - оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі.

**Субъект** - таным объектісі ретінде сыртқы әлемге төтеп бере алатын ізденімпаз, іскер, мақсаткер адам.

**Типтік оқу жоспары (ТОЖ):** оқыту тілі мен бағытына сәйкес тиісті білім беру деңгейі оқу пәндерінің тізбесін және көлемін реттейтін нормативтік құжат.

**Түсіну** – ойлау әрекетінің нәтижесінде белгілі бір оқиғаның немесе құбылыстың мағынасы жайлы ой-тұжырымға келу.

**Түсіну деңгейі** – қабылданған бағалау шкаласының негізінде жеке тұлғаның қолда бар білімі мен оған келіп түсетін ақпараты өзара танымдық іс- қимыл жүйесінің дәрежесін бағалауға және желілік түрінде реттеуге мүмкіндік беретін осы процестің нәтижесі мен түсіну процесінің сипаттамасы.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы  
ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға  
міндетті білім беру стандарты  
ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достығы  
БОПӘ – бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі ХҚТУ –  
Халықаралық қазақ-түрік университеті  
лат. – латын тілінде итал. – италиян тілінде  
СТО-сын тұрғысынан ойлау технологиясы

## КІРІСПЕ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі:** Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Интеллектуалды ұлт-2020» жобасында қазіргі заманғы білім берудің болашақтағы міндеттерін атай келе, жас қазақстандықтар бастапқы интеллектуалдық әлеуетпен және терең ақылмен, шексіз қызығушылықпен және өмірлік күш-қуатпен ерекшеленуі керектігін атап өтті. Бұл оқыту үдерісін ұйымдастыру базалық білім, білік, дағдылар, жалпы азаматтық және ұлттыққұндылықтар негізінде оқушылардың түйінді құзыреттілігін қалыптастыруды қажет етеді. Осыған орай бастауыш мектептен бастап қамтитын ағылшын тілін меңгерту басым бағыттардың бірікендігін көрсетеді.

Қазіргі таңда білім беру педагогтарының инновациялық әдістемелік қызметінің көрсетілген технологиясы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың құрылымы мен мазмұнына 2010 жылдың 7 желтоқсанынан 2011-2020 жылдарға Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасымен және Мектеп жасына дейінгі – туылғаннан 6 жасқа дейінгі балаларды дамытудың мемлекеттік жалпыға бірдей стандарт талаптарын іске асыруын қамтамасыз етеді[1].

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында «Елдік мұрат жолында ұлы ерліктер әрқашан аталарымыздың бойынан табылған. Тәуелсіз елді өз қолымен құрған буыннан басталған ұлы істерді келешек ұрпақтың лайықты жалғастыратынына сенемін», - деген.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Бүгінде ағылшын тілі – жаңа технология, жаңа индустрия, жаңа экономика тілі. Қазіргі кезде 90% ақпарат ағылшын тілінде жарияланады. Әрбір екі жыл сайын олардың көлемі 2 есе ұлғайып отырады. Ағылшын тілін меңгермей, Қазақстан жалпы ұлттық прогреске жете алмайды.», – деп білім беру жүйесіне үлкен міндет артқан болатын [2].

Қазіргі Қазақстандық қоғам көпұлттық, көптілділік және көпмәдениеттілік жағдайда. Сондықтан осы қоғамға бейімделген көп тілді меңгерген мәдениетті тұлға қалыптастыру - өзекті мәселелердің бірі. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде: «Біз алдағы уақытта осы алған бағытымыздан таймай әлемдік биіктерді бағындыра беретін боламыз[3].

Сондай биік белестердің бірі – Қазақстанның дүние жүзіндегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруі. Алға қойылған мақсатқа жету үшін, ең алдымен, әрбір қазақстандық бәсекеге қабілетті болу керек» деген болатын. Сонымен қатар осы мақсатқа жету жолдарымен де таныстырып өтті. Тіл мәселесін сөзге тиек ете отырып, Н.Ә.Назарбаев қазақстандықтардың жаңа ұрпағы ең кем дегенде үш тілді біліп, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін білу тиіс екендігін айтты. Сонымен қатар ағылшын тілін кеңінен білмейінше, ұлттың бәсекеге шынайы қабілеттілігі туралы айту қиын болатындығын ескерте отырып, барлық ата-аналарды балаларын үш тілде оқытуға шақырды[4].

Шәкірттер қазақ тілін толық әдеби нормада меңгеріп, орыс тілі мен ағылшын тілін еркін білу қажет. Ал ғалымдардың зерттеуінше, бала жас кезінде



тілді қиналмай әрі еркін меңгереді екен. Осы ретте Білім және Ғылым министрлігінің ағылшын тілін бала бақшадан кейін бастауыш сыныптан бастап оқытуға назар аударуы – дұрыс талап. Бүлдіршін жаста меңгерілген білімнің іргетасы берік әрі мықты болмақ. Ал осы берік әрі мықты білімді санаға себелеп, жанға ұялататын әрине мұғалім. Осы ретте зерттеу жұмысымызды ағылшын тілі пәнін негізге ала отырып жазуды жөн көрдік.

Жалпы «түсіну» ұғымы философияда, психологияда, социологияда зерттелді. «Түсіну» ұғымы философия саласында пайда болған, қазіргі кезде жалпы психологияның бір саласы, көптеген ғылымдардың зерттеу объектісі болып есептеледі.

Түсіну психологиясын жаңа ғылыми бағыт ретінде қалыптастырған В.В. Знаков [5]. Қазақстанда түсіну психологияның негізін қалаушы профессор Ким А.М. [6]. Түсінуді философияда Х.Г. Гадамер [7], М.М. Бахтин [8], В. Дильтей [9], Дж.Миллер [10] т.б. ғалымдар зерттеді. Ал психология тұрғысынан Л.С. Выготский [11], Я.Гальперин [12], Н. И. Шевандрин [13], С.Л.Рубинштейн [14], В.В. Знаков [5], Ким А.М.[6], Э.Н.Гусинский [15] еңбектерінен көруге болады. Ал педагогика саласында түсіну деңгейін зерттеген дидакттар В.П.Симонов [16], М.Б. Бершадский [17], С.Е.Шишов, В.А.Кальней [18], А.К.Колеченко [19], В.Ю.Питюков [20] болды .

Ағылшын ғалымы Б.Блум [21] білімді меңгерудің алты категориясын жасады. Неміс әлеуметтанушысы М.Вебер [22] түсінуге өз анықтамасын берді. Отандық ғалым А.Қ. Әлімов «Интербелсенді әдістемесін мектепте қолдану» оқу

құралында Б.Блумның оқу мақсаттарының таксономиясына сипаттама берген [23].

Еліміздің ертеңгі болашағы – мектеп қабырғасынан білім нәрімен сусындаған оқушы. Ал сол білімнің негізі бастауыш сыныптан қаланатыны белгілі. Сондықтан қазіргі таңда оқушыларға сапалы білім берудің тиімді жолдарын іздестіру өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Б.Д.Эльконин Бастауыш сыныптарда шығармашылық іс –әрекетін зерттеген ғалымдардың бірі, шығармашылық іс-әрекетке мынандай анықтама береді: «Шығармашылық іс – әрекет бұл ерекше тұрғыдағы жасампаздық, жаңадан жасалған нәрсе бұрынғы нәрселердің механикалық қайталануы емес, өзінің сонылығымен, біртумалығымен ерекшеленетін болса, өзін - өзі куәландыратын, дәлелдейтін болса, онда бұл нәрсені туғызған шығармашылық акт туралы сөз қозғауға болады деген тұжырым жасайды.»

Көрнекті педагог – ғалымдар К.Ушинский, Ы.Алтынсарин, А.Макаренко, М.Жұмабаев оқушының шығармашылық іс-әрекетін дамытуға бағыт-бағдар беріп отырған. Кеңестік психологтар Л.Выготский, С.Рубинштейн, А.Апанов, В.Давыдов, Л.Занков, В.Крутецкий, М.Мұқанов, Ж.Әбділдин, Қ.Жарықбаев, Т.Сабыров еңбектері шығармашылық іс-әрекетте жеке тұлғаны дамыту мәселесінің алтын қоры деп білеміз [51, 45б.].

Білім беру үрдісінде ұстаз да, шәкірт те жеке тұлға болып қарастырылатын болды. Жеке тұлғаға жету үшін әр оқушының қабілетін танып, біліп, дамытып, шындап, жөн сілтеп, адам дәрежесіне келтіру керек. Демек, оқытудың жаңа технологияларын пайдалана отырып, білім сапасын арттыру,

мазмұнын байыту, оқу үрдісін жетілдіру, жан-жақты дамыған, рухани дүниесі бай жас ұрпақты тәрбиелеу – кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Бұның өзі оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау, даму, тәрбиелеу, әр баланың қабілетін, дарынын ашу мұғалімдер қауымына зор міндеттер жүктейді.

Балалардың ойын ауызша, жазбаша білдіруге үйретудің маңыздылығына ағарту ісінің көптеген қайраткерлері ( Ф.И. Буслаев, К.Д. Ушинский, Н.А. Корф, В.И. Водовозов және т.б. ) аса мән берген.

Қазіргі кезде өмір сүру күрделенді, біздің елімізде демократиялық құрылымдар пайда бола бастады.

Сыни ойлау – өзіндік ойлау. Сыни ойлау – сұрақ қоюдан және шешімін талап ететін проблемаларды айқындаудан басталады. Оқушы өзі сұрақ қойып, шешімін өзі айқындайды.

Бүгінгі мектеп алдындағы басты міндет – ағылшын тілі сабағында сын тұрғысынан ойлау жобасын басшылыққа ала отыра, оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыруға жағдай жасау.

Бастауыш мектепте ағылшын тілін үйрену балалардың әлемге деген қызығушылығын оятады. Балалар тілді әртүрлі тәсілдермен қолдана алады: белсенді ойындар, әндер, өлеңдер, жобалық туындылар және басқалар. Бастауыш деңгейдегі ағылшын тілі мұғалімдері балаларға алғашқы кездерінде тіл туралы білімдерін дамытып, тіл үйренуге деген ләззат алуға көмектеседі. Бұл балалардың сенімін арттырады және кейінгі жылдары одан әрі дамуға негіз болады[24].

Сол себептен, зерттеу жұмысымыздың тақырыбын: **«4 сынып оқушыларының түсіну деңгейіндегі білімін сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы қалыптастыру»** деп алуымызға негіз болды.

Бастауыш сыныпта сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы ағылшын тілі пәнін түсіну деңгейінде оқытудың негізінде бастауыш сынып оқушыларының пәнді терең түсінуі мен тілін дамыту әдістемесін ұсыну біздің тақырыбымыздың өзектілігін анықтайды.

**Зерттеудің мақсаты:** Бастауыш сыныпта сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы ағылшын тілі пәнін түсіну деңгейінде оқытуды теориялық тұрғыдан негіздеу және әдістемесін жасау.

**Зерттеу объектісі:** 4 сынып оқушыларының түсіну деңгейіндегі білімін сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқыту үдерісі.

Зерттеудің әдіснамалық негіздерін философиядағы таным теориясының эмпирикалық және теориялық таным деңгейлері туралы ілімі, іс-әрекет теориясы, оқушыны өз әрекетінің субъектісі, үнемі дамушы сипаттағы жеке тұлға деп тану теориясы мен оны жетілдіруге қатысты тұжырымдар құрады.

**Зерттеу пәні:** 4 сынып оқушылардың түсіну деңгейіндегі білімін ағылшын тілі пәнінде сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы түсіну деңгейінде оқыту.

**Зерттеудің ғылыми болжамы:** Бастауыш сыныпта сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы түсіну деңгейінде оқыту, оқыту үдерісін дамытуға және жетілдіруге ықпал етеді, егерде: оқыту үдерісі және білім меңгеру

деңгейлерінің ішінде түсіну деңгейінде оқыту жүргізіліп ұйымдастырылса, оның әдістемесі жасалса, онда бастауыш сынып оқушыларының ағылшын тілінен оқу материалдарын түсіну деңгейі артып, оқыту үдерісінің сапасы артады.

**Зерттеудің міндеттері:**

- сын тұрғысынан ойлау технологиясы және түсіну деңгейінде оқытудың психологиялық - педагогикалық негіздерін айқындау;
- бастауыш сыныпта сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы түсіну деңгейінде оқытудың ерекшеліктерін анықтау;
- бастауыш сыныпта сын тұрғысынан ойлау технологиясы элементтері арқылы ағылшын тілі пәнін түсіну деңгейінде оқытудың әдістемесін тәжірибелік-педагогикалық экспериментте тексерістен өткізу және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасау.

**Зерттеудің әдістері:** зерттеу мәселесі бойынша философиялық, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау, оқушылардың оқу іс- әрекетін бақылау; эксперименттік әдістер (байқау, анықтау, қалыптастыру); мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын зерделеу; педагогикалық тәжірибелерді зерттеу және қорыту.

**Зерттеу базасы.** Тәжірибелік – эксперимент жұмысы Түркістан қаласы Ғани Мұратбаев атындағы №5 жалпы орта мектебінде және *Жұмабек Тәшенов атындағы №23 ІТ мектеп-лицейі* жүргізілді. Тәжірибелік – эксперимент жұмысына 2-ші сыныптардан 91 оқушы қатысты.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

- сын тұрғысынан ойлау технологиясы және түсіну деңгейінде оқытудың психологиялық- педагогикалық негіздері айқындалады;
- бастауыш сыныпта сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы түсіну деңгейінде оқытудың ерекшеліктерін анықталады;
- бастауыш сыныпта сын тұрғысынан ойлау технологиялары элементтері арқылы ағылшын тілі пәнін түсіну деңгейінде оқытудың әдістемесін тәжірибелік-педагогикалық экспериментте тексерістен өткізіп және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасалады.

**Зерттеудің практикалық мәнділігі.** Бастауыш сыныптарда ағылшын тілі пәнін (негізге ала отырып,) сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы түсіну деңгейінде оқытудың тиімді жолдары бойынша ашық сабақ үлгілері жасалынып, әдістемелік нұсқау дайындалды. Орындалған жұмыстағы теориялық қорытындылар және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар 4 сынып оқушыларының сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы түсіну деңгейінде оқыту арқылы оқыту үдерісінің тиімді өтуін қамтамасыз етеді және ол бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын немесе қайта даярлайтын оқу орындарында және мектеп мұғалімдерінің арасында қолданыс табады.

**Зерттеуді ұйымдастыру.** Зерттеу 2019-2021жж. аралығында ұйымдастырылды және 2 кезеңнен тұрды.

Бірінші кезең зерттеу проблемасы бойынша педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді талдауға, проблеманы анықтауға, зерттеу

объектісін, пәнін, ғылыми болжамды құруға, жұмыстың мақсаты мен міндеттерін айқындауға, мақалалар әзірленді.

Екінші кезең бастауыш сыныптарда түсіну деңгейінде оқытудың әдістемесін жасап, апробациядан өткізу бойынша тәжірибелік- эксперименттік жұмысқа, алынған нәтижелерді диагностикалау, жүйелеу және қорытуға, диссертация материалдарын безендіріліп қорғауға ұсынылды.

**Зерттеу нәтижелері апробациялау және ендіру.** Диссертацияның негізі қағидасы, нәтижесі, тұжырымдары мен қорытындылары, «Сыни тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану арқылы ағылшын тілі сабағында мәтінмен жұмыс жасау» Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Алматы қ. №12/1 2019ж; «4-сынып дүниетану пәнінде оқушылардың сыни ойлау қабілетін “PUCSC” моделі арқылы қалыптастыру» Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Алматы қ. №12/1 2020ж; «5 Effective Teaching Methods for Your Classroom» атты әдістемелік нұсқаулық дайындалды.

**Магистрлік диссертацияның құрылымы:** Диссертация жұмысы кіріспеден, негізгі екі тараудан, қорытындыдан, әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

**Кіріспеде** зерттеудің көкейкестілігі негізделеді, жұмыстың мақсаты, нысаны, пәні анықталады, зерттеу міндеттері мен болжамы құрылымы, әдіснамалық негізі, басты идеясы, ғылыми жаңалығы, практикалық мәнділігі, зерттеу әдістері көрсетіледі, қорғауға ұсынылатын қағидалар, зерттеулер нәтижелерінің дәйектілігі баяндалады.

**«Сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқушыларының түсіну деңгейіндегі білімін қалыптастырудың ғылыми- теориялық негіздері»** атты бірінші бөлімде инновациялық технологиялар арқылы оқушылардың түсіну деңгейіндегі білімін қалыптастырудың педагогикалық негіздері және сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқушыларының түсіну деңгейіндегі білімін қалыптастырудың ерекшеліктері мен оқушыларының білімін сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы қалыптастырудың мүмкіндіктері қарастырылады.

**«Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқушыларының түсіну деңгейіндегі білімін қалыптастырудың әдістемесі»** атты екінші бөлімде бастауыш сыныптарда ағылшын тілі пәнін түсіну деңгейінде оқытудың мазмұны талданып, оқушылардың түсіну деңгейінде оқытудың әдістемесі жасалып, соған сәйкес ұйымдастырылған тәжірибелік- педагогикалық эксперимент мазмұны сипатталды.

**Қорытындыда** зерттеудің негізгі қағидалары, нәтижелері тұжырымдалды, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.

**Қосымшада** бастауыш білім берудің мазмұны бойынша базалық білім мазмұны және бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған сауалнама мен тест үлгісі ұсынылды.

# I СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТҮСІНУ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ БІЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ- ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Инновациялық технологиялар арқылы оқушылардың түсіну деңгейіндегі білімін қалыптастырудың педагогикалық негіздері

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан халқына Жолдауының ЖЕТІНШІ міндетте «Адами капитал – жаңғыру негізі» деп білім берудің жаңа сапасына көңіл бөлді.

«2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде және бастауыш білім беруде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу қажет» - деген болатын [2, 86].

Мектепке педагогикалық үдерістердің инновациялығы – оқушылардың тиімді дамуына себін тигізетін жаңа технологияларды мақсатты ендіруінде болып табылады.

Қазіргі заман талабы тұрғысынан алып қарастырсақ, бүгінгі мектеп оқушыларының жаңалық атаулыға жаны құмар, интеллектуалдық деңгейі әлдеқайда жоғары екеніне көз жеткізуге болады. Инновациялық оқыту технологиясы негізінде пәндік білім беру идеясы жүзеге асырылады. Бұл өз кезегінде инновациялық оқыту технологияларының теориялық негізіне терең зер салуды талап етеді.

Инновациялар бала тұлғасына, оның қабілеттіліктерін дамытуға бағдарланған педагогикалық практикада қолданылатын жаңа әдістерді, нысандарды, құралдарды, технологияларды анықтайды. Қазақстанның заманауи даму сатысында білім беру үдерістерінде өзгерістер орын алуда: бастауыш білім беру жүйесіндегі педагогтардың назарын оқушылардың шығармашылық және интеллектуалдық дамуына, эмоционалды-еріктік және қозғалыс аясын түзеуге бұра отырып, білім беру мазмұны күрделене түсуде; дәстүрлі әдістердің орнын оқушының танымдық дамуын белсендіруге бағытталған тәрбие мен оқытудың белсенді әдістері басуда.

Мұндай өзгермелі жағдайда бастауыш білім беру педагогтарына балалардың дамуында интерактивті тәсілдемелердің көп түрлілігіне, заманауи технологиялардың кең таңдауына бейімделе алуы қажет. Мектепте оқыту құрылымына мемлекеттік талаптар және білім беру саясатындағы инновациялық үрдістерді талдау негізінде инновациялық әдістемелік қызметті дамыту технологиясын жобалауға және іске асыруға жаңа тәсілдемелер ұсынылды.

«Инновация» ұғымы педагогиканың сөздік қорына ежелден енген деген пікір бар. Кейбір ғалымдардың еңбектеріне «жана», «жаңалық енгізу» деп көрсетілген.

Инновация ұғымы ең бірінші XIX ғасырда мәдениеттанушылардың зерттеулерінен пайда болды, яғни бір мәдениет түрлерін, екінші ел мәдениетіне енгізу дегенді білдіреді және бұл ұғым этнографияда әлі күнге дейін сақталған.

Кейбіреулері оны «өзгеріс» деген терминмен анықтайды. Мәселен, И.П.Подласый «Педагогика» атты еңбегінде ХХғ. 80-жылдары кәсіби түрде, алдымен журналистер, содан кейінгі кездерде педагогтар «инновация» сөзін пайдалана бастағанын жазады [29, 576]. Сондай-ақ инновацияны (ағылшынның *innovation* - нововведение, новация) ескі жүйенің өзгерісі деп қарастырады. Бұл түсініктер кең мағынадағы терминдермен білім беру жүйесіндегі кез келген өзгерісті сипаттайды.

Инновация термині қазірде білім берудің теориясы мен практикасында кеңінен қолданылуда. Бірақ, ғылымда бұл терминнің нақтылы анықтамасы белгілі бір категория ретінде көпке дейін берілмей келді. Берілетін анықтамалардың көпшілігі бұл ұғымды кеңінен терең таныта алмады. Сондықтан да «Инновацияны «білім беру жүйесінде жаңалық енгізу» деп айтсақ, «Введение принципиального в образовательную систему» ұғымының мағынасын тарылтқан болар еді» – деп, жазады ізденуші Қ.Нағымжанова [30, 9-116].

*Инновация* (латын сөзі *in-в, по-vis-жаңа*) жаңа, жаңалық, жаңарту дегенді білдіреді. С.И.Ожегов сөздігі бойынша: инновация бірінші рет шыққан, жасалған, жуық арада пайда болған, бұрынғының орнын басатын, алғаш ашылған, бұрыннан таныс емес, енгізілген жаңалық ретінде қарастырылады. Үлкен энциклопедиялық сөздікте «*инновация*» ұғымы «жаңаша білім беру» деп түсіндіріледі [27, 924б].

«*Инновация*» ұғымын әр елде әр түрлі түсінген. Кейбір мемлекеттерде (АҚШ, Нидерланды) бұл термин кең тараған, ал Арабия, Жапония сияқты елдерде “инновация“ ұғымын сөздіктерде кезіктіру мүмкін емес. Сондықтан әр елде бұл құбылысқа қандай көзқарас қалыптасқанын анықтау мақсатымен ғылыми-педагогикалық, техникалық, саяси әдебиеттерді, баспа беттерін зерттеді. Ресейде, шет елдерде, республикамызда «инновация» ұғымына берілген анықтамаларды жинақтаумен қазірде көптеген ғалымдар айналысуда.

«*Инновация*» ұғымы педагогика ғылымымен бірге жасасып келеді деуге болады. Олай дейтініміз, бұл ұғым ежелгі педагогикалық еңбектерде ұшырасып отырады. Ең алдымен инновация ұғымы (латынның *in - в, novus – жаңа*) жаңарту, жаңалық, өзгерту деген мағынаны білдіреді [28, 16б].

Ресейде ғалымдардың көбі бұл ұғымды әр түрлі түсіндіреді. Орыс ғалымдары В.И.Днепровы, В.С.Лазереваның еңбектерінде «инновация» ұғымы пайда бола бастады. Олар «инновацияны білім беру жүйесінде жаңалықтарды жасау, енгізу, қолдану және тарату деп сипаттайды. М.М.Поташник, А.С.Доренсов «жаңалық» дегенді құрал ретінде, ал «инновацияны» осы тәсілдерді меңгеру үдерісі деп санайды.

Республикамызда «инновация» ұғымын пайдалану соңғы жиырма жылдықтың еншісіне тиеді. Ең алғаш болып «инновация» ұғымын қазақ тілінде анықтаған ғалым, профессор Немеребай Нұрахметов. Ол былай дейді: «Инновация, инновациялық үдеріс деп отырғанымыз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» [29, 39-44бб].

Инновацияның негізін құраушы ұғымдардың – «инновация», «нововведение», «новшество», «новое», т.б. қазақша аудармаларын жасаған К.Құдайкұлова болып табылады. Өз еңбектерінде «инновацияны» нақты қойылған мақсатқа сай салынған жаңа нәтиже деп есептеп, төмендегідей аудармалар жасаған:

Инновация дегеніміз білім беру, тәрбиелеу жұмысына жаңалықты енгізу, яғни жаңа әдіс-тәсілдерді, амалдарды, құралдарды, жаңа тұжырымдарды жасап, оларды қолдану деп анықталған.

«Инновация» ұғымын анықтайтын нақтылы анықтама әлі де жасалмаған. Көптеген зерттеу жұмыстарында педагогтар Ш.Таубаева мен К.Құдайбергенованың берген анықтамаларын басшылыққа алады, яғни «инновация» – нақты қойылған мақсатқа сай алынған жаңа нәтиже. Ш.Таубаева және С.Н.Лактионова инновацияны «жаңа түзілім» ретінде анықтайды [30, 296б].

Педагогикалық энциклопедияларда төмендегідей анықтамалар берілген: «инновация» сөзі латын тілінен енген «обновление – жаңарту», «новинка – жаңалық», «изменение – өзгеріс».

Инновация дегеніміз – білім беру, тәрбиелеу жұмысына жаңалықты енгізу, яғни жаңа әдіс-тәсілдерді, амалдарды, құралдарды жасап, оларды қолдану деп анықтаған.

К.Ж.Бұзаубақова «инновация» ұғымын зерделей келе, ғалымдардың еңбектеріне сәйкес оны ««білім беру жүйесінде жаңалық енгізу» деп айтсақ, бұл ұғымның ауқымын тарылтқандай боламыз» деген ойын білдіреді [31, 285б].

Жоғарыдағы мағлұматтарды бір жүйеге келтіріп педагогтар төмендегідей қорытынды шығарады: инновация - жаңалық, жаңаны енгізу, жаңарту үдерісі, өзгеріс, құрал, әдіс.

Г.Т.Абдуллина «педагогикалық технология» жөніндегі түсінікті оқытудың формалары, әдістері және құралдары білім беру үдерісін жүзеге асырудың инструменталді құралы ретінде қарастырылады, бірақ араласпайды немесе бір-біріне сәйкес келмейді.

Педагогикалық технология әзірлеуде оған қойылатын бір қатар жалпы талаптарды назарға алу қажет. Олар: тұжырымдылық, философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылым теориясы, тиімділік, жүйелілік, басқарылуы, өндірушілік, икемді, динамикалығы, көкейкестілігі, ақпараттылығы, адамға сәйкестілік, ізгіліктілік. [32, 69б].

Педагогикалық технологияның мазмұндық компонентін:

- *тұжырымдамалық* - мақсатқа жету құралдары, оқыту-тәрбиелеу үдерісінің тиімділігі туралы білімдер жүйесі;
- *диагностикалық* - педагогтың кәсіби-педагогикалық бет пердесі тұлғаның дербес ерекшеліктері мен білім алушылардың дайындық деңгейі;
- *дидактикалық* - оқыту мазмұны; әдістер, әдістемелік тәсілдер; ұйымдастыру формалары; дидактикалық құралдар құрайды. Біздің пікірімізше, инновация дегеніміз – білім беру жүйесін жаңартуға серпін беру, білім беруді неғұрлым тиімді ете түсудің құралы мен әдісі.

Инновация термині қазіргі таңда кеңінен қолданылуда. Терминдік сөздікте нақты анықтамасы педагогикалық тұрғыда берілмеген. Көптеген ғылыми

педагогикалық еңбектерде «инновацияны» ұғымын білім беру жүйесінде жаңалықтарды жасап шығару, игеру, қолдану және тарату іс-әрекеті деп сипаттайды. Атап айтатын болсақ Н.Р.Юсуфбекова «О педагогической инноватике» деген еңбегінде «инновация» – білім беру жүйесіндегі жаңартудың үдерісі деп көрсетеді. Инновациялық үдеріс дегеніміз – жаңалықтарды жасау, оқу-тәрбие үдерісінде қолдану [33, 20-26бб].

Педагогикалық инновациялар анықталған алгоритм бойынша жүзеге асырылады. П.И.Пидкасистый педагогикалық жаңатүзілімдерді дайындау мен жүзеге асырудың 10 кезеңін атап өтті [34, 49-54бб]:

1. Шартты аппаратты және реформаланатын педагогикалық жүйенің жағдайының өлшеуіштерін дайындау. Бұл кезеңде жаңатүзілімге деген қажеттілікті анықтау қажет.
2. Арнайы құралдар арқылы реформалауға деген қажеттілікті анықтау үшін педагогикалық жүйені жан-жақты тексеру және сапасын бағалау.
3. Педагогикалық жүйенің барлық компоненттері сараптамадан өтуге тиіс. Нәтижесінде ескірген, тиімсіз, рационалды емес деп танылып, нақты реформалануы тиіс деп бекітілуі қажет.
4. Алдын ала озық сипаттамаларға ие педагогикалық шешімдердің үлгісін іздеуде жаңатүзілімдерді модельдеу үшін қолдануға болады. Алдыңғы қатарлы педагогикалық технологиялық қорлардың сараптамасы негізінде жаңа технологиялық құрастырылымдар құруға болатын материалдар табу қажет.
5. Өзекті педагогикалық мәселелердің шығармашылық шешімдерінен тұратын ғылыми жобаларды жан-жақты талдау (интернеттен алған ақпараттар өз пайдасын тигізуі мүмкін).
6. Жалпы педагогикалық жүйенің немесе оның жеке бөліктерінің инновациялық модельдерін жобалау. Дәстүрлі нұсқаларынан айырмашылығы бар нақты қойылған қасиеттері бар жаңатүзілімдер жобасы құрастырылады.
7. Реформаның орындаушы интеграциясы. Бұл кезеңде тапсырмаларды жеке даралау, жауаптыларды және мәселелерді шешу құралдарын анықтау, бақылау формаларын бекіту қажет.
8. Еңбектің белгілі үзіліс заңының практикада жүзеге асуын дайындау. Жаңатүзілімді енгізу алдында оның практикалық маңызын және тиімділігін нақты есептеу қажет.
9. Жаңашылдықты тәжірибеге енгізу алгоритмін жасау. Педагогикада ұқсас талдап қорытындыланған алгоритмдер дайындалған. Оларда жаңартылуға немесе ауыстырылуға тиіс телімдерді іздеуге арналған тәжірибе сараптамасы, ғылым мәліметтеріне және тәжірибе сараптамасы негізінде жаңа енгізулерді модельдеу, эксперимент бағдарламасын дайындау, оның нәтижелерінің мониторингін, қажетті түзетулерді енгізу, қорытынды бақылау секілді әрекеттер бар.
10. Жаңа түсініктерді кәсіби лексикасына немесе бұрынғы кәсіби сөздікті қайта мәндендіруді енгізу. Терминологияларды қайта дайындау барысында оны практикаға енгізу үшін диалектикалық логика қағидаларына, жобалау теориясына және т.б. сүйенеді.



Педагогикалық инновацияларды лақап новаторлардан қорғау. Мұнда жаңа кіріспенің өзін-өзі ақтау және маңыздылық қағидаларына сүйену қажет. Кейде көптеген күш-жігер, материалдық құралдар, әлеуметтік және интеллектуалды күш қажеті жоқ, тіпті зиянды қайта құрушылыққа энергия жұмсалатыны белгілі. Мұндай істерден орны толмайтын шығындар пайда болады, сондықтан осындай жалған педагогикалық новаторлыққа жол бермеу керек. Инновациялық әрекеттерге ұқсас жалған новациялар ретінде мыналарды мысалға келтіруге болады: білім беру мекемелерінің маңдайша тақталарын формальды түрде ауыстыру; жаңартылған ескіні принципіалды жаңа ретінде ұсыну; абсолютті ұқсату және қандай да бір педагог-новатордың шығармашылық әдісін шығармашылық қайта өңдеусіз көшірмесін ұсыну және т.б.

Алайда, инновациялық үдерістерді жүзеге асырудың нақты кедергілері бар. В.И.Андреев мынадай кедергілерді анықтады [35, 440-441бб]:

- педагогтардың белгілі бөлігінің консерватизмі (әсіресе білім беру мекемелерінің және білім беру органдарының әкімшілігінің консерватизмі қауіпті);

- «Бізде онсыз да барлығы жақсы» секілді дәстүрлердің ізіне түсу;

- педагогикалық инновацияларды қолдау және ынталандыру үшін, әсіресе педагог-экспериментаторлар үшін қажетті педагог кадрлардың қаржылай қаражаттардың болмауы;

- нақты білім беру мекемесінің қолайсыз әлеуметтік-психологиялық шарттары және т.б.

Инновациялық әрекеттерді ұйымдастыру барысында мыналарды ескерген жөн: К.Д.Ушинскийдің ойы бойынша педагогикада тәжірибе емес (технология емес), тәжірибеден тұжырымдалған ой беріледі;

- «бөгде» тәжірибені педагог «өзінің тұла бойынан» өткізуге тиіс (өзінің психикасынан, қалыптасқан көзқарастарынан, іс-әрекет әдістерінен және т.б.) және жоғары дәрежеде өзінің жеке және кәсіби даму деңгейіне сәйкес өзінің әдісін дайындауға тиіс;

- инновациялық идеялар адамның және қоғамның нақты білім алу қажеттіліктеріне лайықты, сенімді және ақыл-ойға сыйымды болуы тиіс. Олар нақты мақсаттарға, мәселелерге және технологияларға трансформацияланған болуы тиіс;

- инновация педагогикалық ұжымның барлық мүшелерінің (немесе көпшілігінің) ақыл-ойлары мен құралдарын баулап алуға тиіс;

- инновациялық қызмет моральдық және материалдық тұрғыда ынталандырылуы тиіс. Инновациялық қызметті құқықтық тұрғыда қамтамасыз ету қажет;

- педагогикалық қызметте тек қана нәтиже емес, сондай-ақ амалдар, әдістер, құралдар және олардың жетістіктері маңызды. Педагогикада инновацияның қажеттілігіне қарамастан оларды білім беру үдерісіне енгізуге кедергі келтіретін бірқатар себептер бар, ал ол кезегінде педагогиканың дамуын белгілі деңгейде тежейді.

И.П.Подласыйдың пікірінше, егерде оқу-тәрбие беру үдерісі табиғатты қорғау қағидасына негізделсе, педагогикалық жүйе гуманитарлық бағытта жаңартылса, оқу-тәрбие үдерісінің ұйымдастырылуы оқушылар мен педагогтарға жүктеу жүргізбесе, оқу-тәрбие үдерісінің жақсартылған нәтижелеріне жүйенің бұрын соңды ашылмаған және іске қосылмаған мүмкіндіктерінің есебінен қол жеткізген болса, оқу-тәрбие үдерісінің өнімділігі тікелей қымбат құралдар мен медиажүйелерді енгізу салдары болып табылмаса, білім беру мекемесі инновациялы болып табылады [36, 400 б].

Бұл критерийлер кез-келген білім беру мекемесін оның атауына қарамастан инновациялық деңгейін нақты анықтауға мүмкіндік береді. Білім беру мекемесінің инновациялық ерекшеліктерін дәстүрлі мекемелермен салыстыру арқылы анықтауға болады.

Бұл толық емес салыстыру инновациялы білім беру мекемесі іс-әрекетінің негізін қалаушы қағидалары гуманитарландыру, демократияландыру, жеке даралау және саралау болып табылатынын көрсетеді.

Білім беру реформа шарттарында кәсіби білім берудің ерекше мәні әртүрлі педагогикалық жаңалықтар енгізуге бағытталған инновациялық қызметке ие болды. Олар дидактикалық үдерістің барлық жақтарын, оның ұйымдастыру формаларын, білім беру мазмұны мен технологияларын, оқу-танымдық қызметін қамтыды.

С.Әбенбаев және тағы басқа ғалымдар «Инновация өзінің дамуы барысында белгілі бір өмірлік сатыдан тұрады: жаңа идеяның пайда болуы; мақсат қоюшылық; тарату және жойылу» – деп айта келе, «инновациялық технологияға:

- компьютерлік технология, оған: дистанциялық оқу (ДО КТС), оқыту бағдарламасы (обучающие программы) (CD-ROM);
- ойын технологиясы: еліктеушілік-үлгілеу ойындары «Имитатио» – латын тілінде – еліктеу, бояма немесе жасанды (подделка) деген түсінік береді, жағдаятты-рөлдік ойындар (ситуативно-ролевые игры) және “дөңгелек стол” формасындағы әңгіме, пікірсайыс, пресс-конференция, т.б.;
- жоба әдісі (ізденушілік жобасы, ақпарат жобасы, пәнаралық жоба, рөлдік-ойын жобасы, шығармашылық жобасы, халықаралық жоба)» – деп топтастырып көрсетеді [37,11-166б].

Осы топтастырудан анықтауды керек ететіні – «басқа оқытудың технологиялары инновациялық оқыту технологиясына жатпайды ма?» деген сұрақтың туындауы. Айтылған ойдан инновациялық технологиялар қандай мерзімнен кейін дәстүрлі оқыту технологиясы болып табылады.

Біздің ойымызша білім берудің инновациялық технологияларына:

- білім берудің интерактивті технологиялары;
- жобалы оқыту технологиясы;
- компьютерлік технологиясы жатады.

Педагогикалық технология кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. ЮНЕСКО-ның анықтамасы бойынша, педагогикалық технология – бүкіл оқыту үдерісі мен білімді, техникалық адам ресурсын, олардың бір-біріне

өзара әсерін, білім берудегі формасын оңтайландыру міндеттерін ескере отырып меңгеруді жүзеге асырудың жүйелі әдісі.

М.В.Кларин (1989) «Педагогикалық технология – бұл педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолдарындағы қолданылатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдардың жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу реті», – деп анықтайды [38, 45-47бб].

Көптеген педагог ғалымдардың еңбектерінде оқу үдерісін «технологияландыру», бағдарламалап оқыту, тәрбиеде іске асатын білім технологиясы, дамытып оқыту контексіндегі педагогикалық технология, жаңа ақпараттық технологияның мәні, мазмұны, оларды оқу үдерісіне енгізу т.с.с. мәселелері ашып қарастырылған (Б.С.Гершунский, В.М.Монахов, Н.Ф.Талызина, В.В.Давыдов, Т.И.Ильина, Г.И.Щукина, Ж.А.Қараев, Е.И.Машбиц т.б.) [39, 55-58бб].

Педагогикалық технология дегеніміз – мақсаттар қою, оқу жоспары мен оқу бағдарламасын үнемі жақсартып отырудың, педагогикалық жүйелердің тиімділігі.

Оқыту технологиясы оқу үдерісіне қажетті әдіс-тәсілдер, амалдар, дидактикалық талап секілді психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттердің жүйелі кешені ретінде пайдаланылады. Ол балардың тәртібіне, оқуға, ынтасына, оқу іс-әрекетіне, мұғалімдердің интеллектуалдық, шығармашылық қызметі болып табылатын педагогикалық іс-тәжірибесінің нәтижелілігіне, жинақтылығына ұтымды әсер ететіндей оқу-тәрбие үдерісінің басты күре тамырының рөлін атқарады.

Педагогикалық технология оқу үдерісімен, мұғалім мен оқушы іс-әрекетімен тығыз байланысты. Қазіргі кезде әдебиеттерден заманауи білім берудің даму бағыты мен тенденцияларын қамтитын 50-ден астам педагогикалық технология қолданып жүргені мәлім. Атап айтқанда: иллюстрациялы түсініктемелі оқыту технологиясы, білім беруді ізгілендіру, проблемалы оқыту технологиясы, тірек сигналдар арқылы оқыту технологиясы, түсіндіре басқарып озат оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы, компьютерлік және ақпараттық технологиясы, жобалап оқыту технологиясы және т.б. [40, 134б].

Педагогикалық технологиялардың мынадай міндеттері бар:

1. Педагогикалық іс-әрекетінің өзекті мәселелерін білу.
2. Оқу бағдарламасының түрлендірілген нұсқауларын құрастыру.
3. Оқу модулін құрастыру.
4. Балаларға арналған тапсырмалар құрастыру.
5. Балалардың жаңа материалдарды меңгеруі бойынша деңгейленген жаттығулар жүйесін жасау.

Осы педагогикалық міндеттерді орындау үшін төмендегідей әдістер қолданылады:

- проблемалық-іскерлік ойын;
- рефлексивті-рөлдік ойын;

Педагогикалық кадрларының кәсіби қызметінде келесі технологияларды қолдану ұсынылады:

Дамыта оқыту технологиясы (Д. Б. Эльконин В. В. Давыдов жасаған бұл технология әрбір баланың индивидуалды танымдық іс-әрекетін дамытуына, өзін тұлға ретінде тануына, оқыту үдерісінде өзін-өзі анықтауға бағытталған); Ойын технологиялары; Ынтымақтастық педагогикасы (К. Д. Ушинский, Н. П. Пирогов, Л. Н. Толстой); ТРИЗ технологиясы (Г. С. Альтшуллер, А. М. Страунинг, ол шығармашылық қабілеттіліктерін дамытуға бағытталған); Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар; Балалардың денсаулығын нығайту мақсатындағы денсаулық сақтау технологиясы; Проблемалық оқыту технологиясы (Дж. Дьюи); Жобалау технологиясы (Л. С. Киселёв, Т. А. Данилин) және т.б. [41, 43-45бб].

Бұл технологияларды жұмыстың екінші бөлімінде қарастырып өтеміз. Білім беру үдерісіндегі инновациялық әрекетті төмендегідей етіп көрсетуге болады:

1. Жаңалықтар.
2. Сыртқы факторлар.
3. Ішкі факторлар.
4. Жаңалықтар нәтижесі.

Ғылыми инновациялар, алға ұмтылған үдерістер адам білімінің барлық салаларын қамтиды. Әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастыру-басқарушылық, техника-технологиялық инновациялар болып ажыратылады. Әлеуметтік инновация түрлерінің бірі педагогикалық инновациялар болып табылады.

Педагогикалық инновациялар – бұл педагогика саласында жаңа енгізілімдер, оның жеке компоненттерін, сондай-ақ жалпы білім беру жүйесінің, білім беру ортасына қалыпты элементтер (жаңашылдықтар) енгізетін, сипаттамаларын жақсартатын мақсатты бағытталған прогрессивті өзгерістер.

Педагогикалық инновациялар білім беру жүйесінің жеке қоры есебінен (дамудың интенсивті жолы), сондай-ақ қосымша күштердің (инвестициялық) – жаңа құралдардың, жабдықтардың, технологиялардың, капитал тартылудың және т.б. (дамудың экстенсивті жолы) есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.

Педагогикалық жүйелердің интенсивті және экстенсивті жолдарының қосылуы «интеграциялық инновацияларды» жүзеге асыруға мүмкіндік береді, олар әртүрлі жоспарлы, әртүрлі деңгейлі педагогикалық жүйелер мен олардың компоненттерінің тоғысуынан құралады. Интеграциялық инновациялар ойластырылған, «сыртқы» іс-шаралар ретінде емес, терең қажеттіліктер мен жүйені білуден туындайтын мойындалған қайта құрушылар ретінде көрінеді. «Жетілдірілмеген» жерлерін жаңа технологиялармен нығайту арқылы педагогикалық жүйенің жалпы тиімділігін арттыруға болады.

Педагогикалық қызметте енгізілген жаңалықтың қандай жағымды жақтары бар, ол қандай табысқа жеткізуі мүмкін, кемшіліктері жоқ па, оның салдары қандай болуы мүмкін деген сияқты сұрақтар туындайды. Білім беру үдерісінде педагогикалық инновация басқаша түрде қарастырылады.

Сонымен, біздер «Инновациялық педагогикалық технологиялар – білімді меңгерту мен практикалық іс-әрекет іскерліктерін қалыптастыруға бағытталған, мұғалім мен оқушының бірлескен іс-әрекетін қамтитын оқытудың жобалары»

деп білеміз. Ол өз кезегінде оқытуды «нәтижелі» етудің негізін қалайды деп ұғамыз.

Инновациялық өзгерістердің жүруі мен оны жүзеге асыруға педагогтардың, оның ішінде болашақ мұғалімдердің де даярлығын жетілдіру қамтамасыз етілуі тиіс. Оны соңғы жиырма жылдың көлеміндегі ғылыми зерттеулерден көруге болады. Олардың өзі министрліктен шығатын нормативті құжаттармен бекітілген. Соның ішінде мұғалімнің құзыреттілігі мен технологиялық мәдениеті мәселелері де бар.

Педагог пен баланың өзара әрекет етуі жүзеге асырылатын оқытудың интерактивті әдістерін қолдану барынша маңызды бола бастады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында әзірленген нұсқаулықта мектепке дейінгі ұйымдар педагогтарының және бастауыш сынып мұғалімдерінің әртүрлі қызметтерінде интерактивті, инновациялық әдістерінің ерекшеліктері туралы білімнің қалыптасуына, өзара әрекет ету субъектілерінің өзара бағытталған белсенділігіне, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағдарланған.

Орта мектептің бастауыш сыныптарында білім беру ұйымдарының жұмыстарына заманауи білім беру бағдарламалары мен технологияларын ендіру бойынша бірыңғай талаптар және практикалық ұсыныстармен қамтамасыз етуге бағдарланған және оқыту мен тәрбие сапасын және мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған.

Әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануға байланысты білім берудің барлық жүйесін жаңғырту үдерісі бастауыш сынып оқушыларын оқытуды ұйымдастыруға жоғары талаптар қояды, осы үдеріске жаңа, барынша тиімді психологиялық-педагогикалық тәсілдемені іздеуді қарқындатады.

Қоғамның заманауи даму сатысында инновациялық үдерістер, бірінші кезекте, баланың әлеуетті қабілеттіліктерін ашудың бірінші деңгейі ретінде мектепке дейінгі білім беру жүйесіне әсер етеді. Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің дамуы, жаңа сапалы деңгейге өтуі инновациялық технологияларды дайындаусыз мүмкін емес.

Инновациялар оқушы тұлғасына, оның қабілеттіліктерін дамытуға бағдарланған педагогикалық практикада қолданылатын жаңа әдістерді, нысандарды, құралдарды, технологияларды анықтайды. Қазақстанның заманауи даму сатысында білім беру үдерістерінде өзгерістер орын алуда: мектепке дейінгі бастауыш білім беру жүйесіндегі педагогтардың назарын балалардың шығармашылық және интеллектуалдық дамуына, эмоционалды-еріктік және қозғалыс аясын түзеуге бұра отырып, білім беру мазмұны күрделене түсуде; дәстүрлі әдістердің орнын баланың танымдық дамуын белсендіруге бағытталған тәрбие мен оқытудың белсенді әдістері басуда.

Мұндай өзгермелі жағдайда бастауыш білім беру педагогтарына оқушылардың дамуында интерактивті тәсілдемелердің көп түрлілігіне, заманауи технологиялардың кең таңдауына бейімделе алуы қажет. Бастауыш білім беру құрылымына мемлекеттік талаптар және білім беру саясатындағы инновациялық үрдістерді талдау негізінде инновациялық әдістемелік қызметті

дамыту технологиясын жобалауға және іске асыруға жаңа тәсілдемелер ұсынылды.

Қазақстанның заманауи білім беру саясатының білім беру парадигмаларының ауысуымен, жаңа педагогикалық технологияларға өтуімен сипатталуы, оқытудың дара-шығармашылық нысандар мен әдістерге бағдарлануы бастауыш білім беру жүйесіндегі педагогтардың инновациялық әдістемелік қызметінің маңызын арттырады.

Қазіргі уақытта «технология» ұғымы барлық саланы қамтушы феноменге айналды. Ол адамзаттың өмірлік іс-әрекетінің барлық сферасын (саяси технология, дизайн-технология, педагогикалық технология, қоржинақтаушы технология, денсаулық сақтау технологиясы, шығармашылық технологиясы, технология философиясы, биотехнология, нанотехнология және т.б.) қамтиды.

«Технология» термині гректің *techné* - өнер, шеберлік, іскерлік және *logos* – ілім, ғылым сөздерінен шыққан. Энциклопедиялық сөздікке сәйкес технология бұл «өндірістік өнім үдерісінде жүзеге асырылатын, шикізаттың, материалдық немесе жартылай фабрикаттың жағдайын, қасиетін, формасын өзгерту, дайындау, өңдеу әдістерінің жиынтығы» [42, 380бб]. Сонымен, «Технология» деген термин гректің түп тамыры *techné* - өнер, шеберлік, кәсіп және *logos* - ғылым, білім деген сөздерінен шыққандығын білдіріп отыр. Екі сөздің құрамы шеберлік туралы ғылым немесе ілім деген мағынаны білдіреді. Ол - өндірістік үдерістерді жүргізудің тәсілдері мен құралдары туралы білімдер жиынтығы.

«Технология» ұғымының түсінігі оны таза өндірістік сферадан алып шығып, технологияны материалдық және рухани әлемге және оның түрленуіне әрекет ететін әдістер мен құралдардың барлық жиынтығын қарастыруға мүмкіндік береді. Осылай технологияның кеңейтілген түсінігі қазіргі уақытта кең тараған («сайлау технологиясы», «білімдік технологиясы» және т.б.). «Технология» сөзі «алгоритм» сөзімен «тәсіл», «әдіс» сөздерінің синонимі болуда.

Білім беру үдерісінің нәтижелі болуы көптеген факторларға, атап айтқанда, педагогикалық жүйе құраушыларына байланысты. Оның ішінде педагогикалық үдерістің толық мәнді жобалануы мен жүзеге асырылуындағы педагогикалық технологияларға байланысты. Осы себепті де, педагогикалық технологияға, оның мәні мен мазмұнына зерттеушілер тарапынан сипаттамалар жасалады. «Педагогикалық технология» сөз тіркестерімен қатар «оқыту технологиясы» ұғымы да зерттеулерде кеңінен қолданылады [43, 203-209бб].

Педагогикалық іс-әрекет саласына «технология» деген ұғымды енгізу «индустриалдық» технология (Ф.Б.Гильбрейт, Ф.У.Тейлор және т.б.) деген идеяға негізделген және ол оқытуда техникалық жабдықтарды қолданумен байланысты. Білім беру саласындағы педагогикалық технологияның басқа бағыттары оқу материалын талдау техникасын, мұғалім мен оқушылардың оқу іс-әрекетін (Т.А.Ильина) ұйымдастыруды қарастырады. Сонымен қатар, педагогикалық технология ұстаздар мен оқушылардың аз ғана күш жұмсап ең жақсы нәтижелерге жетудің тиімді принциптері мен әдістерін анықтауға бағытталады.

Материалдық өндіріс саласында еңбек затын бірте-бірте терең меңгеру негізінде еңбек өнімінің өсуіне әкелетін жаңа технологиялар жасалса, ал білім беру саласында технологиялар ұстаз іс-әрекетінің жеке жақтарына сай жасанды, қолдан жасалған конструкциялар ретінде қарастырылады.

И.П.Подласый және басқа да ғалымдар «мұғалімге қойылатын бірінші талап оның қабілеті болуы» дейді [44, 400б].

Педагогтік қабілет – тәрбиеленушімен жұмыс жасауға бейімділігін білдіретін тұлғалық қасиеті, балаларға деген сүйіспеншілік, олармен жұмыс істеуден ләззат алу. Педагогтік қабілет кейде әдемі сөйлеу, ән айту, сурет салу, ұйымдастыра білу сияқты нақты әрекеттерден көрініс табатыны белгілі

Осы мақсатта білім беру бағдарламалары мен технологияларын ендіру кезеңдерін үш кезеңге бөліп көрсетеміз(1-кесте).

1- кестенің жалғасы елесі бетте.

Кесте-1. Білім беру бағдарламалары мен технологияларын ендіру кезеңдері.

кезеңдері	мақсат	Міндеттері	жұмыс мазмұны
Дайындық кезеңі (мотивациялық-ұйымдастырушылық).	Сабақта инновациялық технологияларды қолдану бойынша педагогикалық ұжымның қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін зерттеу.	Мектепте инновациялық педагогикалық технологиялар» диагностикасын жүргізу; мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану ерекшеліктеріне талдау жасау; -инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану бойынша жетекші педагогикалық тәжірибелер мен ғылыми-әдістемелік әдебиеттердегі мәселелердің жағдайын зерттеу.	Мектепте инновациялық педагогикалық технологиялар» диагностикасын жүргізу материалдарына талдау, қолданылатын технологиялар жұмысының ерекшеліктерін анықтау және әртүрлі жас топтарында туындайтын қиындықтарды, мәселелерді шешу жолдарын айқындау; -ғылыми-әдістемелік жұмысты, (әдістемелік, техникалық, кадрлық) жағдайында инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану мәселелері бойынша мектепте жұмыс тәжірибелерін талдау; -инновациялық педагогикалық

			технологиялар бойынша қолда бар әдістемелік материалдарға талдау жасау
Негізгі кезең (ендірушілік )	оқушының шығармашылық және интеллектуалды қабілеттіліктерін дамытуда инновациялық	Мектеп материалды-техникалық базасын нығайту және жетілдіру; мектепке дейінгі ұйымдарда әртүрлі әдістемелік шараларды қолдану арқылы	-инновациялық педагогикалық технологияны зерттеу және жүйелендіру; -оларды мектепте қолдану мүмкіндіктері мен келешегін шынайы
	педагогикалық технологияларды қолдану үшін жағдайлар жасау, педагогтардың қабілеттері мен дағдыларын дамыту	педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру; педагогтардың мониторинг нәтижелерін практикалық қызметте қолдану қабілетін дамыту; - инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану мәселесі бойынша педагогтар арасында тәжірибе алмасу жүйесін ұйымдастыру; -педагог пен балалардың бірлескен іс-әрекетінде инновациялық педагогикалық технологиясын қолдану арқылы олардың өзара әрекет ету үлгісін өзгерту.	бағалау; -инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану үшін қажетті жабдықтар мен материалдарды сатып алу; - педагогтардың түрленген қызметін қалыптастыруға және оны мектеп тәжірибесіне ендіруге бағытталған байқауларға қатысу, әртүрлі әдістемелік шараларды – педагогикалық кеңестерді, педагогикалық оқуларды, кеңес берулерді, шеберлік-класс, семинар-практикум, ашық шараларды өткізу; - әртүрлі қызмет түрлерін инновациялық педагогикалық технологияларды



			қолданумен интеграциялау; - педагогтардың кәсіби және өзіндік дамуы.
Соңғы кезең (қорытынды-лаушы)	педагогтар мен оқушылардың бірлескен іс-әрекетінде инновациялық педагогикалық технологияларды қолданудың тиімділігін қорытындылау.	педагогтарының инновациялық педагогикалық технологияны қолдану бойынша өздерінің іс-әрекет нәтижелерін бағалаудағы рефлексиясын жүргізу; педагогтардың педагогикалық тәжірибелерін жүйелеу және жалпылау; -инновациялық педагогикалық технологияны қолданумен педагогикалық үдерістердің диагностикасын, түзеуін, реттеуін қамтитын бақылау жүйесін дайындау; - педагогикалық үдерістерде	-инновациялық педагогикалық технологиялар бойынша педагогтардың тәжірибелерін жалпылау; -«Жұмыста инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану» диагностикасын жүргізу; инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану бойынша педагогтардың қызметіне талдау жасау; -инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану бойынша жұмыс бағдарламалары мен ұсыныстарын жасау;
		инновациялық технологияларды тұрақты қолдану.	-оқушылармен жұмыс жасау кезінде тиімді инновациялық технологияларды белсенді қолдану; - педагогтардың шеберлігін жетілдіру, жұмыс тәжірибесін басқа білім беру ұйымдарына тарату.

Анықталған фактілерді салыстырсақ, респонденттердің «технологияда» оқыту үдерісін ұйымдастырудың тәртібі нақтылыққа ие екендігін мойындайды.

«Әдістемеде» «педагогикалық құралдар кешені мақсатының қатаң үйлестірілуі» орын алмауы, оқыту үдерісінің, оқу материалдарының логика-құрылымдық жүйеде іске асырылуына назар аударылмайтынын, таңдап алынған кез-келген оқыту әдістемесінің өзі жан-жақты оңтайлы болмайтынын, осыған байланысты болашақ мұғалімдер қандай әдістеме тиімді болатынын таңдауда қиыншылықтарға тап боларын көрсетеді. Тіпті, «жұмыс тәжірибесі» мол мұғалімдердің де осындай жағдайларға тап болатынын айғақтайды.

Мұндағы «әдістемеде», «жұмыс тәжірибесінде» технологияның мақсатты тағайындалуы, білім құралдарының жүйелілігіне сеп болатынын көрсетулері мұғалімдердің «технология» практикада «аралық» орын алады – деп пайымдауында. Десекте, оқыту үдерісінде танымдық үдерісті басқару кезеңдерінің реттілігіне назар аударсақ, оқытуда «технология» орын алуы керектігін және оның құрылымдық компоненттері «әдістемені» шашыраңқылықтан арылтатынына, оқытуда бірыңғай технологияның (Д.Пошаев) қажеттілігіне саяды [45, 184б].

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауында Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру» қызметін көрсетуге қолжеткізуіміз керек деп атап көрсетті[46].

Сапалы білім беру қызметін көрсету – білім мекемелері мен педагогтар алдында тұрған зор әрі жауапты міндет. Білім сапасы ең бірінші мақсаттың және нәтиженің сапасы, одан кейін басқарудың, мұғалімнің, педагогикалық іс - әрекеттің, оқушының сапасы, ең соңында педагогикалық үрдістің сапасы.

Қоғамдағы білім беру үдерісінің күйі мен нәтижесін, оның ішінде жеке адамның адамзаттық, тұрмыстық және кәсіби біліктілігін дамытудағы және қалыптастырудағы қоғам қажеттілігі мен үмітіне сәйкестігін анықтайтын білім берудің сапасы әлеуметтік категория болып табылады.Сапа»-объектіні

басқа емес, дәл сол объект ететін маңызды анықтылықты, айқындалғандықты көрсететін философиялық категория. «Сапа»-объектілердің объективті және жалпылама сипаттамасы және олардың қасиеттерінің жиынтығы ретінде бейнеленеді [47, с. 567]. Объектінің орнықты, тұрақты және оның мәнін анықтайтын, сипаттамаларын құрайтын қасиеттері объектінің сапасы деп аталады.

Кестеніңжалғасы келесі бетте.

Кесте – 2. Білімді, оқу материалдарын меңгеру деңгейлері

Б.Блум	В.П.Симонен	В.П.Беспаль	В.Н.Макси	М.Н.Скатки	О.Е.Лебед
бойынша:	ко бойынша	ко бойынша	мова бойынша	н бойынша	ев бойынша
білу	айырмашылы	оқу (тану)	тану	ұғымдарды	
(білім, есіне	қт ы табу			(түсінгенді) айтып беру	хабарыны ң болуы

сақтау)					
түсіну	есте сақтау	алгоритмдік (типтік тапсырмаларды/міндеттерді шешу)	есте сақтау	ұғымды тану	функциональдық сауаттылық
қолдану	түсіну	эвристикалық (әрекетті таңдау)	түсіну	ұғымды қолдану	сауаттылық
талдау (саралау)	қарапайым іскерліктермен дағдылар	шығармашылық (әрекет іздеу)	қолдану	ұғымдар жүйесін айтып беру	құзыреттілік
жинақтау	тасымалдау			ұғымдар жүйесін қолдану	
бағалау					

Оқу материалдарын меңгерудің әрбір деңгейін кеңінен ашып көрсетуге болады. Біздің зерттеуіміз түсіну деңгейі болғандықтан Б.Блум бойынша түсіну білу деңгейінен соң екінші орналасқан. Ал В.П.Симоненко бойынша түсіну деңгейін үшінші ретте көре аламыз. Оқушы оқу материалдарын меңгеруде оларды ажыратып, тек айырмашылықтарын табу деңгейінде меңгерсе, сонан соң сол ажыратқанды есте сақтайды деп біледі. Есте сақтау деңгейінен соң түсіну деңгейінде білім меңгереді екен. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне ендіріліп жатқан Б.Блумның оқу мақсаттары (оқыту нәтижелері) біздің зерттеуімізде басшылыққа алынады және төменде кеңінен ашып жазылады. Педагогикалық әдебиеттерді зерделеуге сәйкес оқыту мақсаттарының негізгі категорияларын және оқыту мақсаттарының жалпыланған типтерінің мысалдарын төмендегіше сипаттауға болады. Білім деңгейі (танымның төменгі деңгейі).

Қайталау немесе тану арқылы мәліметтердің есте қалай сақталғанын тексеру, мағлұмат пен деректерді еске түсіру арқылы жүзеге асырылатын категория. Бұл деңгейде тестілеу, қалдырып кеткен белгілерді орнына қою,

анықтамалар мен атауларды жаттау немесе қайталау, процестердің өрбу немесе орын алу тәртібін қайталау сияқты тапсырмалар қолданылады. Оларды орындағанда оқушылар оқу материалын мұғалімнің айтқанын немесе оқулықта берілген түрде бұлжытпай қайталап беруге тырысады. Олардың басты мақсаты – ақпаратты жадында сақтау және іздеу болып табылады.

«Білім» деңгейі – таным мен ойлаудың басқа деңгейлерінің негізін құрайды, өйткені онсыз қалғандарының болуы, жүзеге асырылуы екіталай. Мәселен, көбейту кестесін немесе қажетті формулаларды жатқа білмей, есеп шығарумен айналысуға болмас; Абайдың өлеңін жатқа білмей оның көркемдік ерекшеліктері мен оқырманның ішкі жан дүниесінде қандай сезімдер тудыратындығы туралы ой толғап немесе шығарма жазу мүмкін емес.

Алайда педагогтар бұл деңгейге асыра назар аударып, оны оқу процесінің, оның ішінде сабақтың негізіне айналдырады. Зерттеушілердің айтуы бойынша, орташа есеппен алғанда сабақтың 80% есте сақтау мен жаттау, қайталау мен тану тапсырмалары құрайды екен. Ал бұл жәйт келесі проблемаларға алып келеді:

1. Қайталау немесе жаттау тапсырмалары оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарының бәсеңдеуіне алып келеді.
2. Оқушылар сабақтың тақырыбына ынтасын қоймайды.
3. Бұл деңгейдегі сұрақтардың бір ғана дұрыс жауабы бар болғандықтан, олар оқушылардың ой толғау, пікірлесу мен пікірталасты қажет етпейді де, оқушылардың ойлау қабілеті мен коммуникативтік дағдыларының дамуына кері әсер етеді.
4. Бұл деңгейде берілген тапсырмаларды орындау қайталауға негізделгендіктен, оқушыларда өзіндік ой мен идея, пікір мен көзқарас, тұжырым мен дәлелдер қалыптаспайды да, ал ол өз кезегінде олардың дербес тұлға ретінде дамуына қолғабыс тигізбейді.

Түсіну деңгейі (танымның орта деңгейі).

Түсіну дегеніміз ақпаратты таныс, анық күйге (формаға) ауыстыру арқылы өзіндік түсінік қалыптастыру. Бұл деңгейде оқушылар мағлұматты тек есте сақтамайды. Олар мәліметтерді басқа таныс жүйеге түрлендіреді, есте сақталған мағлұматты басқаларға жеткізу жолдарын айқындайды, ұқсастықтар пен айырмашылықтарды анықтайды, салыстырады, нәтижелерді суреттейді. Мәселен, мектепте жиі қолданатын «Шығарманы (анықтаманы, ережені) өз сөздеріңізбен айтып (түсіндіріп) беріңіздер» тапсырмасы түсінік деңгейін көрсетеді.

Бұл деңгейдегі тапсырмалар «Білім» деңгейімен салыстырғанда, оқушылардан белсенділікті талап етеді. Олар ақпаратты өздеріне түсінікті әрі таныс жүйеге көшіріп, түрлендіреді де, сол арқылы оны есте сақтауды едәуір жақсартады.

Түсіну категориясы төрт топқа бөлінеді.

1. Түсіндірме (интерпретация) – екі объектінің ерекшеліктерін салыстырғанда, ұқсастырғанда немесе бір-біріне қарсы қойғанда, оқушылар оларға белгілі бір мағына беру арқылы өздерінің түсінгенін көрсетеді.

Интерпритация әдетте «Қалай?» «Неліктен?» сұрақтарына жауап беру мен

«Салыстырыңыздар», «Айырмашылығын көрсетіңіздер» тапсырмалары арқылы жүзеге асырылады. Бұл тапсырмалардың мысалын қосымшада көруге болады.

2. Аударма (трансформация) – оқушылар оқу материалдарының мағынасын сақтайды да, идеяларды өздеріне оңтайлы, түсінікті жүйеге немесе формаға ауыстырады.

Трансформация мынадай тапсырмаларды қамтиды: график немесе функцияны оқып беру, математикалық формуланы сөзбен келтіру, теореманы формуламен көрсету, суретті немесе схеманы түсіндіру, мәліметті өз сөзімен мазмұндау немесе қысқаша келтіру, сөзбен берілген мәліметті кесте (таблица), график, диаграмма түрінде көрсету.

3. Мысалдар – оқу материалдарын, ойды дұрыс түсінгендікті көрсету үшін тәжірибеден алынған фактілерге жүгінеді, мысал ретінде келтіреді.

4. Анықтамалар – атау немесе түсініктің мағынасын өз сөзімен жеткізу, таныс және түсінікті сөздермен анықтама түрінде тұжырымдау.

Оқушылар оқулықта немесе сөздікте берілген анықтаманы жатқа айтпайды, өзіндік тұрғыдан ұғым немесе құбылыстың анықтамасын өздеріне таныс әрі түсінікті сөздермен құрастырады.

Қолдану деңгейі (танымның орта деңгейі).

Қолдану - қандай да бір проблеманы (мәселені) шешу үшін мәліметті іс жүзінде қолдану, жүзеге асыру. Бұл деңгейде оқушылар мұғалімнің көмегінсіз таныс емес проблеманы өздігінше шешуі керек. Мұнда қорытынды нәтиже (мысалы, проблеманың шешімі) маңызды мәселе болып қалмай, сонымен бірге шешім іздену процесінің өзі де маңызды болып танылады.

Қолдану деңгейінде оқушылар тарапынан келесі әрекеттер атқарылады:

1. Проблемамен танысады.

Проблема мүлдем таныс болмағандықтан, ол жан-жақты қарастырылады.

Бұл әрекет «Білім» деңгейіне сәйкес келеді.

2. Проблеманың ерекшеліктерін анықтайды.

Проблема басқа да ұқсас мәселелермен салыстырылып, сол арқылы оның ерекшеліктері айқындалады. Бұл әрекет «Түсіну» деңгейіндегі қимылдарға ұқсас.

3. Шешім қабылдайды.

«Қалай жасаймын?», «Не істеу керек?» деген сұрақтарға жауап беріледі.

4. Шешімді жүзеге асырады, қолданысқа түсіреді.

Бұл шешім анықтама, ереже, формула, теңдеу күйінде келтірілуі мүмкін. Бұл деңгейге келесідей тапсырмалар мен сұрақтар жатады:

- Қалай қолдануға болады?

- Өздеріңіз жасап көріңіздер.

- Не білгіңіз келеді?

- Қалай жасау керек?

- Таблица, кесте, график жасаңыздар. Талдау деңгейі (танымның жоғары деңгейі).

Егер «Қолдану» деңгейі шешім қабылдау үшін құрамдас бөліктерді біріктіруді меңзесе, «Талдау» деңгейі, керісінше, бүтін, тұтас нәрсені оның қалайша құрылғандығын түсіндіру мақсатында құрамдас бөліктерге бөлуді

нұсқайды. Бұл деңгейде зерттеу нысанасының (күрделі процесс немесе объект) әртүрлі бөлшектері белгілі бір нәтижеге жету үшін қалайша бірге жұмыс істейтіндігін көрсету қажет.

«Талдау» деңгейінің «Түсіну» деңгейіне ұқсастықтары бар. Алайда түсінумен салыстырғанда талдау мәліметті терең өңдеумен, игерумен ерекшеленеді. Түсінік – нәтижені суреттеу, сипаттау, ал талдау – нәтижеге қалайша жеткендікті түсіндіру.

Талдау сұрақтары мен тапсырмаларының түрлері келесідей болады:

1. Негізін тану – ауқымды әрі бүтін құрылымды құрамдас бөліктерге жіктеу, сол арқылы берілген мәліметті әрі қарай дамыту.

Мұнда мәліметтің негізгі бөлімдері арасындағы қатынастарды көрсету үшін оның берілген ауқымынан, шеңберінен тыс шығу керектігі меңзеледі. Бұл үшін алдымен мәліметті (ақпарат, проблема, ұғым, құбылысты) құрамдас бөліктерге жіктеп, оларды бір-бірімен салыстырып, айырмашылығын айқындау керек. Осыдан кейін әрбір бөліктің ерекшелігі, мақсаты мен міндеті анықталып, оларды белгілі бір сипаттар не талаптар бойынша түрлерге (кластарға) ажыратады.

Талдаудың бұл түріне келесі тапсырмалар жатады:

- Процестің қай кезеңдері нәтиже тұрғысынан маңызды болғандығын көрсетіп, дәлелдеңіздер.

- Өз әрекеттеріңізді тағы да сараптап, қай жерлерде ұтымды болғандығын анықтаңыздар.

- Өз қателеріңізді анықтап, оларды түзетіңіздер.

- Құрамдас бөліктердің өзара қатынасын сипаттап, олардың әрқайсының алатын орны мен маңызын анықтаңыздар.

- Құрамдас бөліктерді сипаттап, олардың қалайша бүтін құрастырып, қорытынды нәтиже сомдайтындығын дәлелдеңіздер.

2. Астарлы мағынаны ажырату - екі тұжырымның өзара қатынасын көрсету. Бұл қатынастар тура көрсетілмеген немесе айтылмаған тұжырымдарды, ассоциацияларды, нәтижелер мен салдарды келтіру арқылы көрсетіледі. Мұнда мәліметтің жасырын, астарлы ұғымы мен мағынасын айқындау керек.

3. Мотивация – «Неліктен? Не себепті?» деген сұрақтарға жан-жақты жауап беру арқылы қозғаушы күштер мен себептерді айқындау.

5) Синтез деңгейі (танымның жоғары деңгейі).

Синтез - жаңа мазмұн мен бүтін ұғым (түсінік, құбылыс, құрылым) тудыру мақсатында жеке бөліктерді (элементтерді) шығармашылықпен біріктіру.

Синтез шығармашылық процестерді білдіреді. Мұндағы зерттеу жұмыстары «Қолдану» деңгейіне де, синтезге де жатуы мүмкін. Бірақ

«Қолдану» жаңа ұғымды құрастыруды талап етпейді, ал синтез үйренушінің жеке тәжірибе негізінде жаңалық енгізуді, жаңаша шешімді келтіруді меңзейді.

Синтез - «жинақтау» деген ұғым, ол болжау, шарттылық, мүмкіндік ұғымдарын қолданып, құрамдас бөліктердің қалайша бірігіп, жаңа мазмұн, құрылым, модель құрайтындығын көрсетеді.

Синтездің келесідей түрлері болады:

1. Шығармашылық жанрлар – эссе, өлең, жоба, баяндама, шығарма, шешендік (ораторлық) сөз, сценарий, компьютерлік бағдарлама, т.б.
2. Жоспар құрастыру, әрекеттердің тәртібін келтіру немесе тәжірибе өткізу.
3. Абстрактылы қатынастармен көрсетілетін нәтижелер. Мәселен, әртүрлі құбылыстарды бақылау нәтижелерінің негізінде жаңа моделдер құрастыру: бұл қандай да бір ғылыми болжам келтіретін гипотеза болуы мүмкін.
- б) Бағалау деңгейі (танымның жоғары деңгейі).  
Бағалау – күмәнді, даулы және пікірталас туғызатын мәселелер бойынша шешім қабылдап, оны нанымды дәлелдер арқылы айғақтау. Мұнда да шығармашылық әрекеттердің маңызы зор.  
Бұл деңгейде оқушылар өз жауаптарында дәлдік, нақтылық, логикалық жүйе, дәйектілік секілді талаптарды қолданады, сөйтіп олар өздерінің таңдау жасап, шешім қабылдай алатындығын көрсетеді.  
Бағалауда оқушылар алдымен өз ойлары, идеялары, пайымдаулары қандай талаптар (критерийлер) негізінде құрастырылатындығын анықтап, содан кейін осы талаптарды қолдана отырып, өз ойларын келтіреді. Бұл талаптар үйренушілердің 1) қандай мәдени және әлеуметтік құндылықтар таңдағанына, 2) діни-рухани және тарихи идеалдарына, 3) жеке басының тұлғалық ерекшеліктері мен құндылықтарына негізделеді .  
Оқушы бағалау тапсырмаларын орындауда келесі әрекеттерді атқарады:
  1. Өз позициясының (идея, пікір, түсінік) дұрыс-бұрыстығын анықтап, оныжан-жақты пысықтайды.
  2. Өзінің дербес көзқарасын қалыптастырып, тұжырым ретінде келтіреді.
  3. Өз пікірін негіздейді, жақтайды: дәлел келтіреді, сілтеме жасайды, қорғайды.
 Білімді қалыптастыру және сапасын арттыру оқыту үдерісін жетілдіру негізінде жүзеге асырылады. Жоғарыда келтірілген деңгейлерге сәйкес оқушының ақыл-ой (ойлау түрлерінің) қызметінің, ақпаратты амал жасауының артатынын көруге болады. Бұл дегеніміз білімді меңгеру деңгейі мен (Б.Блум бойынша) білім сапасының байланысын көрсетеді. Білімді меңгеру деңгейі, соның ішінде танымның орта деңгейі яғни түсіну деңгейі біздің зерттеу жұмысымыздың негізі болып табылады.  
Оқу материалдарын түсіну, меңгеру оқу мақсаттарымен тығыз байланысты. Мұғалімнің оқыту барысында оқушының білім игеру деңгейін негізге ала отырып, оның оқыту мақсаттарын дұрыс қойып, оқушыларға оқу мақсаттарын сатылап игертуі түрінде жүзеге асқанда ғана өз нәтижесін береді.  
Келесі тақырыпта сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқушыларының түсіну деңгейіндегі білімін қалыптастырудың ерекшеліктері мәселелері қарастырылады.

## 1.2 Сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқушыларының түсіну деңгейіндегі білімін қалыптастырудың ерекшеліктері

Бүгінгі таңдағы білім беру – өсіп келе жатқан ұрпақтың сыни тұрғысынан ақыл-ойы мен дамуының, мәдениетінің деңгейін анықтаушы фактор. Мемлекетіміздің елбасы Н. Ә. Назарбаев айтқандай, экономиканың қарқынды дамуы үшін қазіргі нарық қатынасы талаптарына жауап бере алатын, сыни ойлана алатын, шығармашыл акме-креативті тұлғалар қажет.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген.

Мектеп және жоғары оқу орны - еліміздің білім беру жүйесі ғылыми білімді, сын тұрғысынан ойлауы дамыған, дені сау және адамгершілікке тәрбиеленген адамдарды қалыптастыруға тырысатындығы бәрімізге мәлім. Бұл міндет өте маңызды және сын тұрғысынан ойлау арқылы акме-креативтілік қабілеті қалыптасқан жеке тұлғаны өсіру қажеттілігі қоғамда да, әлемде де күннен-күнге өсуде. Әртүрлі саладағы мамандар, қоғам мүшелері, ақпарат құралдары барлығы қазіргі кездегі маңызды мәселелердің бірін көріп отыр. Сонымен қатар Қазақстан қоғамындағы өзекті мәселелердің бірі өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге дайын ғана емес, айналасындағы шынайы өмірге белсенді қатынасын байқатып, оны жақсартуға ықпал ете алатын, сын тұрғысынан ойлау белсенділігі бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының сыни тұрғысынан ойлау арқылы акме-креативтілік қабілеті қалыптасқан жеке тұлғаны ойлауын арттыруына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы сын тұрғысынан ойлаудың нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген АҚШ ғалымдары Джинни Стилл, Куртис Мередит. Бұл жоба атақты ғалым зерттеушілер Ж. Пиаже мен Л. С. Выготскийдің даму теорияларын басшылыққа



алады. Аталмыш жобаның негізгі идеялары мен қағидаларына тоқтала кетсек: жеке тұлға өзіне керекті, өз өміріне жарата алатын ақпаратты таңдай біліп, оны өздігінше игеруге көмек болатын әмбебап тәсілдерді үйренуі керек. Ал, жеке тұлға белсенділігін қандай тәсілдер арқылы арттыруға болады (өйткені оқытудың сапасы осы мәселеге тікелей байланысты емес пе?) деген сұраққа байланысты «Сыни ойлауды дамыту» жобасы авторлардың бірі Ч. Темпл [48,146] төмендегідей әдістерді ұсынады:

- күтілетін нәтижелерді нақты айқындау;
- жазба жұмыстарын жиі орындау;
- жеке тұлғаның ой-өрісін, белсендіретін сұрақтар қою;
- бірлесе оқу тәсілдерін қолдану;
- оқыту пәндерінің әлеммен, күнделікті өмірмен байланысын орнықтыру.

Қазақстанда сын тұрғысынан ойлауды дамыту жобасы ХХ ғасырдың 90 жылдарында оқытушылар үшін әйгілі бола бастады. Мазмұны жағынан бұл бағдарлама оқыту әдістері бағытының бірі болып табылады. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасы – RWCT ағылшынша Reading and Writing for Critical Thinking, яғни орысша аударғанда «Развитие критического мышления через чтение и письмо». RWCT жобасында сабақ құрылымы анық көрсетілген және студенттердің әрекеттері үшін нақты стратегиялар беріледі. Біздің елімізде Джордж Соростың ашық қоғам институты, «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады [49,66].

### **Сын тұрғысынан ойлау қабілетінің өсуінің өлшемі.**

Студенттердің сын тұрғысынан ойлау қабілетінің өсуіне байланысты, төмендегідей төрт өлшемге прогресс болатынына біз сенеміз.

Жекешеден	<u>Жалпыға</u>
гетерономдықтан	<u>автономдыққа</u>
интуитивтіхтен	— <u>логикалыққа</u>
бір көріністен	көп көріністерге
<u>Жекешеден-</u>	<u>жалпы өлшемге.</u>

Жасөспірім балалар өмірдегі құбылыстарға не «ұнайды», не ұнамайды» деген терминдермен баға береді. Өмірлік тәжірибе жинақтап өсу барысында олар өз әсерлерін басқаларға да түсінікті дәрежеде жақсырақ, айқынырақ дәрежеде білдіру қабілетіне ие болады. Олардың пікірі басқа пікірлермен салыстырылуы, дискуссияға түсуі мүмкін, бірақ, сол берілген баға тұтастай іске алғысыз етіп тасталмайды. Джейм Бриттон және басқа да ғалымдар айтқандай қандай бір тақырыпқа байланысты жеке пікіріннің болуы ойлау жүйенің шынайылығы секілді сенін өмірге деген бейімділігінің қайнар көзі болып есептеледі. Дегенмен де біз, білімді адамды, өз ойын басқа адамдарға тіпті бейтаныстар болсын анық әрі ұғымды түрде жеткізе білуіне қарай бағалаймыз.

Қазақ мектептерінде дидактикалық міндеттерді шешуде Ы. Алтынсарин үлкен үлес қосты. Ы. Алтынсариннің оқытушы міндеттері туралы, қалай оқыту керек,

калай оқу керек деген талаптарды біздің зерттеулерімізде маңызды болды. Ы. Алтынсарин: «Білімгерлермен қысқа, ашуланбай, байсалды сөйлесу, әрбір пәнді бар пейілмен және қарапайым тілмен түсіндіру керек, оқытушы жан-жақты, білімді, өз ісінің шебері болуы қажет», -дейді [50,96]. Қазақтың көптеген педагог-ғалымдары да білімгерлердің танымдық қызығушылығын тудыра отырып, танымдық белсенділігін дамытуда құнды пікірлер айтты.

Ойлау үрдісін түсіндіретін белгілі теорияларға тоқталатын болсақ, ең алдымен бұл тұжырымдамаларды екі үлкен топқа бөлуге болады: *бірінші топқа* жататын тұжырымдаманың өкілдері адамдарда өмір тәжірибесінің әсерімен өзгермейтін табиғи сын тұрғысынан ойлау қабілеттердің болатындығы туралы қағидадан туындайды, *екінші топтағы* тұжырымдаманың негізіне ақыл-ой қабілеттіліктері өмірге келгеннен кейін өмір бойы қалыптасады және дамиды түсінікті жатқызады.

Бірінші тұжырымдамалар бойынша сын тұрғысынан ойлау қабілеттер және интелектінің өзі жаңа білімді алу мақсатында қабылдау мен ақпаратты өңдеуге қамтамасыз ететін ішкі құрлымның жиынтығы ретінде анықталады. Екінші теорияға қарама-қарсы интелектінің генетикалық тұжырымдамалары бойынша ақыл-ой қабілеттері туғаннан берілмейді, өмірге келгеннен кейін қалыптасады және дамиды деген қағиданы пайымдайды.

А. Н. Леонтьев адамзат ойлауының жоғарғы түрінің сипатын, әлеуметтік тәжірибенің, оның дамуының мүмкіншілігін атай келіп былай деп жазды: «Человеческая мысль не может существовать вне общества, вне человеческих знаний, накопленных вне языка, и вне установленных ими способов мышления и действий» [51,10б.]. Ойлаудың іс-әрекеттік теориясы білімгерлерге оқыту және ақыл-ой дамуымен байланысты көптеген практикалық міндеттерді шешуге көмектесті. Олардың бәрін ойлаудың дамыту теориялары деп қарастыруға болады. П. Я. Гальперин білімгерлер интелектісін қалыптастыру теориясын талдады, ол теория оқыту психологиясының ғылыми тұрғыдан негізделген практикалық теориялардың бірі ретінде практикалық жағынан кеңінен қолдау тапты. [52,17-25с.]

Атақты ғалым Л. С. Выготский өзінің психологиялық үрдістерін түсіну және игеру «через дверь научных концепций» деген еді. [20,32с.] Ойлау үрдістерін өз бетімен ұйымдастыру ең алдымен бірлескен оқу әрекетінде пайда болады. Студент әрекетінің мақсаттары, құралдары мен шарттарының арасындағы қатынасты біртіндеп түсіне бастайды. Л. С. Выготский тұлғаның ақыл-ой дамуының екі деңгейін актуалды даму деңгейі және жақын арадағы даму аймағы, атап көрсетті. Ескі көзқарастан айырмашылығы, жақын арадағы даму аймағы туралы ілім қарама қарсы қағиданы ұсынуға мүмкіншілік береді, тек ол дамудан ілгерілеп алға озып отырса сондай оқыту жақсы болады. Оқытудың маңызды белгісі болып табылатын оқыту дамытудың таяу арадағы аймағын жасайды, білімгер оны өмірге шақырады, дамудың көптеген ішкі үрдістерін талпындырады және қозғалысқа келтіреді [53,12-19б.].

Оқытудың негізгі міндеті ғылым негіздерін білімгелердің белсенді және берік, саналы және жүйелі меңгеруді қамтамасыз етуі. Мысалы, Л. В. Занков талдаған оқытудың дидактикалық жүйесі көпшілікке белгілі. Бұл жүйе

теориялық білімдердің өзіндік салмағын арттыру, қиындықтың жоғары деңгейінде оқыту және материалды тез қарқынмен өту қағидаларына сүйенеді. Оқытудың екінші жүйесін Д. Б. Эльконин және В. В. Давыдов жетекшілік еткен бір топ психологтар зерттеді. [22,33с.] Оқытудың бұл жүйесі ойлаудың ғылыми теориялық түрін тәрбиелеуге арналған. Бұл нақтылы меңгергенде ғана мүмкін. Сонымен қатар шәкірттерде ғылыми-танымдық ойлаудың негіздері қаланады. Оқыту психологиясындағы зеттеулердің негізгі бағыттары білімгерлер белсенді өз бетімен және сын тұрғыдан ойлауын, білімдерді танымдықпен қолданудың қабілеттілігін қалыптастырудың әдістерін іздестіруге байланысты.

Қазіргі таңда оқушыларға сапалы білім берудің тиімді жолдарын іздестіру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Мәселен,, қазіргі кезде бастауыш мектепте оқыту мазмұнын жаңарту жұмыстары жүргізіліп, оқыту, тәрбиелеу, дамытудың жаңа мүмкіндіктері ашылуда. Жаңа технологияны меңгеру, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Бір технологияның өзі атқарушылардың шеберлігіне байланысты әр қилы жүзеге асырылуы мүмкін

Білім сапасын арттыру, болашақ ұрпаққа мемлекеттік стандарт деңгейінде білім беру-ұстаздардың негізгі міндеттерінің бірі. Білім берудің сапалы болуы оқушылардың мүмкіндігінің деңгейіне ғана емес, олардың білім алуға деген қызығушылығын қалыптастыруға да байланысты. Сондықтан оқушының білімге деген қызығушылығын жоғарылату-оның жеке тұлғалық қажеттілігі мен қызығушылығын білу және осы ерекшеліктерге сай жағдай мен мүмкіндік туғыза білуде.

«Түсіну» ұғымы философия саласында пайда болған, қазіргі кезде жалпы психологияның бір саласы, көптеген ғылымдардың зерттеу объектісі болып есептеледі. Түсіну психологиясы ХХ ғасырдың 90 жылдары пайда болған.

Түсіну психологиясын жаңа ғылыми бағыт ретінде қалыптастырған психология ғылымдарының докторы, профессор В.В. Знаков болды [5]. Қазақстанда түсіну психологияның негізін қалаушы профессор Ким А.М [6].

В.В.Знаков бойынша түсіну дегеніміз бұл «операционалды мағына » қалыптастыру болса, ал С.Л. Рубинштейннің субъекттік амалы түсінуді жүйелі қарастыруға мүмкіндік беріп, түсінуді – танымдық қатынас ретінде қарастырды. Дәлірек айтқанда, танымдық қатынас=объективті бейнелеу+қатынас [14,556].

Дильтей: «Түсіну - жеке дара сананың қайталанбас феномендері. Түсінуді экспериментте зерттеуге, дәлелдеуге болмайды» деді [9,896].

С.Л.Рубинштейн, түсіну – объективті құбылыстарды бастан кешіру. Білім мен сезімнің бірлігі. Эксперимент арқылы түсіну процессін зерттеуге болады деген тұжырым жасады [14,556].

Түсінудің бірінші және ең қарапайым түрі - тану. Бұрынғы кеңес психологиясында түсіну туралы бұл көзқарас Л.С.Выготскийдің теориясында айқын көрінеді [11,866].

Гераклиттің тұжырымы бойынша, түсіну бұл жеке дара - ерекше үрдіс. Бұл үрдіс әр адамда әр түрлі өтетін ерекше жеке сананың феномені.

Таным теориясында (гносологияда) М.М.Бахтин, түсіну мәселесін талдай келе, төмендегілер сияқты қарапайым актілер жайлы айтады:

-физикалық белгінің психофизиологиялық қабылдауы (сөздер, түстер, кеңістіктегі пішіндер);

-оны тану (таным немесе бейтаныс ретінде). Оның (жалпы) тілдегі қайталау мағынасын түсіну;

-осы мәнмәтіндегі оның мәнін түсіну (жақын және анағұрлым алыс);

-белсенді-диалогтық түсіну (дау-келісім). Диалогтық мәнмәтінге қосылу.

Түсінудегі бағалау сәті және оның тереңдігі мен әмбебаптылық деңгейі» [8,116].

«Түсіну» таным теориясының жеке саласы емес, – жалпы гуманитарлық білімнің («рух туралы ғылым») іргетасы деп санайтын тезисті жүйелі дамыту – деген Дильтейдің еңбегі болатын [9,396].

Білімді жан-жақты меңгеру және түсіну үшін оқу материалын қабылдау – бақылау жеткіліксіз. Одан әрі оқушылар қортындылар жасауға тиіс. Бұл оқушылардың білім мазмұнын жете түсініп, ұғынуы және белсенді де терең ойлау әрекетінің нәтижесінде ғана жүзеге асады. Түсіну психологиялық процесс. Сондықтан «түсіну» дегеніміз не екенін анықтап алайық. Энциклопедиялық сөздіктерде «түсіну» ұғымына былайша анықтамалар береді: Түсінудің мақсаты адамдардың өзара қарым-қатынаста, ақпараттық кеңістікте өз орнын, қоғамдық және мәдени ортада, өзіндік ой-пікірінің лайықты мүмкіндіктерін анықтаға мүмкіндік береді. Түсіну басқа адамның амал-әрекетінің, ой-пікірінің мазмұнын ұғынуда, кез келген ақпаратты қабылдап, оған лайық ой түйю арқылы жүзеге асады. Өзіндік ой-пікір тұжырымдау, қарым-қатынасқа түсу өзгенің ой-пікірін, көңіл-күйін, мақсатын түсінбей тұрып жүзеге асуы мүмкін емес. Сондықтан түсінудің шарты өзгемен санасу, оны мұқият тыңдау.

Түсіну - бұл ең алдымен мәнге терең үңілу, ол білімге әкеледі. Ал мәннің өзін түсіну әр қисынды болып келеді, көркем бейнені түсіну мен ғылыми тексті түсінуден өзгеше.

Түсіну - бұл процесс те, сол сәтте бірдененің мән-мағынасын тануда.

Түсінудің мұндай анықтамасы тұрғыдан қарастыруға оны екі мүмкіндік береді:

- табиғи және (формальное) нысаншылдық тілдерді логикалық және семантикалық тұрғыдан түсінуді білдіреді, бұл аналитикалық философияға тән, жалпы әлемнің модельдері арқылы;

- текстер мен мәдени құбылыстарды түсіндіру процедурасымен байланысты, оның мақсаты шындық дүниені және адамның танымының ерекшеліктерін түсіну.

Түсіну - адамның теориялық және тәжірибесіндегі танылатын шынайылықтың құбылысы мен пәндік қасиеттерін анықтауға бағытталған ойлау процесі десе, енді бірінде түсінуді - туындаудың объективті процесінің ойша қабылдауы және мақсатты бағытталған пәннің қалыптасуы деп көрсетеді [54].

Адамның ойлау әрекетінде шындықтағы заттар мен құбылыстардың негізгі қасиеттеріне, ерекше белгілеріне, мәніне түсіне білудің маңызы зор. Түсіну

арқылы біз айналамыздағы заттардың себеп-салдарды байланыстарын, бір - біріне тәуелділігінің шығу тегі мен даму жолын ажыратамыз. Түсінудің басы – шындықтағы заттар мен құбылыстарға танысудан, көріп, білуден басталады. Өйткені қандай нәрсені болмасын «ұғыну үшін, ұғынуды, зерттеуді эмпириялық жолмен бастау қажет.

Түсіну дегенмен күрделі ой жұмысын керек етеді. Мәселен, «Бұл не ?» деп сұрақ қоюдың өзі де түсінудің қарапайым формасы, ал «Бұл қалай және қайда пайда болды?», «Бұл не үшін жасалынды?» деген сұрақтарға жауап беру арқылы шындықтағы құбылыстардың негізгі белгілерін, олардың байланыстарын ашу осы түсіну қабілеті болып табылады [55].

Түсіну – ойлау іс - әрекетінің нәтижесінде құбылыстың немесе белгілі бір оқиғаның мағынасы жайлы жалпы ой-тұжырымға келу. Түсінудің мүмкіндіктерімен түрлі құбылыстардың себеп-салдарын, елеулі белгілерін, өзара байланысын, маңызы мен мағынасын ұғынуға болады [56].

Мәселені дұрыс түсіну үшін адамға тиянақты, саналы білім, ақыл-парасат, дағды қажет. Мәселенің негізгі мәнін іздеу, түйінін шешетін сұрақ қоя білу, дәл тұжырымдау, жалпылау, топтастыру, т.б. шарттарды орындау арқылы түсінуге қол жеткіземіз.

Философия ғылымы біздерге түсінуді анықтауға мүмкіндік бере қойған жоқ. Себебі философия жеке қатынасын танудан алшақ гносеологиялық аспектілерді зерттейді. Алайда, бір қызығы, ол туралы жоғарыда келтірілген айқын анықтамалар көрсеткендей, түсіну қатынасында философия анық психологиялық кеңістікте ашық түрде бұрмаланып кетеді. Түсіну туралы психологиялық ғылым не ұғым беретінін қарастырайық. Әртүрлі авторлармен ұсынылған көптеген анықтамалар мен сипаттамаларда әр түрлі көзқарастарға сүйене отырып түсінуді сипаттайтын екі аспектіні ерекшеліндіруге болады. Бірінші жағдайда қоршаған әлем объектілерінің бойында түсінудің объективті қасиеттері, байланыстары мен құбылыстар танымына бағытталғаны көрсетілген. Бұл аспект түсіну ұғымын философиялық тұрғыдан түсіндіру жағына жақын және адамзаттың осы шындық саласын барабар түсінуінде шартты түрінде дұрыс және жеке объективтік түсінуін білдіреді.

Бірінші аспектіні нақтылар болсақ, мынадай дәйексөз келтіруге болады: «Түсіну – шындықтың елеулі заттар мен құбылыстарын анықтауға бағытталған адамның сезімі және теориялық тәжірибесі арқылы танылатын ой процесі» [57]. Оқушы тарапынан зерттелетін материалында таным оқу процесінің мақсаты болуы тиіс, бірақ мұндай түсіну осы процесті диагностикалауға және басқаруға мүмкіндік беретін жеке сана мен педагогикалық құралдарды құрастырудағы психологиялық тетіктерін қалыптастыруға мүмкіндік бермейді.

Екінші жағдайда анықтамаларда субъективті түсінудің дәл осы процессуалдық құрамдас бөлігі нақтыланады. Алайда, бұл тәсілдің құрамында да педагогикалық мағынада бағалы ақпарат әрқашан табыла бермейді. Мысалы, психологиялық сөздіктердің бірінде жазылған анықтаманы алайық: «Түсіну - саналы түрде ойлау қызметінің қалыптасуы мен объективтік процесінің пайда болуын ой-санамен елестету. Түсіну адамдардың қарым-қатынасы және бірлескен қызметін білдіре отырып қажетті шарт болып табылады. Түсіну


субъектісінің ішкі сөйлеу актілері жүзеге асырылады және оған жүгінген басқа адамның әрекеттерінің себептерін, мақсаттарын және мазмұнын ашады (әрекеті, сөйлеуі, суреттеуі немесе заттың презентациясы және т. б.)» [58]. Бұл анықтау соншалықты күрделі тұжырымдалғандықтан, оны әрине түсіну қиын. Онда бұл анықтау зерделенетін пәннің елеулі қасиеттерін бөлу туралы ережесін қайталау болып табылады.

Жоғарыда келтірілген пікірлерді қорытындылай келе, авторлар түсінудің қарым-қатынасын тек ғана интерпсихикалық процестерге байланыстырған. Бірақ сол кезде күтпеген, бірегей және күмәнді тұжырым болып табылатын оқыту мазмұнын ұғу процесіне «түсіну» ұғымын қолдану мүмкін емес.

Адамның мінез-құлығының сырын түсіну ұғымын қолдану XVIII-XIX ғасырлардың интроспективтік психологиясына негізделетінін ескеру қажет (осы талқыланып отырылған тақырыбына тікелей қатысы жоқ болса да). Қазіргі бихевиористік және әлеуметтік-когнитивтік теориясы адамның мінез-құлығының сырын түсінуіне күмәнмен қарайды. Канадалық психологы Бандураның пікірі бойынша, ішкі бақыланбайтын мінез-құлықтың себептерінің бар екендігі туралы болжам ақаулы логикалық шеңберіне әкеп соғады: «Мінез-құлықты негізге алғанда ішкі детерминанттар, шамамен, себеп болса да, тұжырымы жиі жасалынған және нәтижесінде түсініктеме арқылы сипаттауы беріліп отырған» [59]. Мысалы текетірестік импульсінің болуы, импульстың негізінде жатқан ашу-ыза әрекетімен түсіндіріледі. Осы жолмен қол жеткізуге бағытталған жету себептерінің бар-жоқтығы мінез-құлыққа сүйене отырып анықталатын; тәуелділік себептері - тәуелді мінез-құлыққа; қызығушылық себептері - тыңдаушының зейін қоя ұғатын мінез-құлығына; билік себептері үстем мінез-құлығына және тағы басқа. Мінез-құлықтан, шамамен, бөліп оларды тудыратын себептер санына шектеу болмаған.

Сонымен, жаңа ақпаратты меңгеру бойынша түсінудің процессуалдық психикалық қызметі ретінде түсіну – мағынасы мен маңызы бар оқиғаларды, фактілерді және әсер ету мазмұны негізінде бұрын игерілген білімдер мен меңгерілген жетістіктері туралы ақпаратты тәжірибеге қосудың психикалық процесі.

Біздің пікірімізше, оқытылатын, талданатын, танылатын пәннің табысты меңгерілу процесі түсінудің маңызды негізі болып табылады. Бастауыш, орта және жоғары мектептерде психологиялық тұрғыдан бүкіл оқыту процесі түсінуді қалыптастыру, оны тереңдету және нақтылауына негізделеді. Н.И.Шевандринның психодиагностика бойынша зерттеген еңбегінде, педагогикалық зерттеулерде дәстүрлі түрде негізгі мақсаттары зерделеу барысында білімді қалыптастыру, іскерлікті және дағдыларды қалыптастыру қарастырылады [60]. Түсіну, білім беру құндылықтарының санатына кірместен, білім беру мақсаты ретінде қарастырылмайды. Педагогикалық үштіктен айырмашылығы-оқыту жүйесінің тиімділігін бағалауда Н.И.Шевандрин төрт негізгі санатын енгізеді: білім алушының білімі, біліктілік, дағды деңгейі, түсіну. Н.М.Шевандринмен түсіну санатымен тәжіленген геометриялық бейнесі ретінде көрсетілген білім, білік, дағды және түсіну элементтері ара-қатынасы өте үлгі боларлық деңгейінде келтірілген.



Сурет – 1. Шевандриннің белгіленуі бойынша түсіну сызбасы.

Жоғарыда көрсетілгендей, түсінудің маңыздылығына қатысты психологтар ынтасы педагогикалық қоғамдастыққа ортақ емес. Өкінішке орай, түсінудің маңыздылығын нақтылай отырып, одан әрі Н.И.Шевандрин түсіну феноменін психологиялық санаты ретінде суреттей отырып, көптеген қанатты және түсініксіз ұғымдарды мазмұнсыз тілмен түсіндіреді. «Егерде түсінудің нөлдік деңгейін шеттетсек (кәдуәлігін сана деңгейінде алсақ), онда бірінші деңгейдегі феноменологиясына сәйкес (алдын ала концептуализациясынан соң) түсіну - бұл қажеттілік, ену, қабілет, болмыстың тәсілі, болмыстың қатынасы, болмыстың өмір сүру тәсілі, ойлау рәсімі, танымдық қатынасы, тұлғалық ойлау тәсілі, психикалық процесс, әлеуметтік ойлау компонент тетігі және т.б.». Түсіну ұғымының осыншама кең философиялық-психологиялық тұрғыдан түсіндірілуі оны сөзсіз бақылауға жатпайтынын, эмпирикалық салдарын верификациялауға болмайтынын және барлық жерде кездесетін фантомға айналдырады. Түсіну шын мәнінде күрделі интегралдық түсінік болып табылады.

Н.И.Шевандриннің қорытындысы бойынша, әртүрлі адамдар «Түсінемін» деп айтқанда, – әр түрлі мағынада түсінгенін білдіреді. Бірақ адамдар түсіну ұғымын әрдайым ғылыми мағынада қолдана бермейді. Н.И.Шевандринның жұмысы жөнінде айта келе түсіну деңгейі туралы түсінік енгізетінін атап өтпеуге болмайды: «Түсінудің деңгейлері формальды түрде келесідей белгіленуі мүмкін:

- феноменологиялық (доминант – белгісіне жатқызу арқылы
  - түсіну; жетекші белгісі - танымды сәйкестендіру ретінде);
  - класстық (белгісі бойынша классқа жатқызу);
  - типологиялық (көптеген белгілері бойынша түрлерге жатқызу);
  - жүйелік (түсінуді жүйеге қосу ретінде, құрылымдау, жүйелеу);
  - интегралды (бағыт, мақсаты арқылы түсінуді салыстыру;
- бағдарлану, синергия).

Алайда, М.Е. Бершадский логика тұрғысынан жоғарыда ұсынылған деңгейлерінің жіктелуін сенімсіз көрінетіндігін пайымдады. Алғашқы үш деңгейі сапа жағынан емес, сандық жағынан ерекшеленетінін көруге қиын емес. «Түрі» ұғымын «класс» ұғымынан ажыратуға қиын, өйткені, нысандар санатын бір класстар белгісі көмегімен анықтауға қиынға соғады. Ал енді бұрынғы тәжірибедегі бір ақпаратты психикалық процессіне қосу ретінде анықтамаға оралайық. Ол жерде түсіну ұғымы анықтауға соншалықты қиынға соғатын «меңгеру мағынасы» термині арқылы сипатталғанына қарамастан, бұл да, ол да адамға белгілісі мен игеруге жататын жаңа ақпарат арасындағы байланысты

орнату ретінде қаралады. Біздің ойымызша, бұл соңғы анықтауды операциялдық ететіні соншалықты, эмпирикалық верификациялауға қол жетімді етіп түсіну ұғымын философия санатынан педагогикалық санатына айналдыруға мүмкіншілік береді. Оқушының сана- сезімінде белгілі байланыстар түрлері белгілі және жаңа ойлау заттары көмегімен біріктірілуге мүмкіндік болса, оқушы жаңа материалды игереді. Ю.А.Корниловтың, Р.Муннейдің және М.Е.Бершадскийдің жұмыстарын негізге ала отырып, «түсіну» ұғымының анықтамасын нақтылап көрейік:

Түсіну-қолда бар білім жүйесіне жаңа ақпараттың қосылуы, сол жүйеге бейімделуі, бірлесуі және осы өзара іс-қимылдың нәтижесі ретінде жаңа тұтас ақпараттың алынуы жүретін барлық білім жүйесі мен келіп түсетін ақпаратты жүйесінің үдеріс-танымдық өзара іс-қимылының этопсихикалық процесі.

Түсіну ұғымының психологиялық-педагогикалық санаты ретінде талдауға оралайық. Бізді қанағаттандыратын түсінудің операциялдық анықтауы болып табылған психологиялық сөздікте оқушының когнитивтік тәжірибесімен түсіну анықталатыны қадап көрстеліген: «Түсіну ерекшелігі— бұл процесстің субъективті қадір-қасиеті, оның ақыл-ой стереотиптерімен шарттылығы, бұрынғы тәжірибенің нысандырылғаны, сондай-ақ пәнде зерттелмеген жаңалықты түсінуге мүмкіндігі» [61]. Сыртқы әлемнің кез келген аспектілерін түсіну оқушының бұрынғы тәжірибесіне негізделеді.

Түсіну, ең алдымен ақыл-ой аясына жатады, алайда ол есте қалған шындықтың нормативті-құндылықты бейнесі, кейбір үлгідегі бағалау негізі, эталон нормалары, немесе принципі бойынша жеке эмпирикалық тәжірибеге сүйенеді. Осылайша, жаңа ақпаратты оқушымен түсінудің шешуші шарты оның өткен когнитивтік және эмоционалды-құндылық тәжірибесі болып табылады. Ол түсіну үшін қажетті базистік платформаны жасайды. Алайда, біз жаңа ақпараттың түсінуін қамтамасыз ететін танымдық тәжірибе аспектілерін анықтамағанша осы фактіні педагогикалық мағынада мойындаудың өзі ештеңені білдірмейді. Бұрынғы тәжірибеге ақпаратты қосу ретінде түсінуді анықтау барысында эвристикалық өнімділігіне тиісті бағасын бере отырып, түсінуді қалыптастыру барысындағы педагогикалық мәселелердің шешімін іздеу бағытын ғана көрсететінін атап өту қажет.

Егер түсінудің тек ғана когнитивтік аспектілерімен шектелетін болсақ, онда оқушының тәжірибесінде келесілерді ажырату керек:

- Оқушыға әйгілі тұрмыстық және ғылыми түсініктер мен олардың мәнініңжелісі, жаңа ақпаратты түсінуге қажетті білім;
- Түсініктерді семантикалық желілерге біріктіруге көмек беретін оқушығақолжетімді ұғымдар аралығындағы байланыс түрлері;
- Танымдық қызметі барысында оқушының қолданылатын зияткерлікоперациялары;
- Жаңа ақпаратты игеру үшін қажетті оқушының иемденген қызметініңәдістері, интеллектуалдық және тәжірибелік біліктілігі.

Жоғарыда аталған когнитивтік тәжірибенің аспектілері түсінудің негізін құрайды, оқушының жаңа ұғымдарды және іс-әрекет тәсілдерін түсіну мүмкіндігінің негізін тудырады. Сондықтан табысты оқытудың қажетті шарты



ретінде мәнін тым жоғары бағалауға қиынға соғады. Осы аспектінің принциптік маңыздылығын ескере отырып, біздіңше оны оқушының түсінуге немесе сәл болса да түсінуге (түсінуге мүмкіндік бар жағдай) дайын болған жай-күйін атауға болатын түсіну процесінің дербес кезеңі ретінде ерекшелендіру қажет. Сонда ғана жаңа оқу материалын олардың әрқайсысы бұрын зерттелген, оқушыға белгілі іс-қимылдары тәсілі мен ұғымдарға сүйенетін (салыстыру, ақпаратты өңдеу, бөлшектеу-бөлінген белгісінің көлемі бойынша ранжирлеу, симметриялық және ассиметриялық қатынастарды жіктеу, абстаркциялау және т.б.) белгілі зияткерлік операциялар көмегімен түсетін ақпаратты үздіксіз қабылдануын және өңделуін елестетуге болады. Бұл процес, әдетте сананың түбінде қысқартылған түрінде өтеді, бірақ санамен бақыланады. Бұл туралы жаңа материалды өту барысында қандай да бір кезеңін түсінбегенін сезгенде кенеттен сол туралы сезім пайда болады. Осы кезде метакогнитивтік тәжірибе механизмдері іске қосылып (өзінің зияткерлік қызметін еркін бақылау), және зияткерлік операциялары саналы түрде жасалынуы басталады. Бұл туралы пайымдау нысанының вербализациялау куәландырады, оқушы орындалатын әрекеттерді ойымен қайталайды (кейде тоқтаусыз дауыстап оқуға қажеттілік туады).

Түсініспеушілік бірнеше жағдайларда туындауы мүмкін:

- жаңа ақпарат толқынында (мұғалімнің сөйлеуінде, оқулық мәтінінде, қадағаланатын тәжірибеде) ақпарат көзі болып табылмайтын оқушыға белгілі емес ұғым бар (немесе белгілі түсінік жаңа мағынада пайдалынған);
- оқушымен игерілмеген зияткерлік операциялары немесе әрекеттері (операциялар жүйесі) талдау процесінде толыққанды түсіндірусіз пайдаланылады;
- талдаудағы түсініктер оқушыға белгілі емес байланыстарға қосылған.

Егерде жоғарыда аталған түсініспеушіліктің үш себебі жоқ болса, онда жаңа ақпарат байланыстың белгілі тәсілдері көмегімен белгілі ұғымдардың семантикалық желісіне еніп осы тұрғыда оқушының санасына сіңіріледі. Бұл процесті білімді дамыту, пайда болу тегінің себебін анықтау (білімнің генезисі) деп қарастыруға қиын емес. Бұл меңгеру процесінің сатысы-жаңа білімнің дамуы мен пайда болу заңдылықтарын түсіну – оқушының әртүрлі ақпарат түрлеріне барабар қарауға мүмкіндіктерін кеңейтетін жаңа когнитивтік схемаларының қалыптасуына негіз болатын ең маңызды кезеңі болып табылады. Сондықтан, оны түсінудің екінші дербес кезеңі ретінде жаңа ақпаратты түсіну - генетикалық түсіну кезеңін түзеді.

Сонымен, жаңа ақпаратты меңгеру үдерісінде оқушы екі күйдің біреуіне өтуі мүмкін-оқытылатын оқу материалын түсіну немесе түсінбеу. Бірінші жағдайда ақпарат қолданыстағы зияткерлік құралдары көмегімен сіңіріледі. Мұндай меңгеруді американдық психолог Р.Мунней ақпараттың ассимиляциясы деп атаған. Ол ақпаратты жинақталуына әкеп соғады, бірақ интеллектуалды дамумен үйлеспейді.

С.Выготскийдің терминологиясы бойынша оған өзекті дамудың аймағындағы оқыту сәйкестіндірілмейді. Екінші жағдайда ақпаратты оқушыға белгілі зияткерлік рәсімдері көмегімен семантикалық желіге кірістіруге мүмкін емес, сондықтан жаңа ақпарат пен іс-әрекеттері тәсілдеріне қарап бұл рәсімдер өзгертілуге, аккомодацияға (Р.Муннейдің терминологиясы бойынша) жатады. Аккомодация процесі түсінумен сүйемелдену үшін игерілетін жаңа рәсімдерін оқушының қолда бар когнитивтік тәжірибесіне, белгілі іс-әрекеттерге немесе бірқатар қарапайым іс-әрекеттеріне жіктеу қажет, яғни танымдық қызметіне қатысты әрекеттену қызметін төменде сипатталған түсіну схемасын пайдалану керек. Нәтижесінде түсінуді өзара байланысты және өзара шарттандырылған екі процесі ретінде анықтауға болады:

- қолданыстағы танымдық схемалары көмегімен ақпаратты ассимиляциялау;
- белгілі немесе жаңа интеллектуалдық іс-әрекеттері мен танымдық схемаларын қалыптастыруын өзгерту жолымен танымдық тәжірибені аккомодациялау.

Түсіну процесі сананың түпкілікті жерінде жиі өтеді, сондықтан оқушыда түсінген кезде, дұрыс тұжырымға келгенде белгілі бір сенімділіктің психикалық жай-күйін басынан өткереді Алайда оқушының аталған жай-күйіне түскен фактісі бойынша түсінудің объективті куәсі ретінде қарауға болмайды, себебі ол жалған болуы мүмкін (мұғалім қолданылатын іс-әрекеттерді айқын түрінде бөлмеді немесе түсінікті қолданғанда мәнін көрсетпеген, ал оқушы өзінің іс-әрекеттерін дұрыс санап, бұл жағдайға таным пәніне сәйкес келмейтін өзіне белгілі құралдарын қолданған). Сондықтан түсінудің жағдайын зерделеу құралдары көмегімен (қол жетімді бақылау мен зерделеу) жалпыландыру қажет.

Жаңа білімнің генезисін түсінуден кейін ақпараттың одан әрі трансформациялауын сипаттауға кірісейік. Жоғарыда сипатталған кезеңі барысында белгілі ұғымдармен білімнің жаңа элементтері арасында байланыстар орнатылады (түсінігі және оның белгілері, дара іс-әрекеттері, операциялары). Бірақ әрбір осы жаңа элементтері өмірде бар және тек ғана қазірдің өзінде белгілі болғандықтан мәнге ие болмайды. Жаңа материалды зерттеген сайын жаңа элементтер ішінде рұқсат етілген және ұғымдар мен операциялар арасындағы өзіне тән байланыстары арқылы ұғымдық желісін құрай отырып жаңа элементтер өзара байланыса түседі. Нәтижесінде жаңа білімнің құрылымы, оның элементтері арасындағы өзара байланысы түсінудің мәні болып табылады. Түсінудің дамуындағы үшінші кезеңі құрылымдық түсіну кезеңі болып бөлінгені сондықтан.

Сонымен, қорыта келе 1998 жылы Н.И.Шевандрин «Білім алушының түсіну деңгейі» топтамасын оқыту жүйесінің тиімділігін бағалауының үш негізгі көрсеткіштеріне бекерден-бекер енгізе қосып қоймаған, ол оны оқыту кезіндегі пәнді түсіну деңгейін жоғарылату үшін қолданылатын білім беру технологиялардың нәтижесі ретінде нақтылаған. Бұл көзбен көріп ұғыну, оқу ақпаратын қайталау, ақпарат қабылдауда логикалық тұжырымдамалардың тізбегін құруын білу, оқу мәтінінің шығармашылық тұрғыдан ұғыну арқылы

білдірілуі мүмкін. Көптеген отандық және шетелдік авторлардың жұмыстарында түсіну психикалық процесі ретінде қарастырылады. Түсіну деңгейінің мәні жаңа білім мен бұрынғы білімді біріктіру нәтижесінде алынған білімнің құрылымы болып табылады.

### 1.3 Бастауыш сынып оқушыларының түсіну деңгейіндегі білімін сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы қалыптастырудың мүмкіндіктері

Қазіргі кездегі Республика оқу орындары, педагогикалық ұжымдары ұсынылып отырған көпнұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты жан-жақты маман болу мүмкін емес. Қазіргі заманғы педагогикалық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық. Солардың бірі оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы.

Сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Технологияның негізін қалаушылар американдық ғалымдар Чарльз Темпл, Джон Дьюи, Мередит. Жобаның негізі Ж. Пиаже, Л. С. Выготский теорияларын басшылыққа алады.

Бұл технология Совет өкіметі кезінде 1973 жылдан, Қазақстан қоры жанынан 1998 ж. қазан айынан бастап жүргізіліп келеді. Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау, яғни, RWCT жобасы 29 мемлекетте қолданылады[30].

Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде «Сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту» бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру.

Қазіргі заманғы педагогикалық технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті.

RWCT бағдарламасы – ағылшын тілінен аударғанда «Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу» дегенді білдіреді[31].

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасының мақсаты: барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Біздің елімізге Джордж Соростың ашық қоғам институты, «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне енгізілуде[62,566].

«Сын тұрғысынан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар. Сыни тұрғыдан ойлау – сынау емес, шындалған ойлау. Бұл деңгейдегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғарғы сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс емес. Бастауыш сынып оқушыларының да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз[5].

Сыни ойлау – өзіндік ойлау. Сыни ойлау – сұрақ қоюдан және шешімін талап ететін проблемаларды айқындаудан басталады. Оқушы өзі сұрақ қойып, шешімін өзі айқындайды.

Аталмыш бағдарламаның ішкі құрылымында ерекшелік бар. Бұл құрылым 3 деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің моделі. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді.

Бұл технология мұғалімдерді несімен өзіне баурап алғандығын бірнеше сұрақ-жауап ретінде көрсетейік.

Сын тұрғысындан ойлау дегеніміз не?

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы бойынша ол:

- шындалған ойлау, кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сын көзбен қарау;
- күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешім қабылдауға құштарлық;
- үйрету мен үйрену бірлігінің, үйренудің қызығушылығынан тұратын, үйренушінің сеніміне негізделген құрылым.

«СТО-ды дамыту» технологиясы немен қызықтырады?

- Кез келген ұстазға сапалы сабақ беруге мүмкіндік беретіндігімен.
- Оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдістерінің /стратегияларының/ көптігімен.

- Оқу мотивацияларын өзгертуге пайдалы екендігімен.

«СТО-ды дамыту» технологиясының өзге технологиялардан қандай ерекшеліктері бар?

- Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының құрылымы /қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс.

- Негізгі үш кезеңінің маңыздылығы.

- Стратегиялардың психологиялық астары мен ерекшеліктері.

«Оқу мен жазу сын тұрғысынан ойлау» сабақтарында мына мәселелерге назар аударылады:

1. Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау.
2. Қиялын дамыту үшін «менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру.
3. Тіл байлығын дамыту үшін қалайда жауапты соңына дейін тыңдау.
4. Жеке тұлға ретінде «мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы үш кезең бойынша қолданылады:

- Қызығушылықты ояту ( «көпір жасау», ой қозғау);
- Мағынаны тану (мағынаны ажырату);

• Ой-толғаныс (рефлексия, жаңа білім құрастырылады). Білім берудің маңызды шарты оқу үдерісінде оқушылардың қызығушылығын арттырып, өздігінен білім алуға құштарлықтарын дамыту болып табылады[63].

Енді осы кезеңдердің мақсат-міндеттеріне толығырақ тоқталып өтейік.

Қызығушылықты ояту. Үйрену үдерісі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау», т.б. деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шыңдалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады.

Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі мағынаны тану (түсіне білу). Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі INSERT. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында V – «білемін», — - «мен үшін түсініксіз», + - «мен үшін жаңа ақпарат», ? – «мені таң қалдырады» белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі. Үйретушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады.

Тақырып туралы ой-толғаныс – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту үдерісінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін

жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді.

Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі» сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады.

Осы кезеңдердің ұтымды өткізілуі мынадай нәтижелерге қол жеткізеді:

- оқушылар басқалармен қарым-қатынас жасай береді;
- басқаларды тыңдай білуге, кез келген жауапқа сыйластықпен және түсіністікпен қарауға үйретеді;
- өз ойын топ алдында ашық айта алуға, қорғай білуге баулиды;
- керек кезде өз көзқарасын дұрыс өзгерте білуге үйретеді, оның дамуын қамтамасыз етеді;
- ең бастысы – оқу мотивациясы өзгереді, өз бетінше ізденуге ұмтылдырады, сабаққа қызығушылығы артып, балалардың белсенділігі өте жоғары болады[64].

Оқытуды жеке тұлғаға бағыттау арқылы кез келген сабақтың дамытушылық, тәрбиелілік мүмкіндіктерін пайдаланып және осы жүйені қолдану барысында қазақ тілі, әдебиеттік оқу, дүниетану сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту ойдағыдай жүзеге асырылады.

Бастауыш мектептің оқу үдерісінде сабақтарды «Сыни тұрғыдан ойлау» технологиясы стратегиялары негізінде құрып оқыту, яғни сыни тұрғыдан ойлау тәсілін бастауыш сынып мұғалімі іс-тәжірибесіне енгізу нәтижесі оқушылардың бойында мынадай іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға болатынын байқатты.

- Әрбір оқушы өзінің жеке ойымен, өмірге деген көзқарасымен және ойлау қабілетімен ерекшеленеді;
- Жеке дауысты (кейіпкер, жазушы, бірге оқитын оқушы) қабылдауға үйренеді;
- Ойын жаңа ақпараттар арқылы білдіреді /мағынаны тану кезеңінде/;
- Өз ойларын толық, дұрыс тұжырымдайды;
- Өздеріне белгіліні пайдалана алады;
- Өз біліміне сүйеніп, мәселенің шешімін дұрыс тауып, ойын жеткізе біледі, яғни «Мен» деген сөзді ұғады. Осындай сабақ барысында оқушылар өздерінің, бір-бірінің ой-пікірлеріне сын көзімен қарай отырып, жаңа тың идеялар туғызады. Сабақтар баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Оқушылар мұндай сабақтарда оқудың қызықты әрі жеңіл өтетіндігін, ұжымды бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды.

Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға арналған оқытудың әдіс-тәсілдері оқушыларға құбылыстардың себептерін толық ұғынуға, ережелер мен заңдылықтардың сырларын терең түсінуге, олардың ғылыми біліміндегі орнын аңғаруға қолайлы жағдаяттар жасайды. Сабақ барысында оқушылардың сыни тұрғысынан ойлау қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға арналған оқыту технологиясы оларға еркін ойлауға мүмкіндік береді. Тақырыптың негізі өзегін, бағытын, мән-мағынасын түсінеді, тіл байлығын жетілдіреді, өз ойын қысқа, мазмұнды, мағыналы баяндауға дағдыланады, пәнге қызығушылығы артады, ғылым негіздерін игеру әдістерін меңгереді, сөйтіп өзін келесі мәселені талдауға дайындайды.

Бастауыш мектептің оқу үдерісіне сыни тұрғыдан ойлау стратегияларын пайдалану оқушыларды проблемалық сұрақтарды бөліп алу, әзірлеу, соны талқылау, өзіндік қорытынды жасау, өз беттерімен талдау, синтезге, бағағажету, өзін-өзі бақылау жұмыстары балаларды шығармашылыққа, жүйелі білімге жетелейді.

Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасы бойынша жүргізілген сабақтарда бастауыш сынып оқушылары іздеудің мән-жайына қанығады, білімді тереңінен айтуға төселеді, дәлелдер келтіру, дәлелдеу тәсілдеріне жаттығады, теория мен практика бірлігін игереді, жеке және топпен бірлесіп, мәселе түйінін шешіп, жолдарын табуға жаттығады, өз жолдастарының пікірімен санасуға, өткір сындарды тыңдап, одан тиісті қорытындылар жасай білуге машықтанады.

Сонымен қатар «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасында жұмыс жасайтын бастауыш сынып мұғалімдері бұл сабақтар баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал ететіндігін атап өтсе, оқушылар оқудың (сабақтардың) қызықты, жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды.

Бастауыш сынып оқушыларын сыни тұрғыдан ойлау технологиясы стратегиялары бойынша оқыту, үйрету барысында мынадай қорытынды жасауға болады:

1. Оқушы өмірге деген өз ойын білдіретін жазу стилін табады.
2. Жаңа білім бойынша өз жобалары, модельдері, болжамдарын тыңдап, талқылайды (өздері талдайды, бір-бірін тыңдайды)
3. Өзіндік қорытындылары, оның қаншалықты ғылыми, шындыққа жақын екенін саралайды.
4. Білімді өз бетімен алуға деген ынтасын, шығармашылық жұмыстарға қабілетін, танымпаздық белсенділіктерін арттырады.
5. Білім дәрежесі деңгейін саралау /өзіндік талдау, синтез, бағалауының деңгейі қалыптасады/.
6. Бір-бірімен ынтымақтастығы, пікірлерін айта білуі, қорғай білуі, айтыса білуге дағдыланады.
7. Оқушыларда жазу кезінде ғажайып ойлар пайда болады, сонымен қатар өзінің және өзгелердің пікірі мен тәжірибесіне құрметпен қарауға үйренеді.



8. Оқушы әрекеті адамның ойлау қабілетін дамытады және ол кітап оқыған кезде өз ойын тұжырымдайды.

9. Оқушылар өз ойымен, іс-тәжірибесімен, пікірлерімен бөлісуге үйренеді, бұл бағыт топпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

10. Жұмыс барыстарын алмасу арқылы оқушының өз ойын ашық, жасқанбай айтуға, басқа адамның ойын дұрыс қабылдауға үйренеді[35] Жоба 150-ден аса стратегиялардан тұрады. Бастауыш мектептің оқу үдерісінде қолданылатын стратегияларға түсінік берейік.

Джиксо – ұжымдық оқыту әдісі. Мақсаты – жалпы мәселені алдымен жұпта, сосын ұжымда талқылау. Бұл жағдайда әрбір оқушы бір сәт өзін мұғалім ретінде сезінеді, оқуға деген жауапкершілігі артады.

Әдісті қолдану төмендегіше ұйымдастырылады. Алдымен ұжым 4 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Бұл «жанұя» топтар деп аталады. Содан кейін 1, 2, 3, 4-ке санау арқылы 1-лер бөлек, 2, 3, 4 өз алдына «жұмыс» тобын құрайды. Оқуға ұсынылатын материалдың тақырыбы талқыланған соң осы мәтінді түсіну қажет екендігі ескертіледі. 4 логикалық бөлікке бөлінген мәтіннің 1-бөлігін 1-лер, 2-бөлігін 2 санын алғандар, 3, 4 нөмірлі топтарға оқуға тапсырылады. Жұмысты бастамас бұрын оқушыларға «жұмыс тобында» мәтіннің тиісті бөлігін жақсы меңгеру қажеттілігін, өйткені сол бөлікті «жанұя топ» оқушыларына түсіндіруге жауапты екенін, мәтінді тұтас түсіну әр оқушының ыждағаттылығына байланысты екенін түсіндіру қажет. Келесі кезекте ұжым мүшелері бастапқы топтарымен қайта табысып, өздерінің үйреніп келген бөліктеріндегі мазмұнды ортаға салады. Осылайша ұжым мүшелері бірін-бірі оқытуға, сол арқылы ойлауға үйренеді. ДЖИКСО стратегиясы мазмұнды жоғары табыспен меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін өте тиімді. Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды. Сондай-ақ, мұғалімді, мектеп қызметкерлерін түсіну, оларға деген дұрыс көзқарасқа үйренеді.

Екі түрлі түсініктеме күнделігі. Оқушылардан дәптердің бетін (не таратылып берген парақты) ортасынан вертикаль сызықпен бөлу сұралады. Мәтінді оқу барысында олар бөліктің оң жағына сол жағына мәтіндегі қатты әсер еткен тұстарды, үзінділерді жазады. Сол әсер еткен үзінділер жайлы пікір жазады (нені еске түсіреді, себеп-салдары қандай, қандай сұрақ бар, т.б.)

Әр оқушы мәтінмен танысып, күнделікті толтырып біткен соң жұпта, топта талқылау ұйымдастырады. Жұмыс аяқталған кезде мұғалім қорытуға арналған әзірлеп келген сұрақтарын қойып, жауаптар алады. Ол сұрақтар оқығанға баға беру, пікірін, көзқарасын білдіруге лайықталып қойылғаны дұрыс. Мысалы:

- Сіздің ойыңызда не сақталып қалды?
- Автор оқырманды қалай қызықтырады?
- Кейіпкерлердің іс-әрекетін Сіз қалай бағалайсыз? т.б. түрінде.

Бұл әдіс те алдыңғы сияқты оқушыларды ұжым болып, жұмыс жасауға үйретеді. Ақпаратты өз бетінше меңгеруге жағдай жасайды. Сөз астарын, күдіретін түсінуге бағыттайды. Сондай-ақ, әдістің тиімділігі – сабақтан тысқары қалатын оқушы болмайды, оқыған мәтінді түсіну, оны түсінікті етіп

айтып беру, оған қатысты ойын, пікірін білдіру арқылы оқушының тілі дамиды. Осылайша ұйымдастырылған оқу сабақтары арқылы сауатты оқырман қалыптастыру мүмкіндігі туады.

Еркін жазу. Бұл әдісті сын тұрғысынан ойлау жобасындағы сабақтың үшінші ой толғаныс кезеңінде пайдалану тиімді. Мұғалім сабақ бойына қарастырылған жаңа ақпарат жайлы, одан алған әсерін, не үйренгенін, нені әлі де біле түсу керек екенін, т.б. жайлы өз пікірін қағаз бетіне түсіруді тапсырады. Жазуға уақыт береді. Уақыт аяқталған кезде оқушылар өз жазғандарымен топ мүшелерін таныстырады. Ең жақсы деп танылған жұмысты ұжымда оқуға болады[36].

Оқушыларды алған білімдерін қорытуға, оған сын көзбен қарап, ойын түйіндеуге үйрететін бұл әдісті кез келген сабақта қолдануға болады.

Венн диаграммасы. Бір-бірімен айқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін объектілердің сипаттамалары жазылады. Ал айқасқан жерге екеуіне ортақ сипаттар тізіледі. Салыстыруға арналған тапсырмаларды осы диаграммаға салып, оқушылар қызыға толтырады, яғни салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгереді.

Бенджамин Блумның және басқалардың жұмысының шеңберінде сыни тұрғыдан ойлау оның жіктеуіндегі ойлаудың алты дағдысының ең жоғарғысы болып табылады.

Алты ойлау қалпағы

Алты ойлау қалпағын Эдвард де Боно әзірлеген, ол әртүрлі шешімдердің ішінен шоғырландырылған ойды жеделдететін қосарлас ойлау үдерісін көрсетеді.



Ақ қалпақ белгілі немесе қажетті ақпаратқа назар аудару үшін пайдаланылады.



Сары қалпақ айқындылық пен өмірге сеніммен қарауды бейнелейді. Бұл қалпақпен сіз идеяның жағымды жақтарын зерделейсіз және өз назарыңызды, күш-жігеріңізді оның жетістіктері мен жақсылықтарын іздеуге жұмсайсыз.



Қара қалпақ бұл – «әзәзілдің қорғаушысы» немесе неліктен кейбір тетіктер дұрыс істемейді.



Қызыл қалпақ сезімді, болжамды және ішкі түйсікті білдіреді.



Жасыл қалпақ креативтілікке, мүмкіндіктерге, баламаға және жаңа идеяларға бағытталады.



Көк қалпақ ойлау үдерісін басқарады. Бұл бақылаушы тетік, ол барлық алты қалпақтың бағыттарын бақылауға кепілдік береді.

Оқушының ұсынылған тақырыптың негізін түсіну, ақпарат алу және оны ұғу қабілеті оқытушының сабақта түрлі әдістер мен тәсілдерді ұтымды қолданып және жүйелі тәртіпке тілді үйрету арқылы іске асады. Мұғалімнің білім деңгейі, әдістемесі, мәдениеті оқушыға құрметі жоғары деңгейде болғанда ғана оқушыға жетекшілік қызмет атқара алады. Бастауыш сыныптарда түсіну деңгейінде оқыту индуктивтік әдіс, дедуктивтік әдіс, репродуктивтік

әдіс, проблемалық оқыту әдісі, интербелсенді әдістер арқылы жүзеге асады. Келесі әдіс рафт әдісі.

РАФТ. Бұл стратегияны «кейіпкерге хат» деп алса да болады. Формасын түрлендіруге мүмкіндік бар: хат, хабарландыру, жеделхат, өтініш, бұйрық, жарнама. Оқушы жұмысқа кіріспес бұрын мәтіннің мазмұнын жетік түсінуге тырысады, ол үшін оны бірнеше қайтара оқып, ой елегінен өткізеді. Рафт оқушылардың тілін дамытады, қиялын өрбітеді, өз ойларын қағаз бетіне түсіру арқылы эссе жазуға жетелейді, ресми іс қағаздары жөнінде түсініктері қалыптаса түседі.

Жуан-жіңішке сұрақтар: оқушылар мәтінмен жұмыс істей отырып, мәтін мазмұны бойынша өздері тың сұрақтар құрастырады. Бұл дегеніміз, оқудың барлық әдістерін меңгеру болып табылады. Өйткені, оқушы алдымен қатесіз, түсініп оқуға тырысады, қойған сұрағына өзі жауап беруге дайын тұрады, басқа балалардың сұрақтарын мұқият тыңдап, сұрақ құрастырудың қиын жұмыс екенін біліп, ең үздік сұрақтарға ілтипат білдіреді.

Қосжазба күнделігі: мәтінде берілген оқиғаларға өзінің пікір жазады, ендеше, оның сөздік қоры молаяды, кейіпкердің жан дүниесін түсінуге тырысады.

Бастауыш сыныптарда бір сабақта бір ғана әдіс қолдану сирек пайдаланылады, керісінше бір әдіс екінші әдіспен үйлестіріліп отырылуы керек. Білім беру мақсаттарына нәтижелі қол жеткізу үшін әдістердің қайсысы неғұрлым тиімді екенін анықтап алу қажет.

«Эссе» стратегиясы бойынша өз ойынан әр түрлі пікірлер құрастырып, оны дәлелдеуге үйренеді.

Сауалнама-интервью стратегиясы да жаңа білімді меңгертуге үлкен септігін тигізеді. «Сауалнама-интервью» стратегиясы бойынша өтілген тақырыпқа талдау, салыстыру, зерттеу жұмыстары бойынша оқушы білімін жинақы түрде қорытындылауға болады.

Осы жобамен жұмыс жасау барысында мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлануға үйретеді. Педагогикалық технология оқушылардың жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық қызметтің, іс-әрекеттің жүйелі дамып отыратын жобасы ретінде оқушы белсенділігін арттыруды көздейді. Ал, оқушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді.

Технологияның мақсаты – оқушылардың шығармашылық ойлауын сыни тұрғыдан дамыту.

Шығармашылық дегеніміз – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға, жаңалық ашуға, жаңа тәсілдер табуға ұмтылуы, ізденуі. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Мұғалімнің міндеті – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда СТО жобасының көптеген стратегияларын қолдануға болады:

- Тақырыптымазмұнына қарай жинақтау, арнаулы бір тақырыпқа пікірталас тудыру /ой қозғау, «инсерт» кестесі/

- Берілген тапсырманы түрлендіру бағыттағы жұмыс /эссе, шығарма, сауаттылықты ашатын хаттар, т.б. стратегиялар/

- Әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу, мәтіндегі ұқсастық пен айырмашылықты табуға /Венн диаграммасы, аялдамамен оқу стратегиясы/

- Қиялдау арқылы сурет салғызу /сурет салу стратегиясы/

- Кейіпкерге мінездеме беру, өз ойын жазғызу /авторға, кейіпкерге хат жазу стратегиясы /

- Шығармада екі кейіпкердің қарама-қарсы элементтерін сипаттау /қарама-қайшы элементтер стратегиясы/

- Өлең шумақтарын құрастыру /5 жолды өлең, Рафт стратегиясы/

Ал сабақтан тыс уақытта оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатымен келесі жұмыстар жүргізуге болады:

- Мұражайға апару;

- Әр түрлі кездесудер өткізу;

- Әр түрлі тақырыптарда сайыс, пікірталас өткізіп, алған әсерлері бойынша шығарма жазғызу;

- Балаларға арналған журнал-газеттерге жаздырып, оны сабақ кезінде үнемі пайдалануға мүмкіндік беру;

- Әрбір оқылып отырған шығармалардың авторлары туралы толық мағлұмат жинату, реферат жазғызу.

Оқушылардың шығармашылығын, ізденімпаздығын қалыптастыруда сыныптан тыс, жеке, ұжымдық жұмыстар ұйымдастыруда шығармашылық, пәндік апталықтар, пәндік үйірмелер мен факультативтік сабақтардың маңызы зор.

Осындай жұмысты үнемі жүргізу оқушыларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді. Қорыта айтқанда, оқушының шығармашылық қабілеті практикалық әрекеттері, іздемпаздығы арқылы дамиды.

Оқушылардың шығармашылық қабілетінің дамуын ұқыпты қадағалап, тәжірибе негізінде жинақтап, өсу динамикасын бақылап, зерттеуге бастауыш сынып мұғалімдеріне мектеп психологының көмегі көп тиеді. Психологпен диагностика жүргізіліп, мониторинг жасалынып, қорытынды шығарылады.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту проблемасын ұқыпты қадағалау, оқу үдерісінің тиімді болуында қандай көрініс табады? Жалпы үлгерім, яғни олардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған жұмыстар білім сапасына әсер етеді[65].

Қазіргі уақытта білімді, қабілетті, әдепті, іскер, мейірімді мұғалім ғана оқушысына жақсы қасиеттерді сіңіре отырып, сапалы білім бере алады.

Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы бойынша өткізілетін сабақ құрымын төмендегідей көрсетуге болады:

Сабақтың мақсаты:

а) қызығушылықты ояту – сұрақ қою;

б) мағынаны ажырату – жауаптар іздеу, мәселені зерттеу;

в) ой толғаныс – ойлау үдерісінің еңжоғарғысатысында мәселені талқылау, яғни үш фазада сабақты бөліп өту, оқыту мен оқу үдерісін осындай үш сатыда ұйымдастыру.

Сабақтарда стратегияларды оқу бағдарламасына сәйкес бірізді жүйелі түрде қолдануға болады. Сабақта жиі қолдануға болатын әдістер мынадай:

I – қызығушылықты ояту фазасында ой қозғау (шақыру).

II – мағынаны ажыратуда түртіп алу жүйесі, 5 жолды өлең.

III – ой-толғаныс фазасында Венн диаграммасы, еркін жазу, т.б. стратегиялар арқылы баланың дамуына, оның бойындағы жеке қабілеттердің ашылуына, шығармашылықпен ізденуіне жол салынады.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту сабақтарының негізінде оқушылар арасында:

- бір-бірінің пікірін тыңдау, сыйлауға ынтымақты қарым- қатынастың негізі қаланады;

- өзін жеке дара тұлға ретінде тануға жол ашуға;

- бір-біріне құрметпен қарауға;

- өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға;

- өзін-өзі, бірін-бірі бағалауға;

- мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыруға;

- достарының ойын тыңдай отырып, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге көмектесуге;

- белсенді шығармашылықты ойлауға негіз қаланады.

Мектеп өмірінде мұғалімдердің аталмыш жобамен жұмысқа дейінгі және кейінгі кезеңін (аралығын) салыстыру оқушылардың оқуға деген ынта-ықыласының артқандығын, адами жақсы қасиеттердің қалыптасқандығын, мұғалімнің шыдамдылық, төзімділік сияқты сапаларымен қатар оқушылардың басқаны қабылдау, түсіну, сыйлауды үйренгендігімен сипатталады[38].

Бүгінгі қоғамға, мектепке керегі де осылар.

Оқытудың осындай жаңа педагогикалық технологияларын сабаққа ендіру бүгінгі таңда әрбір ұстаздың басты мақсаты болуы керек. Себебі, елімізге заман талабына сай қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл азаматтар қажет. Сабақта тек білімділік мақсаттарды шешіп қоймай, балалардың жекелік қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастыру да дәстүрлі оқыту мен дамыта оқытудың айырмашылығын салыстыру кестесі арқылы көрсетуге болады. Мұғалім бұл жүйемен жұмыс жасағанда, үнемі оқушы санасында болып жатқан өзгерістерді бақылап, оның дамуын жан-жақты зерттей отырып, өз сабақтарын соған сай өзгертіп отыруы тиіс. Әйтпесе, жаңа жүйенің құны болмайды. Енді оқу үдерісін дәстүрлі әдіспен және RWCT жаңа жүйемен өткізгендегі мұғалім мен оқушының іс-әрекеттерін кесте түрінде көрсетейік. (кесте Қосымша - 2 )

Оқудың репродуктивтік әдісі тыңдау мен ұғыну, қабылдау, бақылау фактілерді жүйелеу, типтік міндеттерді шешу және талдау т.б. әдістердің жүйесі болып табылады. Оқушылардың іс-әрекеті негізінен репродуктивтік яғни үлгісі жөнінен ғана емес, сонымен бірге алгоритм жөнінен де репродуктивтік болады. Атқарушылық оқудан айырмасы – репродуктивтік оқу жаңа білімдердің бұрын

меңгерілген білімдермен, білімдерді саналы меңгеріп, оларды қолданумен байланысты болуы арқылы сипатталады. Саналы меңгерудің негізі ретіндегі түсінік беру ережелерді дұрыс қолдану мен және оларды еске түсірумен қуатталады. Репродуктивтік әдіспен жұмыс істеген кезде оқушы зерттеліп отырған нәрсеге жасалған бақылаулардың жоспарын немесе нұсқауын құрастырады, материалды меңгеру процесінде оқулықты немесе басқа түпнұсқаларды пайдаланады. Оқып үйренілген заңдылықтарды ойға салып ұғынады, оларды өз сөздерімен түсіндіреді.

Репродуктивтік әдіс мұғалімнен ұйымдастырушылық қабілетті талап етеді. Мұғалім сөздік, көрнекілік, тәжірибелік әдістер арқылы жаңа оқу материалын түсіндіреді, ал оқушылар оларды тапсырмаларды орындау үшін қолданады. Бұл әдіс арқылы оқушылар ескіні еске түсіріп, қайталайды. Жаңа білімді яғни жаңа оқу материалдарын меңгеру үшін осы әдіс арқылы дайындық жасайды, түсіну деңгейіне өту кезеңі осы кезден басталады. Мысалы, 4 сыныптың «My family» тақырыбына берілген тапсырмалар репродуктивті әдіс арқылы жүзеге асады. Себебі, бұл тақырып 2

–сыныпта өткенді қайталауға негізделген. Мұғалім тақырыпты өткенмен байланыстыра отырып түсіндіреді.

Дедукция әдісі арқылы мұғалім ережелерді, формулаларды, заңдарды түсіндіріп, оны оқушы меңгереді. Аталған әдіс оқу материалын тез меңгеруге көмектесіп, абстрактылы ойлауды дамытады. Оны теориялық материалдарды оқуға, есептер шығаруда қолданған дұрыс. Дедуктивтік әдісі арқылы оқушы өзі білетін қорытындыларды, ережелерді, ғылыми заңдарды бақылау жүргізгенде, тәжірибе жасағанда, жаттығу жазғанда қолданады. Мысалы, Жазбаша жаттығу жазғанда белгілі грамматикалық ережелер қолданылады.

Индукция – жеке, дара бөлшектерден немесе жеке пікірлерден жалпылай ой қорытындысын шығарудың тәсілі, амалы, дарадан жалпыға көшудің түрі.

Көрсетілген әдістердің қайсысы болмасын, балалардың ақыл – ойын дамыту мақсатын көздейді. Бір жағдайда оқушылар анализ жасаса, екіншіде оны синтездейді. Мысалы, грамматикалық талдауда фонетикалық немесе фонетико – грамматикалық (дыбыстық - әріптік), морфологиялық, синтаксистік, орфографиялық, пунктуациялық анализ жасайды. Сонымен қатар берілген әріптерден сөз, сөздерден сөйлем, сөйлемдерден мәтін құрастырып, синтез жасайды. Синтез балалардың алған білімдерін байланыстырып жинақтауда да іске асады. Мысалы, зат есімнің белгілерінің қандай екенін (заттың атын білдіреді, кім? не? Сұрақтарына жауап береді, септеледі, жіктеледі, тәуелденеді) санамалап айтып шыққаннан кейін, зат есім дегеннің не екені жөнінде анықтама құрастырады.

Елбасы Н.Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойды. Аталған міндет Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіруі процесінде де маңызды болып табылады.

Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады [67]. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Білім алуда жақсы көрсеткіш көрсететін оқушы сабаққа белсенді қатысып, жақсы баға алады, алайда, кейбір балаларымыз мектептен алған білімдерінің қорытындысын өз мүмкіндіктерінде көрсете алмайды. Алған білімдері шешімдер мен іс-әрекет таңдауда тұлғаның дамыту қажеттеліктеріне сәйкес келмей де жатады. Сондықтан да бастауыш сыныптарда пәнді түсіну деңгейінде оқыту жүзеге асырылуы керек деп білеміз.

## **II СЫНИ ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТҮСІНУ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ БІЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ**

### **2.1 Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы 4 сынып оқушыларының түсіну деңгейіндегі білімін қалыптастырудың жолдары.**

Егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әр түрлі инновациялық әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекетінде сын тұрғысынан ойлауды ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру ісіне ерекше мән берілуде.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің қазіргі кезеңін әлемдік деңгейдегі білім беру тенденциясынан бөліп қарауға болмайды. Бұл әлемдік деңгейдегі қатынастың күшейе түсуіне байланысты. Қазіргі қоғамда болып жатқан кең шеңбердегі өзгерістер үшінші мыңжылдықтың білімді, саналы жастарын тәрбиелеушілерге үлкен міндет жүктейтіні сөзсіз. Жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі.

Әлемдік білім беру кеңістігіне ену педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас басқаша қарым-қатынас, өзгеше менталитет пайда болуда және педагогикалық технологияның кеңінен қолданылуына ғылымның үлкен рөліне мән беруде. Бүгінде білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының сын тұрғысынан ойлау, кәсіптік адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қазіргі кезде заман талабына сай білім берудің дамуы мен тенденцияларын қамтитын елуден астам педагогикалық технология қолданып жүр. Олардың бірі Қазақстанда 1997 жылдан бастап етек жая бастаған «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасы (RWCT жобасы). Білімгерлердің ойлау, қабылдау қабілетін аңғаруға топтық жұмыс өте тиімді, яғни сабақты деңгейлеп оқыту арқылы іске асыру және жеке тұлғаға тиянақты білім беру, оның сабаққа деген қызығушылығын арттыру, ізденгіштігін, байқампаздығын дамытып, жеке тұлға болып дамудың биіктігіне RWCT бұл:

- жеке, жұпта, топта, бірлесіп жұмыс істей білу;
- оқуда білімді өз бетінше іздеу;
- білімді терең ұғыну;
- теория мен практиканы біріктіру;



- бір-біріне құрметпен қарау, мәдениетті қарым-қатынаста болу;
- өз пікірін жақтай, дәлелдей білу;
- ізденіс, еркін таңдау, жеке пікір, топпен талқылау;
- қажет жағдайда көзқарасын өзгерту т. б.

Өйткені сын тұрғысынан ойлау – ең алдымен танымдық ойлау. Сын тұрғысынан ойлайтын білімді жастар ғана егеменді еліміздің ертеңін баянды етіп, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қоса алады. Сондықтан білімгерлер оқытушы берген білімді, іс-әрекет тәсілдері мен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағылымдарын игеріп қана қоймай, оны әрі қарай өзінің белсенді, нысаналы, зерделі сын тұрғысынан ойлау іс-әрекетімен сабақтастыруға тиіс. Осыған орай, білімгерлердің сын тұрғысынан ойлау белсенділігін қалыптастыруды арнайы ұйымдастыру - оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты болып табылады. Оны жүзеге асыру білімгерлердің сын тұрғысынан ойлау белсенділігі мен ізденімпаздығын ынталандыруға септігін тигізетін оқу үрдісін ұйымдастырудың тәсілдерін, әдістері мен нысандарын іздестіруге өзекті сипат береді.

Педагогикалық технология жетілдірілген оқыту мен тәрбие жүйесін құрумен, оқу тәрбие үрдісінің жоғары білімгері айналысады. Педагогикалық технология басқарылатын, қайта жаңартылатын оқу тәрбие үрдісінің жоғары білімгерді көздей отырып, білім берудің негізгі мақсаты мен міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін ғылыми тұрғыда негізделген амал тәсілдердің жүйесін құрайды. Оның негізгі құрылымы мыналар болып табылады: а) тұжырымдамалық негізі; ә) мазмұндық бөлімі (мақсаты, мазмұны); б) әрекеттілік (процессуалдық) бөлім – технологиялық үрдіс (оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру, білімгердің ұжымдық іс - әрекетінің әдістері мен формалар; оқытушының оқу-тәрбие ісін басқару әдістері мен формалары; оқу-тәрбие үрдісінің диагностикасы).

Қазіргі кезеңде білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияларды игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл оқытушы болуын қажет етеді. Білімгерлердің сын тұрғысынан ойлау белсенділігін, ақыл-ой қабілеттерін дамытуда, оқуға қажетті біліктер мен дағдылар, алған білімнің саналылығы және біліктілігін қамтамасыз етуде көрнекіліктер мен инновациялық технологиялардың маңызы зор.

Сын тұрғысынан ойлау белсенділіктен шығатын негізгі факторлардың бірі «энергиялық» теория. Ағзаның белсенділігін түсіндіру үшін З. Фрейд психологияға алғаш «психикалық энергия» ұғымын енгізді. Психикалық энергияның сандық көрсеткіштеріне ерекше көңіл аудара отырып, З. Фрейд [69,143с.] табиғаттың психикалық энергиясына түсінуге өзінің ешқандай жақын мәліметі жоқ екендігін мойындады. Келесі ғалым Ч. Спирмен екі қабілет бойынша корреляция олардың ішкі туыстық, ұқсастық емес, «жалпы

психикалық энергия жинағы», «джи-фактор» (general-жалпы) мағынасы ретінде шартталған. Бірақ, Ч. Спирмен уақыт өте келе, психикалық энергияның толық жинағының көлемін ақыл-ой қабілеттерінің даму деңгейін дәстүрлі әдістерге сүйенбей-ақ анықтап, өлшеуге болатынын болжады [70,5с.].

Ресейде «энергетизмнің» жарқын өкілдерінің бірі А. Ф. Лазурский[71,9с.] болды. Оның пікірінше, белсенділік - жалпы психологияның негізгі ұғымдарының бірі. Лазурский энергия және белсенділік - ерік күші емес, ол біздің барлық жан процесі мен көріністерінің негізінде жатқан кең дүние деп - атап көрсетті. Осылайша, С. Л. Рубинштейн [72,21с.] адамның сыртқы ортаға бейімделу деңгейімен байланыстырып қана қоймай, адамның іс-әрекетін түбегейлі өзгертетін оның алдында тұрған теориялық және практикалық міндеттерді шешуде деп айтты. Бұл іс-әрекеттің мазмұны ең алдымен белсенділік, ынталану, қоғамның бейімделуіне қажетті жаңа идеялар тудыру. Дегенмен сыни ойлауды дамытатын оқу шарттары бар екенін естен шығармау керек. Олар төмендегідей:

- Білімгерлерге ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру.
- Әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.
- Білімгерлердің оқу үрдісіндегі белсенділіктерін мадақтау.
- Кез-келген білімгер сыни шешімді қабылдай алатын қабілетіне сенімдік білдіру.
- Сыни ойлауды бағалау.

Тиімді сыни ойлауға қатысу үшін студенттер өздеріне деген сенімдерін және өз пікірлері мен идеяларының құндылықтарын түсінуін арттыруға, оқыту үрдісіне белсенді қатысуға, басқалардың пікірлерін сыйлауға, пікірді қолдауға және құрастыруға дайын болулары керек.


«Сыни ойлауды дамыту» жобасын жүзеге асыру бағдарламасының құрылымы үш фазадан тұратындығын жоғарыда айтқанбыз. Олар өздерінің қызметтеріне байланысты аталады: *қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс*. Бұл сатыларды басқаша сабақтың құрылымдық кезеңдері деп те атауға болады. Өйткені СТО жобасымен жұмыс істейтін оқытушылар өздерінің сабақ жоспарларын осы үш саты бойынша құрады. Әр кезең «стратегиялар» арқылы жүзеге асады. СТО жобасында 80 ге жуық «стратегиялар» бар. Оларды мақсатты, тиімді қолдана білу оқытушының шеберлігіне байланысты. Енді осы кезеңдердің мақсат-міндеттеріне тоқталып өтейік.

*Бірінші кезең – қызығушылықты ояту.*


*Екінші кезеңі - мағынаны тану (түсіне білу).*

*Үшінші кезеңі - ой толғаныс.*

## Сын тұрғысынан ойлау технологиясы (стратегиялар)



## Күтілетін нәтиже



Сурет 2. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегиялары

ФАЗА. *Қызығушылықты ояту*. Үйрену процесі – бұрынғы білетін мен жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктердің өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы білімгерлер не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғау, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін «Топтау», «Түртіп алу», «ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау» т. б деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған.

II ФАЗА. Ойлану мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі *мағынаны тану (түсіне білу)*. Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Білімгерлердің тақырып бойынша жұмыс жасауға көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі INSERT. Ол бойынша білімгер оқу тақырыппен танысу барысында:

V – «білемін»

- білмеймін

+ - мен үшін жаңа ақпарат - ?

– мені таңқалдырады белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады.

III ФАЗА. Тақырып туралы *ой толғаныс*-бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту үрдісінде білімгердің толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарау, баға беру назардан тыс қалып жатады. Дәл осы кезеңде үйренуші не үйренгенін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді. Белсенді түрде өз білім үйрену жолына қайта қарап, өзгерістер енгізеді, яғни нағыз білім шыңына көтеріледі, үлкен әлемге енеді. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасындағы оқытушы үйрену үрдісінде білімгерге серік болып бірге жұмыс жасап, оларға сеніммен қарап өз ойын, ақылын көрсете сөйлеуге қолдау көрсетіп отырады. Яғни, оқытушы бүкіл қайнаған істің ортасында білім алу (үйрену) ісін ұйымдастырушы деуге болады.

Жоғарыда стратегиялар (әдіс) туралы сөз қозғадық. Мысалы, көптеген СТО жобасымен жұмыс істейтін оқытушылар «еркін жазу», «Венн диаграммасы», «дөңгелек үстел», «эссе жазу», «қос жазба күнделігі», «ЖИГ СО», «Көп деңгейлі сұрақ» т. б. Түсініктірек болу үшін солардың біразына сипаттама берейік.

*Еркін жазу стратегиясы*. Бұл әдісті сын тұрғысынан ойлау жобасындағы сабақтың үшінші ой толғаныс кезеңінде пайдалану тиімді. Оқытушы сабақ бойын қарастырылған жаңа ақпарат жайлы, одан алған әсерін, не үйренгенін, нені әлі де біле түсу керек екенін тағы басқа жайлы өз пікірін қағаз бетіне түсіруді тапсырады. Жазуға уақыт береді. Уақыт аяқталған кезде студенттер өз жазғандарымен топ мүшелерін таныстырады. Ең жақсы деп танылған жұмысты ұжымда оқуға болады. Білімгерлерді алған білімдерін қорытуға оған сын көзбен қарап, ойын түйіндеуге үйрететін бұл әдісті кез келген сабақта қолдануға болады.

*Венн диаграммасы*. Бір-бірімен айқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін объектілердің сипаттамалары жазылады. Ал айқасқан

жерген екеуіне ортақ сипаттар тізіледі. Салыстыруға арналған тапсырмаларды осы диаграммаға салып білімгерлер қызыға толтырады яғни салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгереді.

*«Көп деңгейлі сұрақ» стратегиясы.* Тура сұрақтар (Litera 1 level). Мұндай сұрақтар қандайда бір фразаны немесе түрлерін еске түсіру үшін қойылады. Сұрақтардың жауаптары мәтіннің ішінде кездеседі, білімгерден оны жаттап алып, айтып беру талап етіледі. Өзгертуді талап ететін сұрақтар (translation questions) жауап берушіден мағлұматты басқа формада жеткізуді күтеді. Мұндай сұрақ қою кезінде білімгер ойша болатын жағдайды елестетіп көріністі суреттеп берулері керек. Яғни, білімгерлер ойша елестеткен кейіптер мен дыбыстарды талқылайды. Олар ең алдымен елестету тәжірибесін жинайды, содан кейін сөйлеу арқылы басқаларды өз қабылдауымен таныстырады. Интерпретациялау-сұрақтары (interpretation) білімгерлерді идеялар мен фактілер, анықтамалар мен құндылықтар арасындағы байланыстарды табуға үйретеді. Сұрақ-тіркеме (application questions) білімгерлерге мәселені шешуге немесе келесі мәселенің логикасы мен себептерін зерттеуге мүмкіндік береді. Сұрақ – баға (Evaluation questions) білімгерлерді жақсы, жаман деген сияқты қорытынды шешім қабылдатады.

*ЖИГ СО – ұжымдық оқыту әдісі.* Мақсаты жалпы мәселені алдымен жұпта, сосын ұжымда талқылау. Бұл жағдайда әрбір білімгер бір сәт өзін оқытушы ретінде сезінеді, оқуға деген жауапкершілігі артады. Әдісті қолдану төмендегіше ұйымдастырылады. Алдымен ұжым 4 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Бұл «жанұя» топтар деп аталады. Содан кейін 1, 2, 3, 4-ке санау арқылы 1-лер бөлек, 2, 3, 4-өз алдына «жұмыс» тобын құрайды. Оқуға ұсынылатын материалдың тақырыбы талқыланған соң, осы мәтінді түсіну қажет екендігі ескертіледі. 4 логикалық бөлікке бөлінген мәтіннің 1-бөлігін 1-лер, 2-бөлігін 2 санын алғандар, 3, 4 – нөмірлі топтарға оқуға тапсырылады. Жұмысты бастамас бұрын білімгерлерге «жұмыс тобында» мәтіннің тиісті бөлігін жақсы меңгеру қажеттілігін, өйткені сол бөлікті «жанұя топ» білімгерлеріне түсіндіруге жауапты екенін, мәтінді тұтас түсіну әр білімгерлер ыждағаттылығына байланысты екенін түсіндіру қажет. Келесі кезекте ұжым мүшелері бастапқы топтармен қайта табысып, өздерінің үйреніп келген бөліктеріндегі мазмұнды ортаға салады. Осылайша ұжым мүшелері бірін-бірі оқытуға, сол арқылы ойлауға үйренеді.

ЖИГ СО – стратегиясы мазмұнды жоғары табыспен меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін өте тиімді. Білімгердің оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды. Сондай-ақ олар оқытушыны, мектеп қызметкерлерін түсіну, оларға деген дұрыс көзқарасқа үйренеді.

*«Қос жазба күнделігі» стратегиясы.* Қандай да бір мәтін, әңгіме оқыған кезде білімгерлер дәптерлерінің ортасынан вертикаль сызық жүргізеді. Мәтінді оқу барысында олар сызықтың бір жағына эсер еткен тұстар мен үзінділерін жазса, екінші жағына пікірін, яғни, нені еске түсіретінін, себеп салдарын жазады. Барлық білімгерлер тапсырманы орындап болған соң жұпта, топта

талқылау ұйымдастырылады. Жұмыс аяқталған кезде оқытушы қорытуға арналған әзірлеп келген сұрақтарын қойып, жауаптар алады.

Осылайша сыни ойлауды дамытуда қолданылатын стратегиялар білімгерлерге мынандай мүмкіндіктер береді:

- айқын мақсат қоя білу;
- белсенді қатысуды қолдау;
- жақсы дискуссияның болуына себеп тудыру;
- өзінің жеке сұрақтарын құрастыру мен қоюға деген ынталарын жандандыру;
- өзінің жеке пікірі мен ойын білдіруге көмектесу;
- оқуға деген студенттердің мотивацияларын қолдау;
- басқалардың пікірлерін де сыйлау керек деген атмосфера құру;
- кейіпкерлерге деген сезімдері мен елестету қабілеттерін дамыту;
- өзгеруге стимул болады;
- сыни ойлауды дамытуды жоғары деңгейде қамтамасыз етеді.

«Сыни ойлау», бұл – американдық көптеген ғалымдардың алдыңғы қатарлы идеялары негізінде құрылған жоба. Шығыс даналығы былай дейді: «Маған айтсаң, ұмытып қалам, көрсетсең есімде қалар. Ал, өзім істесем, үйреніп алам». Яғни, тұлғаның ынтасын жетелеу, қызығушылығын ояту арқылы оқыту, үйрету қажет деген сөз. Сыни тұрғыда ойлау – оқытушының бағыттауымен білімгердің өз бетімен білімді игеруге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға тәрбиелейді. Ойлау да, оқу, жазу, сөйлеу және тыңдау сияқты іс-әрекет. Ол – белсенді, тұжырымдалған, күрделі шын ойды айтатын құбылыс. «Сыни тұрғыдан ойлау қабілетін оқу мен жазу арқылы дамыту» бағдарламасымен оқытуда білімгерлердің кестелер, суреттер, оқулық дәптермен жұмыс істеу іскерліктері де артады.

Осы бағдарламамен оқыту нәтижесінде білімгерлердің өзін-өзі бақылау, бағалау, сөйлеу, тыңдау қабілеттерінің артатыны байқалады. Сыни тұрғыдан ойлаудың стратегиялары өте көп. Ол іс-әрекеттер білімгерлерге:

- еркін ойлауға мүмкіндік береді, танымдық белсенділігі арттырады;
- ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді;
- тіл байлығы жетіледі, жан-жақты ізденеді, өз ойын жеткізеді.

Ойлау процесі объект пен субъектінің өзара әрекеті ретінде жүзеге асады. Ойлауды психологиялық тұрғыдан зерттеу дегеніміз-оның ішкі, танымдық құпия мәнін және жемісті болуының себебін ашып көрсету, яғни сыни ойлаудың мәнін және жемісті болуының себебін ашып көрсету,яғни ойлаудың мәнін зерттейді, әрбір адамның өзіндік ойлау ерекшеліктерін дамытып отыруға аса мән береді. Ақыл-ой еңбегі мәдениеті, ойлау мәдениеті, сыншыл ойлау мәдениеті. Осылайша, оқу бағдарламаларына сәйкес білімді меңгеру студенттің күрделі ақыл-ой еңбегін, жақсы есті дамыған қиялды және оқуға танымдық тұрғыдан келуді талап етеді.

Ойлау мәдениеті түсінігін А. Қасымжанов, А. Ж. Келбұғанов ойлау қабілеті дамуының белгілі бір дәрежесі ретінде түсінеді, яғни тар мағынасында ол "Ойлаудың қағидалық әдісі немесе ұғымдарға сүйеніп ойлау өнері".[73,276] Бұл бәрін терең, әрі жан-жақты қарастыруға көмектесетін, сол арқылы мәңгі

даму үстіндегі әлемді дұрыс қабылдайтын ойлаудың әдістері мен тәсілдерін меңгеру арқылы қол жеткізу.

Бұл жерде сөз ақыл-ой процестерінің сырттан басқарылуы оқытушы тарапынан, бағдарламалық оқулықтарымен, оқытатын құралдар, электронды машиналар жөнінде ғана емес, оқу әрекеті барысында саналы түрде өзін-өзі басқару және өзін өзі реттеу жөнінде де болып отыр. Ал бұл үшін білімгерлерге, оның жеке-психологиялық ерекшеліктерін, оның оқу және практикалық әрекетке қатынасын ескере отырып ықпал ету керек және оның меңгерген өзіндік жалпылама тиімді тәсілдерін меңгеруін қамтамасыз етуі қажет. Сын тұрғысынан ойлау білік-дағдыларға үйрету бір-бірімен тығыз байланысты болатын төрт мәселені қамтиды: ойлау әрекетінің саналы болуына қажеттілік қалыптастыру, әрекет ету бойынша жалпы ережелерді білу, бұл әрекеттерді тәжірибе жүзінде тексеру және өзін-өзі бақылау. Білімгерлерді керекті себептендіруді */мотивация/* тудыру үшін оларда ойлау үрдісінің өзін саналандыруға */рационализация/* қажеттілік пайда болуы, оны дамыту туралы неғұрлым кең мәселеге өсетін белгілі бір нақты әдіс қолданылады. Зерттеулер көрсеткендей, бұл қажеттілік оқыту барысында ақыл-ой әрекеті әдістерінің ұзақ уақыт қалыптасуы нәтижесінде пайда болады. Ойлауды саналандыруға қажеттілік ойлау мәдениеті әдістерін тиімді меңгерудегі қажетті алғы шарттардың бірі болып табылады.

Бұл жағдайда білімгер есіне үлкен көлемдегі ақпараттарды сақтай алады, бірақ оны пайдалана алмауы да, құрғақ жаттап алған материалдың мазмұнын жете түсінбеуі де мүмкін. Міне осы жерде ойлау мәдениетіне үйрету керек болары сөзсіз. Бұл жерде біз ойлау мәдениетіне тоқталамыз. Соңғы кездердегі педагогикалық ізденістерде ақыл-ой біліктерінің мақсатты түрде дамуына ойлау әрекетінің арнайы қалыптасуына ерекше назар аударылуда, яғни ойлау дағдыларына үйретуге, танымдық ізденіс процестеріне ден қойылуда. Ойлау мәдениеті үшін төмендегідей сапалар тән болуы тиіс: *айқындық, қайшылықсыз, бірізділік, негізділік, дәйектілік*, яғни ойлау тәртібін құрайтын заңдылықтар басшылыққа алынады.

Білімгерлерді ой еңбегіне тәрбиелеу түгелдей оқыту-тәрбие жұмыстарының кезінде үздіксіз жүріп отырады. Ақыл-ой тәрбиесінің табыстылығын айқындайтын негізгі факторлар; оқу материалдарының мазмұны, оқыту әдістері және білімгердің сол арқылы реттеле ұмтылдың, қоршаған өмірге байланысты жеке өзіндік тәжірибесі арқылы бекітілген танымдық әрекеті және ақыл-ой дамуының дәрежесі болып табылады.

Білім берудің мазмұны адам жинақтаған әлеуметтік тәжірибенің барлық элементтерін қамтиды және білім мазмұны оқыту үдерісі компоненттерінің бірі ретінде қолданыс табады.

В.С.Леднев білім мазмұнын тұтас жүйе ретінде талдау қажеттігін айта келіп, оған өзгеше анықтама берді «білім берудің мазмұны - тұлғаның жеке қасиеттері мен сапасындағы прогрестік өзгерістер, үдерістер мазмұны, оның қажетті шарты, ұйымдасқан іс-әрекет болып табылады» [74].

Білім беру мазмұны – ғылыми білім, білік пен дағдылар, шығармашылық тәжірибе мен қатынас жүйесін, тәрбиеленушіде ақыл-ойы мен дене қабілетін,

жан-жақты дамуын, оларды дүниетаным, мораль, мінез, қоғамдық өмір мен еңбекке дайындауды қамтамасыз етеді [75, 50 б.].

Қазіргі уақытта қоғамның алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі, барлық білім беру жүйесін түбегейлі өзгертіп, дүниежүзілік деңгейге сай келетін, жастарға сапалы білім беруге жағдай жасайтын және олардың үйлесімді дамуына, олардың тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған жаңа үлгідегі мектеп құру болып отыр. Бұл мәселенің шешімі орта білімнің 12 жылдық білім беру жүйесіне көшумен астасып жатыр. Еліміз 12 жылдық орта білім беру жүйесіне көшу мәселесін шешуде алыс-жақын шетелдердің іс-тәжірибелеріне және соңғы кездегі педагогика мен психология ғылымдарының алдыңғы қатарлы зерттеу нәтижелеріне сүйенуде. Бұл білім беру ошақтарының үйлесімді дайындығын, барлық мұғалімнің өз ісін қайта қарауды, білімінің теориялық және әдістемелік тұстарынан жетілдіруді талап ететін үлкен мәселе.

Қазіргі кездегі білім беру сапасы оқушылардың әр түрлі қызмет саласындағы мәселелерді өз бетінше шешу мүмкіндігін қамтамасыз ететін қалыптасқан құзыреттіліктерді игерту арқылы көрінеді. Яғни, бастауыш сыныпта қазақ тілін пәнін түсіну деңгейінде оқыту үдерісінің бүгінгі жағдайын айқындауда бастауыш сынып пәндерінің базалық білім мазмұнын, бастауыш мектеп оқушысының құзыреттіліктерін және педагог мамандардың құзыреттіліктерін анықтап алу қажеттілігі туындайды.

Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын оқушылар ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы, білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ тәрбиелеу - басты мақсат болып табылады. Осы мақсатта бастауыш мектеп оқушысының төмендегідей құзыреттіліктерін атап өтуге болады:

- тұлғалық құзыреттіліктер;
- азаматтық құзыреттіліктер;
- әлеуметтік құзыреттіліктер;
- басқару құзыреттіліктер;
- коммуникативтік құзыреттіліктер;
- ақпараттық құзыреттіліктер;
- технологиялық құзыреттіліктер [76, 84 б.].

Бастауыш білім берудегі күтілетін нәтижелердің екі деңгейлі жүйесі тұлғаның даму деңгейінің өлшеушісі болып табылады. Күтілетін нәтижелер түйінді және пәндік құзыреттердің біріктірілген біртұтастығын көрсетеді.

Түйінді құзыреттерге:

- ақпараттық құзырет;
- коммуникативтік құзырет;
- проблемалардың шешімін табу құзыреті жатады.

Түйінді құзыреттер пәнаралық сипатта қабілет ретінде ең алдымен қалыптасады және оқу пәндері арқылы әрбір білім беру салаларындағы орнына сәйкес дамиды.

Бастауыш сынып пәндерінің базалық білім мазмұнының құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталуы төмендегіше анықталады:



- сауат ашу пәні бойынша: оқу құзыреттілігі, жазу және каллиграфия құзыреттілігі, байланыстырып сөйлеу құзыреттілігі;
- қазақ тілі пәні бойынша: тілдік құзыреттілік, сауаттылық (каллиграфиялық, орфографиялық және тыныс белгілері) құзыреттілігі, коммуникативтік құзыреттілік;
- әдебиеттік оқу пәні бойынша: аналитикалық-бағалау құзыреттілігі, коммуникативтік құзыреттілік, оқырмандық құзыреттілік, шығармашылық құзыреттілік;
- математика пәні бойынша: пәндік құзыреттілік, ақпараттық құзыреттілік, мәдени құзыреттілік, әлеуметтік құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік;
- дүниетану пәні бойынша: ақпараттық құзыреттілік, қарым-қатынастық құзыреттілік, ғылыми-жаратылыстанушылық құзыреттілік, физиологиялық құзыреттілік, экологиялық құзыреттілік;
- Музыка пәні бойынша: мәдениеттану құзыреттілігі, эстетикалық құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік;
- Бейнелеу өнері пәні бойынша: бейнелеушілік құзыреттілік, мәдени құзыреттілігі, эстетикалық құзыреттілік, өнертанушылық құзыреттілік;
- еңбек пәні бойынша: мәселені шешу құзыреттілігі; технологиялық құзыреттілік, ақпараттық құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік, экологиялық құзыреттілік;
- дене шынықтыру пәні бойынша: білімдік құзыреттілік, құндылық құзыреттілігі, ақпараттық құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік, әлеуметтік құзыреттілік.

Қазақстан Республикасының әлемдік өркениетке кірігуіне қатысты білім беру сапасына қойылып отырған заман талабы – шығармашылықпен жұмыс істей алатын, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеп қалыптастыру. Қазіргі білім беру жүйесіне еніп отырған жеке тұлғалық, іс-әрекетті, құзыреттілік тұрғылар жалпы білім беруді ұйымдастырудағы жаңаша көзқарас ретінде қарастырылуда.

Қазақстан Республикасының бастауыш білім беру жүйесі оқушылардың оқу, жазу, санау іс-әрекеттерінің біліктері мен дағдыларын, теориялық ойлаудың элементтерін меңгеруін жүзеге асырады. Оқу әрекеттерін өзін-өзі бақылаудың қарапайым дағдыларымен және тәрбие және сөйлеу мәдениетімен, салауатты өмір салты мен жеке бас гигиенасымен қамтамасыз етеді. Бастауыш білім берудің негізгі мақсаттарына: оқу, жазу, санау, есептеу дағдылары қалыптасқан және ойын, оқу, еңбек, қарым-қатынас сияқты әрекет түрлерін меңгерген, тұлғалық қасиеттерін, құндылық қасиеттерін бойына сіңірген, өзін-өзі бақылай және бағалай алатын, салауатты өмір салты мен жеке бас гигиенасын сақтайтын, шығармашылық қабілеттері дамыған жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуына мүмкіндік жасайды.

Бастауыш білім берудің деңгейінде 1-4 сынып оқушыларын оқытудың негізгі міндеттері:

- оқу іс-әрекетінің негізгі дағдыларын қалыптастыру;
- оқушылардың жеке басын, олардың шығармашылық қабілеттерін, оқуға деген қызығушылығын дамыту, оқу дағдысы мен икемділігін қалыптастыру;
- адамгершілік қасиет пен эстетикалық талғамға,

эмоционалдық құндылыққа, өзіне және қоршаған ортаға деген оң қарым-қатынасқа тәрбиелеу;

- салауатты өмір салтын, денсаулық пен жеке бас гигиенасын және өмір қауіпсіздігін сақтау мәдениетіне баулу болып белгіленген.

Бастауыш білім стандартында пәннің мақсаты, міндеттері белгіленген және құрылымы негізгі ғылыми талаптарға сәйкес жүйеленіп, оқушылар біліміне қойылатын талаптар айқындалған. Онда берілген пәндер бойынша берілетін білімнің басқа пәндермен сабақтастығын айқындау, дамыта оқытудың мүмкіндіктерін қарастыруға қатысты негізгі көрсеткіштерге баса көңіл бөлінген.

Ал, бастауыш білім берудің оқу бағдарламалары оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң мотивтері мен іскерлігін, негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кеңінен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

Оқу бағдарламасы – белгілі бір оқу пәнінен берілетін білім мен меңгерілетін дағдылардың мазмұны мен көлемін және оқу жылындағы алатын орнын белгілейтін құжат [77, 158 б.]. Оқу бағдарламасының мазмұнында белгілі бір оқу пәнін оқытудың мақсаты, бағдарламаның жалпы құрылымы, оқу материалының жүйесі, оқытудың әдістері мен оқытуды ұйымдастыру формаларының ерекшеліктері көрсетіледі, сынып және сыныптан тыс оқыту жұмыстарының басқа пәнаралық байланыстары анықталады. Оқу бағдарламасы белгілі бір қағидаларға сүйене отырып жасалады. Жас ұрпақтар үшін бағдарлама мазмұнының тәрбиелік мәнінің болуы яғни тәрбиенің бірінші орында болуын айғақтатады. Оқыту мазмұнының ғылыми жақтан көрінуі, оқу материалының оқушылардың жас ерекшеліктеріне және білім деңгейлеріне сай жасалуы, оқылатын объективті дүниенің құбылыстары мен оқу пәндері арасындағы табиғи жалғастықты бейнелейтін өзара байланыс негізге алынады.

Оқытуда деректер мен теориялық қағидаларды білмейінше, даму жоқ және болуы да мүмкін емес. Оқытудың түрлі әдістері тұлғаның қалыптасуына өз әсерін тигізіп отырады. Өзіндік жұмыстар арқылы білімгерлердің оқытудың әдістері мен психологтар мен дидактиктер жасаған студенттің ойлау әрекетіне меңгерту тәсілдері тығыз байланысты. Оқыту үрдісінде ойлаудың дамуы жіктелмелі түрде жүреді. Қандай да бір сабақта дамуға қол жеткізгені анық көрініс беруі керек. Бір сабақтарда даму және меңгеру анық көрініп тұрса, кейбір сабақтарда ол елеусіз ғана болуы мүмкін.

Әрекет ету сипатына қарай және қайшылықтарды шешудің оқу танымындағы жолына қарай ойлаудың түрлі деңгейлері туралы айтуға болады. Білімгердің бұлайша әр деңгейдегі дайындығы әртүрлі нұсқаларды құрастырудың объективті негізі ретінде танылады, ол үшін оқытудың барынша түрлі әдістерін қолдану керек, яғни түрлі дидактикалық құрылымдарды, ерекшеліктерді ескеретін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін ойластыру қажет болады. Білімгерлер топтаса отырып бір-біріне қарым-қатынасы күшейеді, қызығушылығы артады, ойлау қабілеті жетілдіріледі, іс жүзінде пайдалана

білуге үйретеді. Ал осы алған білімдерін бекіту мақсатында макро топпен *дебат* сабағын ұйымдастыруға тиімді екенін көрсетеді. Соның арқасында білімгердің білім сапасы көтеріледі.

Сөйлемейтін білімгердің өз ой – пікірін жеткізу үшін маңызы зор. Олардың ойлау қабілеті дамиды, көп ізденіс танымдық пен жұмыс істеуіне тақырыпты жан-жақты ашуына мүмкіндік тудырады. Осы программамен оқу кезінде тек білімгер емес оқытушының да өзінің педагогикалық ойлау әрекетіне деген ой әсерлі мотивацияны қалыптастырады. Алда тұрған жұмыстар, міндеттер көп. Соның кейбір жолдарын, түрлерін, әдістерін әр қарай жетілдіріп жасау біздің қолымызда.

Білімгердің ой өрісін дамытуға топпен жұмыстың тиімділігі білінеді.

Білімгердің сабақты жақсы түсінетін түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып ұйымдастыруға тырысу қажет. Осы мақсатта білімгерлерді микро топқа, макро топқа бөлу керек. Білімгер алдын ала берген тапсырма бойынша жан-жақты дайындық жасайды. Білімгер толық түсініп өз дәрежесінде ұғып қабылдаса, ол ұмытылмай есте жақсы сақталады. Сондықтан әрбір өтілген тапсырма, тақырыпта топтасып отырып, білімгерлер өз білгенін бір-біріне жеткізуге тырысады. Психологиялық заңдылықтар, құбылыстар, заттардың қасиеттері т. б сипаттай отырып, өз білімдерін жинақтауға мүмкіндік туады. Схема, сурет, сызбанұсқа түрінде қорытындылайды.

Білімгерлерді топпен жұмыс істете отырып ойлау қабілетін дамытуға болады. Өзін-өзі тануына, білім алуына жақсырақ ұйымдастыру үшін пайдалы болу керек. Сонымен бірге топтаса отырып бір-біріне көмек жасалады, ақыл ойынның білімгердің дамуына мүмкіндік жасайды. Білімгер топпен жұмыс істеу арқылы оқудағы, еңбектегі, барлық басқа іс-әрекеттегі оның жетістікке ұмтылуына, табанды мағыналы болуына әсерін тигізеді. Әр кездегі қиындықтан шыға біліуіне ықпал етеді. Топпен жұмыс істеу білімгердің болашақ жетістіктерін болжауға көмекші бола алады. Білімгер өзін бағалай біледі.

«Сыни ойлау» жобасы әр шәкірттің өзіндік түсінігін қалыптастыруына мүдделі, осылай олар өзінің теңдесі жоқ ерекшелігін айқындап, соған иланады.

Мұндай жағдайда ақпарат оқытудың нәтижесі емес, оның бастапқы кезеңіне айналады: білімгер осы мәліметті түсініп, талдап, оны өзінің әлеуметтік тәжірибесі тұрғысынан бағалай отырып, соның негізінде өзінің түсінігі мен түйісінуімен байланысты жаңа білім құрастыруға дағдыланады, оны керегіне жарата алады. Осылай оқыту үрдісінде білімгер білімді игеруге және жаңа білім құрастыру дағдылар мен әдістемесіне үйренеді.

Қазіргі қолданып жүрген сын тұрғысынан ойлауды дамыту жобасын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу – оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. Мақсатқа жету білімгерлердің өзі арқылы жүзеге асады. Оқытушы - ұйымдастырушы, бағыт беруші, топта шешім жасаушы және үкім кесуші оқытушы емес, білімгер екендігі туралы пікір қалыптастырады, яғни білімгер-басты тұлғаға айналады, «білімгер оқу әрекеті-оқытушы» жүйесі қажет болады. Бұдан оқытушы рөлі төмендемейді, тіпті 2-3 есе жоғарылайды, енді ол білімді беруші ғана емес, танымдық іс-әрекеттерді әр білімгерге лайықтап ұйымдастырушы, білімгердің қабілет көзін ашушы тұлға. Сөйтіп өз тәжірибемізде осы жаңа бағыттардың ортақ нүктесі қиылысар жерінде бір-

бірімен ұштастыруға, өзара байытуға үлкен мүмкіндік барын көріп отырмыз. Дәл осы тоғысудан ізденгіш оқытушы өзі үшін көп нәрсе алары сөзсіз.

Білімгерлердің таланттарын шыңдай түсуін, танымдықтарын көрсете білуін және оны жетілдіре меңгеруін қалаймыз. Ол үшін әр мектеп оқытушы білімгерлердің табиғи нышандарының оянуына, оның ақиқатқа айналуына көмектесуі қажет. Осы тұрғыда «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасы өз уақытында қолға алынып, дидактиканың бүгінгі күні көкейкесті мәселесін шешуге бағытталған технология деуге әбден болады. Білімгерлердің акме-креативтілігін, шығармашылығын шыңдайтын, оны сыни ойы оқшау азамат етуге ықпалы мол әдістер жүйесі деп таныған жөн. Бағдарламамен жұмыс жасап жатқан оқытушылардың сабақтары және өз тәжірибемізді талдау, зерттеу осыны байқатты.

Бүгінгі таңда оқытушы қандай болу керек, оның кәсіби біліктілігі қандай жолдармен көрінеді? Оқытушы бірінші тұлға жанының тамыршысы болуы тиіс. Бұл ұстаздың өз мамандығына деген сенімділігі, бейімділігінен, айқын мақсатынан және тұлға жүрегіне жол таба білуінен көрінеді. Осы үшеуі оқытушы мейірімділігімен ұштасқанда нағыз тамыршы бола алады. Оқытуға деген ынта, өзіндегі барды асқан мейірімділікпен жеткізе білу ұстаз шеберлігінің бір қыры.

*Қорыта айтқанда*, соңғы жылдардағы қоғамдық және әлеуметтік өмірде болып жатқан елеулі өзгерістер жоғары оқу орны жағдайында білім берудің қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарға сын көзбен саралай отырып бағалауды, жастардың танымдық әлеуетін дамытуды талап етеді. Егеменді еліміздің білім беру жүйесі әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар, оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс- әрекеттерінде танымдық бағыт ұсынатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын маман етіп тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілуде.

Бүгінгі мемлекет алдындағы басты міндет – білім беру жүйесін жаңарту болып отыр. Қазіргі білім беру саласында оқытудың жаңа технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Осы мақсатта білімгерлерге білім беруде «сыни тұрғыдан ойлау қабілетін оқу мен жазу арқылы дамыту» бағдарламасын қолдану керек.

Сонымен қатар, ойлаумен ұштастыра білім алуды бағыттайтын оқыту технологиясы - оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту екендігіне көзіміз жетті. Өйткені, белгілі тақырыптағы ойды сын тұрғысынан қарай отырып, ой толғау, суреттей алу, еске түсіру, болжау білімгерді де жаңа бір әлемнің жаңалығын ашқандай қалыпқа жеткізеді. Әрі қарай ойын айтуға ынталандырады.

## 2.2 Сын тұрғысынан ойлау технологиясы элементтері арқылы 4 сынып оқушыларының түсіну деңгейіндегі білімін қалыптастырудың әдіс-тәсілдері

«Өркениеттің маңызды міндеті - адамды ойлауға үйрету»  
Т.Эдисон

Бастауыш мектеп жасында - интеллектуалдық даму қарқыны. Оқу үдерісінде жеке білімдер мен дағдыларды игеру ғана емес, оларды жалпылау, сондай-ақ зияткерлік операцияларды қалыптастыру ғана емес. Осылайша, осы сатыдағы ең елеулі өзгерістер мектеп оқушыларының орта буынға өту кезеңінде дерексіз және жалпылама сипатқа ие болатын ойлау саласында байқалады.

Қазіргі заманғы шығармашылық тұлғаны қалыптастыру қажеттілігіне негізделген, тиімді тұлғааралық және кәсіби қарым-қатынас, білім беру ғана емес, сонымен қатар оларды пайдалану қабілетін дамытып, сонымен қатар әмбебап оқыту ісін қалыптастыру қажет. Қазіргі өмір өзінің басымдықтарын айқындайды: ақпаратты тек қана меңгеріп қана қоймай, оны әртүрлі көзқарастардан қарауға үйрену керек, өз қорытындыларыңызды жасау керек. Сыни ойлауды дамыту технологиясы балаларды белсенді түрде ойлауға, талқылау, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау мүмкіндігін дамытады.

Түсіну деңгейінде оқытуды жүзеге асыру оқушылардың оқу материалын меңгеруі, пәнді терең түсіну мен білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Мектептің алдында оқыту сапасын едәуір арттыру міндеті тұр. Мектеп реформасының бағдарламалар мен оқулықтарды оқушылардың жас және дара ерекшеліктеріне сәйкес келтіру туралы талабының әлі жүзеге асырылмауы оның шешілуін қиындатады. Дегенмен әр мұғалім оқу материалын түсіну үдерісінің ерекшелігі туралы мағлұматтарға және оның жазбаша не ауызша баяндауының психологиялық талаптарына сүйеніп отырса, бүгіннің өзінде тиімді жұмыс жасай алатыны сөзсіз.

Оқу материалының қол жетімділігі ең алдымен оның мемлекеттік бағдарламамен айқындалатын ғылыми мазмұнының ерекшеліктеріне байланысты. Алайда ғылым логикасы білімді меңгеру логикасына сәйкес келмейді, сондықтан меңгеруге жататын пәндік мазмұн оқушылардың жас және мүмкіндігінше дара-типтік ерекшеліктеріне сәйкес қайта өңделіп отырады, ал оқу материалын түсіну – білімді тиімді меңгерудің орталық буыны, оған тығыз байланысты. «Тек ұғымды мағлұмат ғана оқушының ойлау мен тұлға құрылымына құрамдас буыны ретінде кіреді».

Оқу материалын түсіну оны саралауды, талдауды, жаңа ұғымдар мен заңдылықтардың маңызды белгілерін бөліп жинақтауды, мардымсыз белгілерден дерексіздендіруді талап етеді.

Психологиялық зерттеулер мектеп оқушыларының бір бөлігінде ұғымдардың араласып кету қателіктерінің, олардың мазмұнына мардымсыз белгілерді енгізуінің, ұғымдардың жүйесіне емес, олардың жеке белгілеріне бір жақты бағдарлануының бар болуын көрсетті.

Жаңа ұғымның, заңдылықтың мазмұны әдетте анықтамасында ашылады. Жиі бір-екі мысал не сурет негізінде айқындалады. Одан кейін берілетін жаттығулар әдетте тым бір-біріне ұқсас болып келеді. Бұл мектеп оқушыларының ойлау қабілетін төмендетіп, нақты материалдың жиі қайталанып берілетін жеке ашық түсті элементтер ұғымдар мазмұнына түйсіксіз енеді де, кейін оқушылар оларға бағдарланып, бұл жоғарыда айтылған қателіктерге апарып соқтырады.

Осындай қателіктердің алдын алу үшін оқулықтарда және мұғалім жаңа материалды баяндаған кезде оқу материалын оңтайлы түрлендіру қағидасын жүзеге асырған маңызды (Д.Н. Богоявленский, Н.А. Менчинская). Анағұрлым жиі кездесетін мардымсыз белгілерді түрлендіріп, нақтылаудың зерттелетін материалдың түйінін ашуға мүмкіндік беретін тәсілдерін таңдаған жөн; саралайтын белгілерді анықтай отырып, ұқсас жағдайлармен салыстырған дұрыс. Сонымен бірге зерттелетін ұғымдар мен заңдылықтардың елеулі белгілерінің әрқайсысын анық тұжырымдау (олар анықтамаға кейде енгізілмейді), сондай-ақ дерексіздендіруге жататын жиі кездесетін мардымсыз белгілерді көрсету қажет (Е.Н. Кабанова-Меллер).

Бағдарламалық материалдың, оны баяндау тәсілдерінің қол жетімділігі мәселесін шешу кезінде оқу үдерісінің даму міндетін ескерту маңызды. Ақыл-ойдың дамуы адамның жасына, ол тұратын қоғамдық-тарихи жағдайларға және ең алдымен оқу жағдайларына сәйкес оның өмірлік тәжірибесінің баюына байланысты туындайтын динамикалық жаңадан пайда болу жүйесінің қалыптасуынан көрініс табады.

Бастауыш сыныпта сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы ағылшын тілі пәнін түсіну деңгейінде оқыту педагогикалық әдістер арқылы жүзеге асады. Яғни, оқу материалдарын оқушының меңгеруі мұғалімнің тиімді әдістерді қолданғанда жүзеге асатыны айқындалды. Осы тұста, әдістеме - әдістер жиынтығы, оқыту немесе ғылымды зерттеу әдістері туралы ілім, педагогиканың жеке пәндерден берілетін білім көлемі мен мазмұнын негіздеп, оны оқытудың тиімді әдістерін зерттейтін саласы екендігі айқын. Жалпы алғанда жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту үдерісінің заңдылықтарын дидактика зерттейді. Ол заңдылықтардың жеке пәндерді оқытудағы өзіне ғана тән заңдылықтарын пәндік дидактика қарастырады. Бұлардың әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктеріне байланысты оқыту әдістемелері бар.

Оқушылардың материалды терең меңгере алуының психологиялық негізі сабақтың әсерлі де қызықты өткізілуіне байланысты. Сабақ психологиялық жағынан неғұрлым әсерлі болса, оқу материалын олар соғұрлым терең түсінеді. Бұл – мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне де байланысты мәселе. Сабақты психологиялық жағынан өте тартымды етіп құру үшін, негізгі үш жағдайдың болуы шарт: бірінші жағдай – сабақтың педагогикалық тұрғыдан ойдағыдай болуы. Оған қатысты мәселелер шартты түрде: мұғалім мен оқушылардың сабақ кезіндегі қарым-қатынасы, мұғалімнің өзін-өзі ұстау мәнері, оның өнегелі өнегесі, сыртқы келбет-пішіні, сөйлеу мәдениеті, оқушыларға қатаң талап қоюмен бірге, оларды сыйлай да білу, саналы адамгершілік пен парасаттылыққа баулу т.б. Мұғалімнің сабақта жеке

оқушыны өзіне қарата, зейінін аударып білуі сынып ұжымын тегіс меңгере алуын қамтамасыз етеді. Сабақтың теориялық жағы негізгі тактілермен дәлелденіп, оның ғылыми мәні көңілге қонымды болса, ол оқушылардың логикалық ойлау ынтасын арттырады және сабақ оқушыларға әсерлі болады. Үшінші жағдай – сабақтың әдістемелік жағынан тиімді болуы. Бұл мұғалімнің материалды баяндау әдісін шеберлікпен игере алуында, дидактикалық заңды принциптерді орынды қолдануына, қажетті көрнекі құралдар мен тәжірибе жұмыстарын тиісті кезінде көрсете білуіне байланысты.

Білім сапасына қойылып отырған жаңа ұстанымдарға байланысты оқу әрекетінің мақсаттылығына, мазмұнына үлкен мән берілуде. Оқушының ғылыми ұғымдар мен заңдарды түсініп, практикалық мәселелерді шешуге бағытталған ойлаудың жалпы амал-тәсілдерін, дағдыларын ғана меңгеріп қоймай, шығармашылық бағытта еңбектенуі – оқу әрекетінің негізгі мақсаты және нәтижесі болып табылады. Бастауыш мектептегі қазақ тілі пәнінің мазмұнын талдай келе, оқу пәндердің бір-бірімен байланысын, түсіну деңгейінде оқыту мүмкіндіктерін, осының негізінде оқушылар білімінің сапасын арттыруға болатындығын байқадық. Әр пәннің бағдарламасы сол пәннің мазмұны мен мақсатына қарай білім, білік, дағды, шеберлік қалыптастыра отырып, оқушылардың логикалық ойлауына, білім сапасын арттыруға әсер етуді қарастыратыны белгілі.

Түсіну деңгейінде оқыту түрлі мәселелердің шешімін таба білетін, білімін өздігінен жүйелей алатын, тұтас дүниетанымы бар эрудициялы тұлғаны тәрбиелеуге мүмкіндік туғызады. Түсіну деңгейінде оқыту арқылы бастауыш сынып оқушылары бар білімді жүйелі толықтырады және кеңейтеді. Бұл үшін түрлі білім мен іскерлікті синтездеу қажет.

Түсіну деңгейінде оқыту оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің дамуының мүмкіншіліктерін ұлғайтады. Оқушыларға білімді өздері ізденіп алуын үйретіп, интеллектуалдық деңгейін көтереді және оқуға деген қызығушылығын арттырады, ой-өрісін кеңейтеді. Бұл сабақтар оқушылардың сөздік қорын молайтып, сөйлеуін дамытады, өзіндік пікір қалыптастырады және ойын ашық айтуға дағдыланады.

Ағылшын тілінен білім беру әдістерін түсіну деңгейінде жіктеуде төмендегідей әдістемелік мәселелер өлшем етіп алынады. Олар мыналар: 1. Ағылшын тілінен білім беру әдістері білім көздеріне байланысты жіктеледі. Біз оқушылардың ағылшын тілінен теориялық білім алуы мен практикалық дағды қалыптастыруының негізіне тоқтап өтейік: а) оқушылар ағылшын тілінен алған білімдері мен дағдысын ұжыммен қарым-қатынас жасау негізінде кеңейтеді, еңбектің барлық саласында бір-бірімен сөйлеседі, көрген білгендерін әңгіме етеді, сөйтіп қарым-қатынас жасау негізінде белгілі бір білім негіздерін молайтады; ә) тілдік материалдарды іс жүзінде қолдануды оқушылар көркем әдебиетті оқу үстінде түсінеді; б) оқушылар білім меңгеру дағдыны ағылшын тіліне байланысты жүргізілетін тәлім тәрбие сабақтары мен сыныптан тыс орындалатын жұмыстар бойынша алады; в) білім мен дағды мұғалімнің түсіндіруі бойынша жеткізіледі; г) білім мен білік ағылшын тілі оқулығы бойынша қалыптасады, д) білім мен дағды арнайы таңдалған дидактикалық

материалдар диктант, мазмұндама, үлестірмелі карточкалар және түрлі көрнекі құралдар негізінде шоғырланады.

RWCT технологиясы - оқу және жазу арқылы ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыратын тұтас жүйе.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының даму мақсаты:

- Ашықтық, икемділік, рефлексиялық, позициялар мен көзқарастардың ішкі анықталмағанын, балама шешімдерді білетін жаңа ойлау стилін қалыптастыру.
- Сыни ойлау, қарым-қатынас, шығармашылық, ұтқырлық, дербестік, толеранттылық, өз таңдауына жауапкершілік және олардың қызметінің нәтижесі сияқты негізгі жеке қасиеттерді дамыту.

Негізгі міндеттері:

- мектеп оқушыларына себеп-тиімді қарым-қатынасты анықтауға үйрету;
- мектеп оқушыларына ақпараттың әртүрлі бөліктерінің қалай байланысты екендігін түсінуге үйрету[78].

Психологтардың айтуынша, бастауыш сынып жасындағы балалар шет тілін үйренуге өте икемді келеді, ал өскен сайын олар бұл қабілеттерін жоғалтып, белсенділіктері төмендейтіндігі дәлелденген.

Сондықтан да, тіл негізін бастауыш сыныпта қалап, әрі қарай еркін сөйлеп шығу деңгейіне жеткізу әр мұғалімнің алдына нақты мақсат-міндеттерді қойып, соны іске асыруда үлкен күш-жігермен жұмыс істеуге бағыттайды.

Ұстаздың қолындағы мықты екі қарудың бірі - терең білім болса, екіншісі - сол білімін оқушы бойына, санасына жеткізетін, дарытатын әдіс»тәсілі болуы қажет. Сондықтан да, СТО технологиясын ағылшын тілі сабағында сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін қолдану өте маңызды.

Бұл зерттеу жұмысымызда ағылшын тілінде сыныптарда 2-сынып оқушыларымен жұмыс істеуде RWCT технологиясының әдістерін қалай пайдалануға болатынын айтуға тырысамыз.

Бұл технология үш фазалық құрылымға негізделген:

### 1. Қызығушылығын ояту фазасы (Evocation).

Осы фазаның негізгі міндеттері:

- оқушылардың осы тақырыпқа қызығушылығын арттыру;
- осы тақырып бойынша өз білімдерін күшейту.

Бұл кезеңде келесі әдістемелерді (стратегиялар) қолданылады:

#### 1. Ассоциограмма әдісі

##### 1. Ассоциограммалардың мәні және түрлері.

Ассоциограмма - бұл графикалық, сөз-байланысты ассоциацияларды көрсету зерттелген құбылыс, ұғым, пән.

Ассоциограмма - бұл сонымен қатар стратегия, әдіс техникалық қабылдау, ойды белсендіру технологиясы тыңдаушылар тобы ретінде, жалпы сынып, сондай-ақ жеке оқушы, студент. Бұл сізге ойларды «бастауға» мүмкіндік береді оны нөлдік нүктеден жылжытыңыз ассоциациялардың көмегімен - (лат. Associatio - ко-бірлік, өзара байланыс) - «табиғи түрде кездеседі жеке оқиғалар арасындағы байланыстар, шағылысқан фактілер, заттар немесе құбылыстар санада және жадында бекітілген »

Оқыту технологиясы ретінде тұлғаға бағытталған үйлесімді бөлігі



оған негізделген тәсіл жеке тұлғаны тану және пайдалану ассоциациялар ағымының бірегейлігі және шексіздігі. Ол дивергенцияны дамытады және бейімділік ойлау.

Оның түрінде ассоциограмма жасай алады не көзбен елестету, не ауызша болу тұжырымдамалық, немесе математикалық-символдық. Мұның негізі жалпы қабылданған жіктемелер формалары - ойлау тілі, дизайн, презентация.

Практика құрылымы бойынша ассоциограммалардың бірнеше түрлері бар: еркін дөңгелек ассоциограмма; сөздік жылан; дәйексөз ассоциограмма; ассоциограмма-акростикалық; крест ассоциограмма; «Қосарланған Мен »; зерде картасы «MindMap» және т.б.

**Еркін дөңгелек ассоциация** Бұл жағдайда кез келген үшін бірлестіктер негіздер бір деңгейде жазылған. Ол мектеп сабағында жиі қолданылады және бірінші кезең үшін өте ыңғайлы бірлестіктермен жұмыс істеуге үйретеді.

**Сөздік жылан** (Словарная змейка) - логикалық түрде тапсырыс береді ассоциациялардың белгілі бір алдын-ала орнатылған ағыны (келісілген және қабылданған) ереже, заңдылық. Мысалы, оған негізделуі мүмкін құбылыстардың себеп-салдарлық байланыстарын ескеру. Сурет сабағында сіз ережені қолдана аласыз деңгей (дәуір - ел – көркем топ - шебер).

**Дәйексөз жасалған ассоциограмма** (Цитатная ассоциограмма)- ассоциограмма бір немесе бірнеше дәйексөздерден тұрады мәтіндер. Балалар баға белгілеулерін жақсы көреді. сілтеме жасай отырып құрастырылған суретшілер күнделіктері, бағдарламалық мәлімдемелер өнер ұжымдары.

**Ассоциограмма-акростикалық** (Ассоциограмма-акростих)- үшеуі оның белгілі түрлері: акростикалық кілт (бір сөзбен айтқанда) мәтін жолдарының бірінші әріптері мағынаны білдіреді шығармалар немесе өлеңге шешім - жұмбақтар); акростикалық арнау (алғашқы әріптерден бастап) өлең жолдары мекен-жайдың атын қосады); акростикалық шифр (біріншісі оқиды мәтін тікелей байланысты емес әріптер өлеңнің мазмұнын жаңасымен таныстырады, қосымша ақпарат).

**Ассоциациялық график** (Перекрестная ассоциограмма)- өзара байланыстағы ассоциациялардың күрделі ағыны, өзара әрекеттесу немесе қайшылық. Процесс барысында бейнелеу өнерінің бейнесін құру бірнеше ұқсас кескіндердің осындай тіркесімдері сияқты өте жемісті болып шығуы мүмкін олардың сыныптағы өзектілігін анықтайды өнер.

«Қосарланған мен» ассоциограммасы салыстырмалы сипатта болады оқушылардың сипаты, міндеті - зерттелетіндерге өз бірлестіктеріңізді анықтаңыз тұжырымдамамен қарастырылатын құбылыс, сонымен қатар басқа адамның көзқарасын анықтаңыз (мысалы, шығармашылығы зерттеліп жатқан суретші сабақта).

Қазіргі уақытта өте кең таралған ақыл-ой карталары (Mind map) - графикалық карталардың бір түрі зерттелген, ойдан құрастырылған, шынайы құрастырылған, жадыдағы немесе жоспарланған және қалауымен жасалған.

Ағылшын тілін пәнінде ассоциограмма-бұл оқушыларды активтендіру мен ұйымдастырудың құралы, жеке және ұжымдық ойлау қызметі. Уақыт өте келе мектеп бітірушілер немесе тәжірибелі білім беру практиктері үшін

бұлмаңызды құралдың бірі. Мұндай нәтижеге жету үшін мұғалімнің басшылығымен осы стратегияны балалары оқытып, түрлі әдістер жасалып отырды.

Диаграммалық байланыстар немесе ағылшын тіліндегі «Mind map»: «зерде картасы», «ой картасы»; «ассоциативтік карта»- түрлі білімдердің мазмұнын құрылымдық күйге келтіріп, оларды графикалық (сызықтық) түрлерде елестетіп, ұғынып, жеңіл қабылдауға көмектесетін оқытудың кешенді әдісі.

Ассоциограмма әдісін 1970-ші жылдары ағылшын ғалымы Тони Бьюзен (Tony Buzan) ұсынды. Ол: *әдеттегідей оқушылар мидың «қисынды ойлайтын», сол жақ жартысымен жұмыс істейтіндігіне көз жеткізді»* және осындай ұйғарымға келді келді.

Сондықтан әр оқушы миының оң және сол жақ жарты шарларын қатар дамыту үшін оның образды-шығармашылық түрде және қисындық-аналитикалық жолмен ойлауын дамытуға жәрдемдесетінін сол ассоциограммалық әдісі негізінде іске асатыныны мен графика негізінде көзге елестетудің бір әдісін ұсынды.

Бұл стратегия арқылы балалар жүйелі, нақты сөйлеуге үйренеді. Ағылшын тілінде сөйлеу балалар үшін оңай болмағандықтан сызбалар арқылы сөздерді есіне түсіруге болады[80]..



### Сурет 3. Жыл айларының аталуы

Мысалы: екінші сыныпта «About myself» тақырыбында бала өзі туралы айту барысында осы стратегияны қолдануға болады. Оқушы “me” деп жазып

немесе суретін жапсырып, сызбалар арқылы ары қарай өзі туралы нақты мәліметті жазады.

### 3. Жұмбақ

Бұл әдіс тілдің лексикалық жағында жұмыс істеу кезінде өте тиімді. Бұл оқушылардың есту және визуалды естеліктерін дамытуға ықпал етеді. Алғашында мұғалім жұмбақтарды жасайды, содан кейін оқушылар жұмбақтарды құрайды.

Мысалы, «Wildlife and Pets» тақырыбында жұмбақ:

It lives in the river.

It is from Africa.

It is big and angry.

It is green.

It likes meat.

Who is it? (a crocodile)

#### Кесте 4. «Жуан» және «жіңішке» сұрақтарының кестесі

«Жіңішке» сұрақтар - қарапайым, біртұтас жауапты талап ететін сұрақтар.

«Жуан» сұрақтар - егжей-тегжейлі, толық жауапты талап ететін сұрақтар.

Мысалы, сынақ сатысында оқушыларға «Танысу» / «Speaking about a new friend» тақырыбында «жуан» және «жіңішке» сұрақтарын қою ұсынылады.

“thin” questions	“thick” questions
Where are you from?	Why do you like Christmas?
How old are you?	Why are you sad?
When is your birthday?	Do you like winter? Why? Why not?
Have you got a pet?	What do you do to help your mum?

### 2. Мағынаны жүзеге асыру (Realization of meaning).

Осы фазаның негізгі міндеттері:

- жаңа лексиканы, жаңа грамматикалық құрылымдарды зерттеу;
- мектеп оқушыларына жаңа ақпаратты өздерінің білімдеріне үйретуді үйрету.

Бұл кезеңде келесі әдістерді (стратегиялар) қолдануға болады:


#### 1. Геометриялық фигуралар

Геометриялық фигуралар стратегиясы – бұл стратегияның құралдары геометриялық пішіндер. Мақсаты: оқушының сөздік қорын, әдеби, мәдени сөйлеу тілін, күрделі ойлау қабілетін дамыту. Себебі бала оқылып отырған мәтіннің кейіпкерлерінің мінез-құлқына, сипаттама бере отырып қорытынды жасайды. Кейіпкерлерді түрлі фигуралардың сипатына қарай ұқсастығын табады. Жұмыс жұпта немесе топта орындалады. Осы стратегияны Hansel and Gretel ертегісін түсіндіру барысында қолдануға болады. Балалар кейіпкерлердің жақсы немесе жаман қасиеттеріне сипаттама бере отырып қорытындылайды.

Мысалы: Hansel -

Gretel -

Their daddy –



Stepmother –  
Witch –

Сурет 3 Геометриялық фигуралар.

## 2. Көп деңгейлі сұрақ

«Көп деңгейлі сұрақ» стратегиясы. *Тура сұрақтар (Literal level)*. Мұндай сұрақтар қандайда бір фразаны немесе түрлерін еске түсіру үшін қойылады. Сұрақтардың жауаптары мәтіннің ішінде кездеседі, оқушыдан оны жаттап алып, айтып беру талап етіледі. Өзгертуді талап ететін сұрақтар (*translation questions*) жауап берушіден мағлұматты басқа формада жеткізуді күтеді. Мұндай сұрақ қою кезінде оқушы ойша болатын жағдайды елестетіп көріністі суреттеп берулері керек. Яғни, оқушылар ойша елестеткен кейіптер мен дыбыстарды талқылайды. Олар ең алдымен елестету тәжірибесін жинайды, содан кейін сөйлеу арқылы басқаларды өз қабылдауымен таныстырады. *Интерпретациялау сұрақтары (interpretation)* оқушыларды идеялар мен фактілер, анықтамалар мен құндылықтар арасындағы байланыстарды табуға үйретеді. *Сұрақ-тіркеме (application questions)* оқушыларға мәселені шешуге немесе келесі мәселенің логикасы мен себептерін зерттеуге мүмкіндік береді. *Сұрақ – баға (Evaluation questions)* оқушыларды жақсы, жаман деген сияқты қорытынды шешім қабылдатады[81] [<http://www.vestnik-kafu.info/journal/13/493/>].

## 3. Сұрақ-жауап

Бұл жұппен жұмыс істеудің бір жолы. Екі оқушы мәтінді оқып, әр параграфтан кейін тоқтап, оқулардың мазмұны бойынша басқа деңгейдегі сұрақтар қойды. Бұл пішін қарым-қатынас дағдыларын дамытады.

Мысалы, Д. Биссеттің «Ақылды Миранда» (“Clever Miranda”) (УМК “Enjoy English” Биболетова М.З. және т/б.) ертегісінің бірінші бөлігін оқып шығыңыз.

### Clever Miranda

We have got a letterbox in our street. He is very nice and people post their letters and postcards into him. Every day the postman comes and takes the letters and postcards. Near the letterbox there stands a lamp.

They are very good friends.

The lamp shines in the dark night. He shows the people their way home and where to post their letters.

One night the lamp says the letterbox: I think I’ve caught a cold. I want to sneeze”.

And he sneezes.

### Сұрақтары:

1. Is the letterbox nice?
2. What does the postman do every day?
3. What does people post into the letterbox?
4. Are the letterbox and the lamp good friends?
5. What does the lamp say to the letterbox?

**Кесте 4. «Кім? Нені? Қашан? Қайда? Неліктен?»**

Кесте мәтінмен жұмыс істеу барысында толтырылады.

Who?	What?	When?	Where?	Why?

**5. Су шеңберлері**

Бұл әдіс оқушылардың білімін арттыру үшін қолданылады. Негізгі сөз - зерттелетін тұжырымдама немесе құбылыс. Ол бағанда жазылады. Сөздік әр сөзі үшін зерттелетін тақырып бойынша сөздік таңдалады.

Мысалы, сабақтың тақырыбы: «Жыл мезгілдері. Ауа-райы» / «Speaking about seasons and the weather»

windy

winter

warm

autumn

hot

summer

rainy

**3. Рефлексия (Reflection).**

Осы фазаның негізгі міндеттері:

- оқушыларға жаңа ақпаратты жүйелеуге үйрету;
- оқушыларды өз пікірлерін дербес айтуға үйрету.

Бұл кезеңде келесі әдістерді (стратегиялар) қолдануға болады:

**1. Синквейн**

XX ғасырдың басында синхрондық форманы американдық ақын Аделаида Крепси жапондық силлабикалық хайку және танканың миниатюраларымен танысу негізінде дамытты. Синквейн оның 1915 жылы шыққан және бірнеше рет қайта басылған өлімінен кейінгі өлеңдер жинағына енді. Крепси бұл форманы тұтастай қолданыста болатын ағылшын өлеңдерінің метрикалық формаларының ішіндегі ең қысқа деп санады.

Педагогтардың көзқарасымен «Синквейн» жазу - бұл автордан ақпараттық материалдан ең қажетті элементтерді таба білу, қорытынды жасау және оларды қысқаша тұжырымдау мүмкіндігін талап ететін еркін шығармашылықтың бір түрі. Синквейндерді тіл сабағында қолданумен қатар (мысалы, тақырыпты қорытындылау үшін) синквейндарды қолдану кез-келген басқа пәннің өткен материалы үшін соңғы тапсырма ретінде қолдануға болады[82].

Француз тілінен аударылғанда «синквейн» деген сөз бес жолдан тұратын өлеңді білдіреді.

Синквейннің негізгі функциялары:

- оқушылардың сөздік қорын байытады;
- оқушыларды қысқа мерзімде дайындауға дайындайды;
- негізгі идеяны қалыптастыруды үйренеді (негізгі фраза).

**Синквейнді жазу ережесі:**

- 1) Бірінші қатарға бір сөзбен тақырып жазылады (зат есім түрінде).
- 2) Екінші қатарға тақырыпты екі сөзбен келтіруі (екі сын есім түрінде).
- 3) Үшінші қатарға үш сөзбен осы тақырып бойынша іс — әрекет жазылады (етістік, көсемше).
- 4) Төртінші қатарға төрт сөзден тұратын осы тақырыпқа қатысты сөйлем немесе сөз тіркесі.
- 5) Соңғы қатарға тақырып мәнін сипаттайтын бір сөзден тұратын синоним (метафора) жазылады.

**Мысалы:**

Camel  
Kind and big  
Help, carry, eat  
Ship of the desert  
A strong animal

**2. Сұхбатқа негізделген эссе**

Бұл техниканы жұппен жұмыс істеу кезінде пайдалануға болады. Бұл әдіс келесі қадамдарды қамтиды:

Оқушылар сұрақтар тізімін жасайды.

Бір-бірімен сұхбаттасу.

20 минутта шағын эссе құрылды.

Кезеңді өңдеу мәтіні. Бұл кезеңде топтық жұмыс та, жұптық жұмыс та болуы мүмкін.

Мәтінді өңдеу. Оқушылар өздерінің эсселерін қорытындылайды.

Жариялау. Оқушылар эссе оқып, бір-біріне беріп отырады.

**«Менің досым» тақырыбындағы эссенің мысалы:*****My friend***

I have got a friend. His name is Ivan. His hair is blond, his eyes are grey. He likes to play computer games. Ivan has got a pet. It's a black dog. Ivan is a good friend. He is kind and merry.

**3. Кластер әдісі.**

Кластер - Әдіс - материалды ұйымдастырудың графикалық әдістемесі. Ойлар үйіліп тасталмайды, бірақ «толып жатыр», яғни белгілі бір тәртіппен орналасады. Кластерлеу технологиясы: кілт сөз немесе түсінік; Кілт сөздің айналасына сөздер жазу. Олар дөңгеленіп, негізгі сөзге жалғанады; Әрбір жаңа сөз жаңа ядро құрайды, бұл одан әрі ассоциацияларды тудырады. Осылайша, ассоциативті тізбектер құрылады; Байланысты ұғымдар сызықтармен байланысты.

**Кластер технологиясы:**

1. A house a living room A lamp A sofa A TV set A bedroom A kitchen A hall A bed деген сөздерді құрайды.



Сурет 4. Кластер құрастырудың технологиясы.

Бұл техниканың рефлексия кезеңінде үлкен мүмкіндіктері бар: алдын-ала кластерлердегі дұрыс емес болжамдарды түзету, оларды жаңа ақпарат негізінде толтыру. Өте маңызды қадам - жаңа кластерлердің тұсаукесері.

Кластер құру ойын элементтерін зерттеуге енгізеді. Ағылшын тілі сабағында кластер сөздікпен жұмыс кезінде таптырмас нәрсе деп санаймыз. Сөздік қорды сөйлеу барысында қолдана отырып, жаңа лексикалық материалдарды енгізу кезінде қолдануға болады. Оқушылар әр түрлі тақырыпта кластерлер құрады, оларды презентацияда қолданады.

2. What ways of travelling do you know? by sea by bike on foot on a ship People can travel .....



Сурет 5. Ways of travelling.

Кластерді сөзжасамдық материалдарды ұйымдастырған кезде де қолдануға болады. Мысалы, тапсырма ұсынылады: кластердегі сөздерді жұрнақ бойынша топтастыру немесе жаңа сөздер құру.

Осы сөздерді топтастырындар: fat, name, park, face, cat, car [ eI ] x R



Сурет 6. Сөздерді топтастыру жаттығуы.

**Қолдану мүмкіндіктері:** кластерлер қоңырау кезеңінде жетекші техникаға айналуы мүмкін; негізгі қайнар көзімен (мәтінмен) танысуға дейін алынған ақпаратты сұрақтар немесе семантикалық блоктардың тақырыптары түрінде жүйелеу; рефлексия сатысында, алдын-ала кластерлердегі дұрыс емес болжамдарды түзету, оларды жаңа мәліметтер негізінде толтыру, жеке семантикалық блоктар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды орнату (жеке және топтық) үшін пайдаланады.

**Кластерді пайдалану мүмкіндіктері:**

2. Материалды жүйелеу, қайталау кезінде;
3. Мәтінмен жұмыс істеу кезінде;
4. Сабақтың басында қайталау кезінде;
5. Тақырыпты енгізу кезінде;
6. Қажетті тілдік материалды жинау кезінде;
7. Бақылауда.





Сурет 7. Кластерлермен жұмыс жасау кезеңі.

Кластерлерде жұмыс істеу кезінде келесі ережелерді сақтау қажет:

1. Ойыңызға не келсе, соны жазудан қорықпаңыз. Қиял мен интуицияны босатыңыз яғни өзіңізге ерік беріңіз.
2. Уақыт біткенше немесе идеялар біткенше жұмысты жалғастырыңыз.
3. Мүмкіндігінше көбірек байланыс орнатуға тырысыңыз. Алдын ала белгіленген жоспарды орындамаңыз.

#### **Кластерді пайдаланудың артықшылықтары:**


1. Оқушылар құрған кластер мұғалімге оқушылардың тақырыпты түсінуін бақылауға мүмкіндік береді.
2. Оқушылардың өздері үшін бұл пәндік материалды жалпылауға және құрылымдауға, идеялар мен ұғымдар арасындағы байланысты көруге мүмкіндік береді.
3. Кластермен жұмыс жазу әрекеті болып табылады. Оқушыларды жазуға үйретеді.

Топтық жұмыста кластер оқушылардың әрқайсысы құратын ассоциациялар мен қатынастарға қосылуға мүмкіндік беретін топ идеяларының өзіндік негізі ретінде қызмет етеді. Қосымша ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін топтық тәжірибе туады.

Бұл материалды графикалық түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл әдіс қызығушылығын ояту кезеңінде, сондай-ақ көрсету кезеңінде қолданылады. Бұл оқушылардың сөйлеуінде зерттелген сөздік қорын белсендіруге, түрлі грамматикалық құрылымдарды оқытуға мүмкіндік береді.

Ақпарат кластерлер (кластерлер) түрінде жүйелендіріледі. Орталықта - бұл тақырыпқа қатысты сөздердің басты тұжырымдамасы.

Мысалға, «Wild and domestic animals» («Жабайы және үй жануарлары») тақырыбында ақпаратты жүйелеуге болады:



Сурет 8. Wild and domestic animals тақырыбына кластер ұйымдастыру.

Кластер ұйымдастыру кезеңінде де, көрсету кезеңінде де пайдаланылуы мүмкін: алдын-ала кластерлерде дұрыс емес болжамдарды түзету, оларды жаңа ақпарат негізінде толтыру. Бұл кезеңде жаңа кластерлерді таныстыру өте маңызды. Бұл техниканы пайдалана отырып, оқушылар өздерінің монологтарын шет тілінде жасайды.

Кестелерді қолдану оқушылардың сұрақтармен жұмыс істеу қабілетін қалыптастырады. Мазмұнды түсіну кезеңінде бұл әдіс оқуға немесе тыңдауға қатысты мәселелерді белсенді түрде анықтаудың әдісі болып табылады, ол рефлексия, зерттелген материалды түсіну деңгейін анықтау әдісі болып табылады.

Бұл технология мұғалімге ашықтық пен ынтымақтастықтың жайлы психологиялық атмосферасын құруға мүмкіндік береді; қатысушыларды белсендіру; басқа технологиялармен үйлесуге ыңғайлы; өз қызметін талдай білетін практикке айналу; тәжірибе алмасу. Ең бастысы, мұғалім де, оқушы да риза.

Осы технологияны апробациялау бойынша жұмысымыздың басты нәтижелерінің бірі - оқытудың тиімділігін арттыруға ықпал ететін заманауи оқыту технологиясын меңгеру арқылы педагогикалық шеберлікті арттыру, қолданудың нақты анықталған нәтижесі бар.


Кез-келген жаңа технологияны игеру арқылы мұғалімнің жаңа педагогикалық ойлауы басталады: әдіснамалық тілдің анықтығы, құрылымы, айқындығы, әдістемедегі негізделген норманың пайда болуы.

Кластерді сыни тұрғыдан ойлаудың тиімді әдісі ретінде қолдана отырып, мен ағылшын тілін оқыту үдерісіне жаңа көзқарас тұрғысынан қарауға және жеке тұлғаны қалыптастырудың инновациялық психологиялық механизмдерін игеруге, жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болатындығына көз жеткізуге болады.

*Case method* – оқыту әдісі процесі кезінде білімгерлер мәселені жан-жақты ашу үшін ақпаратпен толық қамтамасыз етіледі, осы аталған проблеманы шешу үшін өзбетінше іздену жолдары жүзеге асады. Case study:

- Жағдаяттық талдау әдісі.
- Жағдаятты талдау арқылы болатын оқыту әдісі.
- Оқытудың проблемалық-көрнекілік әдісі.

Ал тарихына келетін болсақ, алғаш рет 1870 ж. Гарвард университетінің құқық мектептерінде қолданыла бастаған, ал оқу үрдісіне – 1920 ж. енгізілді.



**Сурет 9 - Case study құрылымы**


Бұл оқытудың әдісінде білімгерлер мен оқытушылар іскерлік жағдаяттар мен міндеттерді талқылауға қатысады. Кейстер ақиқат құбылыстарға, адамдардың тәжірибелеріне құрылады және жазбаша түрде ұсынылады. Ал Россияда «казустар әдісі» деген атпен белгілі. Алғаш рет 1926 жылы экономикалық пәні бойынша оқытушылардың конференциясында - оқыту әдісі және case study ретінде қолданылды. Кейсті ұйымдастырушылардың, жинаушылардың ішінде ең негізгілер болып ретінде 1973 жылы 22 жоғары оқу орнының қолдауымен, яғни, The Case Clearing House of Great Britain and Ireland тарады; ол 1991 жылдан бастап European Case Clearing House (ECCN) деп аталады. ECCN кейсті қолданатын және ұсынатын әлемнің барлық елдерімен байланыста болатын комерциялық емес ұйым. Ал анықтамасына келетін болсақ:

- Кейс (англ. case - жағдай) – ішінен белгілі бір проблеманы табуға болатын, оқиғаны ашып көрсететін практикалық жағдаят.

- Кейс – тарих мәселелерін сипаттауға арналған, соның көмегімен топпен жұмыс істеу біліктерін дамытатын, қажетті ақпараттарды іздеуді жүзеге асыратын материал

- Кейс – қосымша бөліктерден тұратын, жағдаяттарды суреттеуге, кейске тапсырмаларды талдауға қажетті тұтас ақпараттық кешен.

- Кейс – мәселені шешу алгоритмін таңдау мақсатында ақпараттарды талдауды ұсынатын креативтік тапсырмалар.



### Сурет 10 - Кейс жіктемесі негізі: мазмұн көлемі бойынша

#### *Кейс құрылымы:*

- Мәселені қысқаша сипаттау.
- Шешу үшін материалдар.
- Міндетті қою (топқа және жекеге арналған) .

#### *Мазмұнға талап:*

- Тұлға үшін маңызды (шешу жолын іздеуге ынталандырады);
- нақты жағдаяттарды қарастыру ;
- бағдарлану сипаты болады (« үзінді кейс ») немесе артық ақпарат:
- проблемалық сипатта болады;



Сурет 11- Оқытудың мақсаты бойынша

**Кесте 5 - Case study-ды тиімді енгізуге педагогтардың дайындығы**

<i>Case study тиімді енгізуге педагогтардың дайындығы</i>	
<p><i>Оқытушыдан не талап етіледі?</i>  <i>Дайындық:</i>                      -Кіріктірілген білімді қалыптастыру.                      -Белсенді және интерактивті әдістерді қолдану.                      -Аудиторияны үнемі дайындықта ұстап отыру.</p>	<p><i>Оқытушыға не кедергі болуы мүмкін?</i>                      -Сәйкес пәндік дайындықтың болмауы.                      -Аудиториядағы оқу процесін бақылауды жоғалтып алудан қорқу.                      -Маңызды немесе практикаға бағытталмаған жағдаяттарды қолдану.                      -Догматизмнің көптігі.</p>

*Case study дидактикалық мүмкіндіктері:*

*Қалыптастыруды қамтамасыз етеді:*

- Метапәнді іскерлік (ақпаратпен жұмыс, мақсат қоя білу, шешу жолын іздеу, нәтижені бағалау) .

- Коммуникативті білік (топен жұмыс істеу, презентация, дискуссия.

*Дамытады:*

- Өзіндік және сын тұрғысынан ойлау.

- Креативтік қабілет.

*Жағдай жасайды:*

- Жеке оқыту.

- Саралап оқыту.

- Қарым-қатынас және креативтікпен.

Бұл оқыту технологиясының мақсаты білімалушылардың оқу еңбегі мен оқытушылардың педагогикалық үрдісті басқаруын дидактикалық модуль құру арқылы оңтайландыру болып табылады. Оқыту үрдісінде модульдік технологияны қолдану:

- оқытуды даралауды;
- білімалушылардың ойлау қабілеттіліктерін дамытуды;
- оқу іс-әрекеттерін өзбетінше жоспарлауға үйретуді: өзбетінше оқып-үйренуге қажетті ақпараттарды тауып, өңдей алу, өзіне-өзі бақылау жасау мен өзін-өзі бағалай алу дағдыларын жетілдіруді қамтиды.

*Кейсті жасау кезеңдері:*

- болашақ кейстің идеясын құру (тақырыпты таңдау, проблемалар, түйінді моменттерді анықтау) ;
- сызбасын жасау (дайындық вариантын жазу) ;
- материалдарды редакциялау;
- кейспен жұмыс істеу технологиясын жасау;
- бағалау өлшемдерін анықтау;
- материалдары апробациялау және коррекциялау.

#### **Кесте 6 - Case study-дың жұмыс істеу әдістері**

Фаза	Оқытушының әрекеті	Білімгердің әрекеті
Сабаққа дейін	Кейсті таңдайды, білімгерлерді дайындау үшін негізгі және қосымша материалдарды анықтау, сабақтың барысын жасау	Кейсті және ұсынылған әдебиеттер тізімін алады, сабаққа дайындалады
Сабақ үстінде	Кейсті талдауды ұйымдастырады, Процесті басқарады, дискуссияны қолдап отырады, білімгерлерді қосымша мәліметтермен қамтамыз етіп отырады	Кейсті және проблеманы тереңірек түсіну үшін сұрақ қояды; Шешу варианттарын жасау, басқалардың айтқанын тыңдау
Сабақтан соң	Білімгерлердің сабағын бағалайды	Осы тақырып бойынша жазбаша есеп құрастыру

Кестенің жалғасы келесі бетте.

**Кесте 7- Кейспен жұмысты бағалау** (кестенің жалғасы келесі бетте)

Өлшемдер	Көрсеткіштер	Балл сандары
Мағыналы оқу дағдыларын меңгеру	Мәтіннен толық ақпаратты алу, негізгі идеяны бөліп алу, оқиганың жүйелілігін құрастырады	3
	Мәтіннен негізгі ақпаратты алу, негізгі идеяны бөліп алу, оқиганың жүйелілігін құрастырады	2
	Мәтіннен жеке фактілерді ақпаратты алу, оқиганың жүйесі мен негізгі идеясын көре алмайды	1
Өз бетінше ойлау	Жетіспейтін білімді және есепті шешу тәсілін іздеуді өзбетінше жүзеге асырады, негізгі қорытындыны қалыптастырады	3
	Негізгі қорытынды жасау және әрекет тәсілдерін анықтау кезінде мұғалім кеңес береді	2
	Білімгер жұмысының әрбір кезеңінде мұғалім жетекшілік етіп отырады	1
Жоспарланған нәтижемен өз әрекетін сәйкестендіру білігінің болуы, жұмыс процесі кезінде өз әрекетін бақылауды жүзеге асыру	Жоспарланған нәтижемен өз әрекетін сәйкестендіру білігінің болуы, іс-әрекет тәсілдерін анықтау, түзетулер енгізу	3
	Әрекет тәсілдерін анықтайды, берілген эталонмен салыстыру, қиындық себептерін көрмеу	2
	Әрекет тәсілдерін анықтайды, бірақ берілген эталонмен салыстыра аламайды, түзетулер енгізеді	1
Мақсатқа жету жолдарын жоспарлай алу, оқу есептерін шешудің тиімді тәсілдерін таңдау	Мақсатқа жетудің жолын өз бетінше жоспарлайды, ең тиімдісін көрсете отырып оқу есептерін шешудің әртүрлі тәсілін ұсынады	3
	Оқытушымен бірге мақсатқа жетудің жолын, оқу есептерін шешудің әртүрлі тәсілін ұсынады, бірақ олардың тиімдісін бөліп көрсетпейді	2
	Оқытушымен бірге мақсатқа жетудің жолын, оқу есептерін шешу тәсілін жоспарлайды	1
Оқу бірлестіктерін ұйымдастыра алау	Бірлескен әрекетте рөлдер мен қызметтерді бөледі, іс-әрекеттерді ұйымдастыру үшін	3

	қажетті сұрақтар қояды, өзінің көзқарасын білдіреді және аргументтейді	
	Бірлескен әрекетте белгілі бір рөл орындайды, өзінің көзқарасын білдіреді және аргументтейді	2
	Бірлескен әрекетте белгілі бір рөл орындайды, өзінің көзқарасын білдіре алмайды.	1
Жұмыстың нәтижесін көрсете білу	Ақпаратты өз бетінше көрнекі-символикалық формада көрсете алады (кесте, график, сызба түрінде және т.б.), бірақ оларды аргумент ретінде қолдана алады	3
	Ақпаратты оқытушының көмегімен көрнекі-символикалық формада көрсете алады (кесте, график, сызба түрінде және т.б.), бірақ оларды аргумент ретінде қолдана алады	2
	Ақпаратты оқытушының көмегімен көрнекі-символикалық формада көрсете алады (кесте, график, сызба түрінде және т.б.), бірақ оны қолдана аламайды	1

Алған теориялық білімдерін практикалық іс-әрекетпен ұштастыру ұстанымына бағдарлану оқытудың жобалау әдістерін қолдануға мүмкінді береді. Білімгердің ойлау әрекетін басқарудың маңыздылығы қазіргі заманғы оқыту үрдісін талдау барысында үш негізгі аспектіден ашылады:

1. структуралық (құрылымдық) - оқыту үрдісін жүзеге асыратын жүйенің құрылысы жағынан;
2. функционалды (қызметтік) - оқыту үрдісін басқаратын негізгі бағыттың көрінісін анықтау тұрғысынан;
3. информативтік (ақпараттық) - осы жүйеде әрекет ететін білімдік, танымдық ақпараттар тұрғысынан.

Ақыл-ой әрекетін басқарудың маңыздылығы оқытушы мен білімгердің белсенді түрдегі байланысын анықтауға мүмкіндік беретіндіктен арта түседі. Ұстаз білімгердің танымдық әрекетін мақсатты түрде басқару арқылы нәтижесінде білімгерде белгілі бір анық білім қоры, дағдылар мен тілектер қалыптасады. К. Н. Волков адам ойының, ойлаудың дамуы нәтижесінде бірқатар құнды ойлар білдірді: "оқыту процесінде білімгерлер болашақтағы даму жасына қарай бағыт-бағдар алуы тиіс, оқытуды аяқталған бір даму кезеңі немесе деңгейі ретінде қарастыруға болмайды" [51,5-11с.].

Оқытуда деректер мен теориялық қағидаларды білмейінше, даму жоқ және болуы да мүмкін емес. Оқытудың түрлі әдістері тұлғаның қалыптасуына өз



әсерін тигізіп отырады.Өзіндік жұмыстар арқылы білімгерлердің оқытудың әдістері мен психологтар мен дидактиктер жасаған студенттің ойлау әрекетіне меңгерту тәсілдері тығыз байланысты. Оқыту үрдісінде ойлаудың дамуы жіктелмелі түрде жүреді. Қандай да бір сабақта дамуға қол жеткізгені анық көрініс беруі керек. Бір сабақтарда даму және меңгеру анық көрініп тұрса, кейбір сабақтарда ол елеусіз ғана болуы мүмкін.

Әрекет ету сипатына қарай және қайшылықтарды шешудің оқу танымындағы жолына қарай ойлаудың түрлі деңгейлері туралы айтуға болады. Білімгердің бұлайша әр деңгейдегі дайындығы әртүрлі нұсқаларды құрастырудың объективті негізі ретінде танылады, ол үшін оқытудың барынша түрлі әдістерін қолдану керек, яғни түрлі дидактикалық құрылымдарды, ерекшеліктерді ескеретін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін ойластыру қажет болады.Білімгерлер топтаса отырып бір-біріне қарым-қатынасы күшейеді, қызығушылығы артады, ойлау қабілеті жетілдіріледі, іс жүзінде пайдалана білуге үйретеді. Ал осы алған білімдерін бекіту мақсатында макро топпен *дебат* сабағын ұйымдастыруға тиімді екенін көрсетеді. Соның арқасында білімгердің білім сапасы көтеріледі. Сөйлемейтін білімгердің өз ой –пікірін жеткізу үшін маңызы зор. Олардың ойлау қабілеті дамиды, көп ізденіс танымдық пен жұмыс істеуіне тақырыпты жан-жақты ашуына мүмкіндік тудырады. Осы программамен оқу кезінде тек білімгер емес оқытушының да өзінің педагогикалық ойлау әрекетіне деген ой әсерлі мотивацияны қалыптастырады. Алда тұрған жұмыстар, міндеттер көп. Соның кейбір жолдарын, түрлерін, әдістерін әр қарай жетілдіріп жасау біздің қолымызда.

Білімгердің ой өрісін дамытуға топпен жұмыстың тиімділігі білінеді.

Білімгердің сабақты жақсы түсінетін түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып ұйымдастыруға тырысу қажет. Осы мақсатта білімгерлерді микро топқа, макро топқа бөлу керек. Білімгер алдын ала берген тапсырма бойынша жан-жақты дайындық жасайды. Білімгер толық түсініп өз дәрежесінде ұғып қабылдаса, ол ұмытылмай есте жақсы сақталады. Сондықтан әрбір өтілген тапсырма,тақырыпта топтасып отырып, білімгерлер өз білгенін бір-біріне жеткізуге тырысады. Психологиялық заңдылықтар, құбылыстар, заттардың қасиеттері т. б сипаттай отырып, өз білімдерін жинақтауға мүмкіндік туады. Схема, сурет, сызбанұсқа түрінде қорытындылайды.

Білімгерлерді топпен жұмыс істете отырып ойлау қабілетін дамытуға болады. Өзін-өзі тануына, білім алуына жақсырақ ұйымдастыру үшін пайдалы болу керек. Сонымен бірге топтаса отырып бір-біріне көмек жасалады, ақыл ойынның білімгердің дамуына мүмкіндік жасайды. Білімгер топпен жұмыс істеу арқылы оқудағы, еңбектегі, барлық басқа іс-әрекеттегі оның жетістікке ұмтылуына, табанды мағыналы болуына әсерін тигізеді. Әр кездегі қиындықтан шыға біліуіне ықпал етеді. Топпен жұмыс істеу білімгердің болашақ жетістіктерін болжауға көмекші бола алады. Білімгер өзін бағалай біледі.

«Сыни ойлау» жобасы әр шәкірттің өзіндік түсінігін қалыптастыруына мүдделі,осылай олар өзінің теңдесі жоқ ерекшелігін айқындап,соған иланады.

Мұндай жағдайда ақпарат оқытудың нәтижесі емес,оның бастапқы кезеңіне айналады: білімгер осы мәліметті түсініп,талдап,оны өзінің әлеуметтік

тәжірибесі тұрғысынан бағалай отырып, соның негізінде өзінің түсінігі мен түйісінуімен байланысты жаңа білім құрастыруға дағдыланады, оны керегіне жарата алады. Осылай оқыту үрдісінде білімгер білімді игеруге және жаңа білім құрастыру дағдылар мен әдістемесіне үйренеді.

Қазіргі қолданып жүрген сын тұрғысынан ойлауды дамыту жобасын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу – оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. Мақсатқа жету білімгерлердің өзі арқылы жүзеге асады. Оқытушы - ұйымдастырушы, бағыт беруші, топта шешім жасаушы және үкім кесуші оқытушы емес, білімгер екендігі туралы пікір қалыптастырады, яғни білімгер-басты тұлғаға айналады, «білімгер оқу әрекеті-оқытушы» жүйесі қажет болады. Бұдан оқытушы рөлі төмендемейді, тіпті 2-3 есе жоғарылайды, енді ол білімді беруші ғана емес, танымдық іс-әрекеттерді әр білімгерге лайықтап ұйымдастырушы, білімгердің қабілет көзін ашушы тұлға. Сөйтіп өз тәжірибемізде осы жаңа бағыттардың ортақ нүктесі қиылысар жерінде бір-бірімен ұштастыруға, өзара байытуға үлкен мүмкіндік барын көріп отырмыз. Дәл осы тоғысудан ізденгіш оқытушы өзі үшін көп нәрсе алары сөзсіз.

Білімгерлердің таланттарын шыңдай түсуін, танымдықтарын көрсете білуін және оны жетілдіре меңгеруін қалаймыз. Ол үшін әр мектеп оқытушы білімгерлердің табиғи нышандарының оянуына, оның ақиқатқа айналуына көмектесуі қажет. Осы тұрғыда «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасы өз уақытында қолға алынып, дидактиканың бүгінгі күні көкейкесті мәселесін шешуге бағытталған технология деуге әбден болады. Білімгерлердің акме-креативтілігін, шығармашылығын шыңдайтын, оны сыни ойы оқшау азамат етуге ықпалы мол әдістер жүйесі деп таныған жөн. Бағдарламамен жұмыс жасап жатқан оқытушылардың сабақтары және өз тәжірибемізді талдау, зерттеу осыны байқатты.

Бүгінгі таңда оқытушы қандай болу керек, оның кәсіби біліктілігі қандай жолдармен көрінеді? Оқытушы бірінші тұлға жанының тамыршысы болуы тиіс. Бұл ұстаздың өз мамандығына деген сенімділігі, бейімділігінен, айқын мақсатынан және тұлға жүрегіне жол таба білуінен көрінеді. Осы үшеуі оқытушы мейірімділігімен ұштасқанда нағыз тамыршы бола алады. Оқытуға деген ынта, өзіндегі барды асқан мейірімділікпен жеткізе білу ұстаз шеберлігінің бір қыры.

Қорытындылай келе, СТО технологиясы мұғалімге оқушыларды әртүрлі іс-шараларға тартуға, жеке және фронтальды сұхбат жүргізуді, топтық және жұптық жұмысты қолдануға, оқушыларға шығармашылық және шығармашылық сипаттағы практикалық тапсырмаларды беруге мүмкіндік береді деп айтуға болады.

RWCT технологиясы оқушылардың оқу үрдісіне қызығушылығын арттырып, түсіну деңгейін жоғарылатады және білім беру материалдарын белсенді қабылдауды қамтамасыз етеді, ақпараттық көздерді іздеу мүмкіндігін дамытады, сондай-ақ балаларға тәуелсіз ойлауды үйрену және тәуелсіз және ойластырылған шешімдер қабылдау үшін зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында көмектеседі.

### 2.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері

Зерттеу жұмысымыздың міндеттеріне сәйкес тәжірибелік – эксперимент жұмысы Түркістан қаласы Ғани Мұратбаев атындағы №5 жалпы орта мектебінде және *Жұмабек Тәшенов атындағы №23 ІТ мектеп-лицейі* жүргізілді. Экспериментке 2-ші сыныптардан 91 оқушы қатысты. Оның 44–і бақылау тобы, 47-сі эксперименттік топ.

Алға қойылған міндеттерді түбегейлі шешу және қозғаған ғылыми болжамның дұрыстығын тексеру мақсатында оқушылармен эксперименттік жұмыс жүргізілді. Эксперимент жұмысы анықтау, қалыптастыру, бақылау кезеңдері бойынша ұйымдастырылды. Алдымен бастауыш сынып оқушыларының ағылшын тілі пәні бойынша білімдерін тексеру мақсатында тәжірибелік – экспериментке материалдар дайындалып, эксперимент және бақылау сыныптары белгіленді.

Анықтау экспериментінің негізгі мақсаты - бастауыш сыныптарда ағылшын тілі пәнінен оқушылардың білім деңгейлерін анықтау. Оқушылардың білім меңгерудің қай деңгейінде екендігін анықтау.

Оқушы оқу материалдарын қаншалықты түсініп жатқандығын мұғалімдердің көпшілігі біле бермейді. Жазба жұмыстары арқылы тексеретіндігі бар, алайда білім меңгерудің қай деңгейінде түсінгенін ажырату қиынға соғады. Сол себепті бастауыш сынып мұғалімдерімен сауалнама жүргізілді.

Сауалнаманың нәтижелері мынадай болды:

Сауалнаманың Оқушыларды сабақта белсендіру үшін жағдай жасайсыз ба? деген сұрағына 18 мұғалім «кейде» деп жауап берді, ол 51,4 % , ал 48,6 % мұғалім оқушыларды сабақта белсендіру үшін жағдай жасайтын болып шықты.

Сабақ барысында интерпретация, қорытынды жасау, анықтама шығару, мысал келтіру сияқты тапсырмаларды орындауға ықпал жасайсыз ба? деген сұраққа 6 мұғалім «әрқашан» деп жауап берсе (17,3%), 17 мұғалім «ешқашан» деп жауап берді (48,5%). 12 мұғалім «кейде» деп жауап беріп 34,2 % пайызды құрады.

Сіз сабағыңызда оқушыларға тақырып бойынша туындаған өзекті проблеманы талдауға, балама пікір айтуға мүмкіндік бересіз бе? деген сұраққа «әрқашан» деп 10 мұғалім жауап берді (28,5 %), ал 15 мұғалім «кейде» десе (43 %), қалған 10 мұғалім «ешқашан» деп жауап берді (28,5%).

Оқу материалдарын түсінбеген жағдайда оқушыларға қосымша тапсырмалар бересіз бе? деген сұраққа «әрқашан» деп 18 мұғалім жауап берді (51,5 %), ал 15 оқушы «кейде» деп жауап берді (42,8 %), қалған 2 мұғалім «ешқашан» деп жауап берген (5,7%).

Оқушыларды бағалағанда тек қана күнделікті сабаққа қатысуына, тест, сынақ, диктант, бақылау жұмысының қорытындысына қарап қоясыз ба? деген сұраққа «әрқашан» деп 35 мұғалім жауап берді, ол 100% пайызды құрады.

«Білім меңгеру деңгейлері» жайында білеріңіз бар ма? деген сұраққа 7 мұғалім ғана «білемін» деп жауап берді, ол 20 % , ал 28 мұғалім «білмеймін» деп жауап берді (80%).

Оқушылардың оқу материалдарын түсінген немесе түсінбегенін қалай анықтауға болатынын білесіз бе? деген сұраққа 13 мұғалім «білемін» деп жауап берді, ол 37 % , ал 22 мұғалім «білмеймін» деп жауап беріп, 63% құрады..

Түсіну деңгейінде оқыту жайында білесіз бе? деген сұраққа 0 мұғалім ғана «білемін» деп жауап берді, ол 0 % , ал 35 мұғалім «білмеймін» деп жауап берді, ол 100%.

Ағылшын тілі пәні бойынша мәтінді толық түсінгендерін тексеру үшін жоспар құрғызасыз ба? деген сұраққа «әрқашан» деп 18 мұғалім жауап берді (51,5%), ол пайызды құрады, ал 17 мұғалім «кейде» деп жауап берді (48,5%)

«Білім меңгеру деңгейлері» жайында білеріңіз бар ма? деген сұраққа 8 мұғалім ғана «білемін» деп жауап берді, ол 22,8 % , ал 27 мұғалім «білмеймін» деп жауап берді, ол 77,2%.

Оқушылардың кестені, математикалық графикті, сөздерді аудару және суретті тілге аударма жасай білу қабілеттерін арттыру жолдарын білесіз бе? деген сұраққа 6 мұғалім «білемін» деп жауап берсе (17%), 29 мұғалім «білмеймін» деп жауап берді(83%).

Бастауыш сынып мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама мынадай мәселелердің басын ашып, айқындап берді:

- мұғалімдердің көпшілігі тек оқулықта берілген мәтін мазмұнын түсіндіруге тырысады, оның өзін де толық ашып түсіндіре алмайды;
- оқу материалдарын оқушылардың түсінуі үшін қосымша тапсырмалар берілмей, жаңа тақырыпты өтеді;
- түсіну деңгейінде оқытудың әдіс-тәсілдері мен бағытын көрсететін әдістемелік құралдар мен нұсқаулардың жоқтығы.

Эксперимент нәтижесі бастауыш сынып мұғалімдерінің білім меңгеру деңгейлері бойынша, соның ішінде түсіну деңгейінде оқыту оқушылардың оқу материалдарын түсіну, меңгеру, игеру қабілеттерін арттыру мақсатында пайдаланылмайтынын көрсетті. Оқыту үдерісін дамытуға бағытталған арнайы бағдарламалар мен оқушылардың пәнді терең меңгертуде ағылшын тілі пәнін түсіну деңгейінде оқыту әдістемесі жайында мұғалімдерге арналған арнайы семинарлар жүргізілмеуі, әдістемелік нұсқаулардың жоқтығы да мәселенің шешімін шектеп отырғанын айғақтады.

Анықтау эксперименті бойынша бастауыш мектептердің оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың оқу материалдарын түсіну деңгейі анықталды. Оқушылардың ағылшын тілі пәнінен білімдері мен түсінік, ұғымдары, оларды қажетті жерде қолдана, пайдалана білу дағдылары бақыланды. Бұл кезеңде 4-сынып оқушыларына ағылшын тілі пәнін түсіну деңгейінде оқыту арқылы оқу

материалдарын түсіну мәселелері қарастырылды. Оқушылардың танымдық деңгейі, білімі, түсініктері тексерілді.

Оқушылармен әңгімелесу кезіндегі сұрақтарға берген жауаптарынан ағылшын тілі пәніне деген қызығушылықтарының алуан түрлілігі байқалды. Мәселен, 4- сынып оқушыларында мәтін оқуға деген қызығушылық басым, бірақ соған байланысты сөздікпен жұмыс жасауға келгенде тежеледі. Әңгіме барысында қойылған сұрақтарға оқушылардың қайтарған жауаптарында жүйеліліктің жоқтығы, жауапты «иә» немесе «жоқ» деп дәлелсіз түрде қысқа ғана жауап беретіндігі, бір - бірінің жауабын қайталайтындығы, ой қорыту дәрежелерінің жетіспейтіндігі байқалды.

Анықтау эксперименті барысында дайындалған анкеталық сұрақтар, сауалнама, әңгімелесу, тест, бақылау әдістері, арнайы тапсырмалар жүйесін қолданып бастауыш сынып оқушыларының оқу материалдарын меңгеру деңгейі анықталды.

Тест жұмыстарын Б.Блум ұсынған, оқушылардың білім деңгейлерін анықтау кестесіне сәйкес жүргіздік. Біздер оқушылардың білім меңгеру деңгейлерін анықтау үшін тест жұмыстарын білу және түсіну деңгейінде даярладық. (Қосымша Д)

Бақылау және эксперимент сыныптарынан екі деңгейлі тест жұмыстары алынды. Біздер зерттеу жұмысымызда әрбір деңгей бойынша бағалау критерийлерін анықтадық:

Жоғары деңгей - оқушы оқу материалдарын толық түсінгендігін көрсетеді.


Жеткілікті жоғары деңгей – оқушы оқу материалдарының толық мәнін аз мөлшерде түсінгендігін көрсетеді.

Орта деңгей – оқушы оқу материалдарын шектеулі түсінгендігі туралы мағлұмат береді.

Төмен деңгей - оқушы оқу материалдарын т олықтай түсінбегендігі туралы мағлұмат береді.


Кесте -8.Бастаушы сынып оқушыларының ағылшын тілі пәнінен білім меңгеру деңгейлері (білу, түсіну) бойынша алынған тест жұмысының сараптама қорытындысы  
сараптама қорытындысы

Білім Меңгеру деңгейлері Жұмыс кезеңдері	Бақылау сыныптары, %		Эксперимент сыныптары, %	
	Білу	Түсіну	Білу	Түсіну
Жоғары	52	-	51	-
Жеткілікті	27	54	30	51
Орта	14	25	11	23
Төмен	7	21	8	26



Сурет 12

Бақылау сыныптарының анықтау эксперименті бойынша білім деңгейлерінің қорытындысы



Сурет – 13. Эксперимент сыныбының анықтау эксперименті бойынша білім деңгейлерінің қорытындысы

Тест тапсырмаларын орындаудың нәтижесінде мына жағдайлар байқалды:

- оқушылардың бұрынғы оқып өткен ұғымдарды ойда сақтау дәрежесінің төмендігі;
- сөздердің мағынасын ажырата алмайтындығы;
- грамматикалық талдауды ғылыми тұрғыдан түсінбейтіндігі.

Бастауыш сыныптарда ағылшын тілі пәнін түсіну деңгейінде оқытудың төрт тобын тексерістен өткізу үшін арнайы бақылау тапсырмалары алынды. Бақылау тапсырмалары:

- 1- Тапсырма  
 1. G және J әріптерін салыстырыңыздар. Айырмашылығын ашып жазыңыздар.  
 2. 5 жабайы және 5 үй жануарларын атаңыз. Domestic and wild animals.
- 2- Тапсырма  
 3. Отбасы мүшелерін атаңыз және сөйлем құраңыз.  
 My family  
 4-тапсырма 1. What? Who? Where? When? Сұрақтарын қандай жағдайларда пайдаланады?  
 Осы анықтаманы оқи отырып, өзіңізше тұжырым жасаңыз. Бақылау нәтижесі мынадай болды:  
 - G және J әріптерін салыстырып, онымен қоса айырмашылығын ашып жазған оқушылар саны 12, ол 25% құрайды;  
 - 5 жабайы және 5 үй жануарларын 6 оқушы ғана тапсырманы дұрыс орындады, себебі 13 % бала жабайы және үй жануарларының ағылшын тіліндегі атауларын білмеді  
 - оқушылар сөйлем құрауда көп қателіктерге бой алдырды, 10 оқушы ғана дұрыс орындаған, 21 %;  
 - 4-тапсырма оқушыларға қиынға соқты, осы тапсырманы 8 оқушы дұрыс орындаған 17 % құрайды.

Кесте –9. Бастауыш сынып оқушыларының түсіну деңгейінің бақылау тапсырмаларын орындау жұмысының нәтижесі

Тапсырмалар	Жауаптар/ оқушылар саны – 91							
	Эксперимент сыныптары (47)				Бақылау сыныптары (44) Ж			
	✓	%	x	%	✓	%	x	%
1-тапсырма	12	25	35	75	14	32	33	68
2-тапсырма	6	13	41	87	7	16	40	84
3-тапсырма	10	21	37	79	13	30	34	70
4-тапсырма	8	17	39	83	10	22	37	78
Жалпы		19		81		25		75



Жоғарыдағы анықтау кезеңіндегі дәйектерге сүйене отырып, мынадай қорытынды жасадық: оқушылардың білім деңгейлері қанағаттанарлық, оқушылардың интерпретация жасау, өз тұжырымын шығару, мысалдар келтіруге қиналады, мұғалімдер оқушылардың оқу материалдарын түсіну деңгейлерін анықтау жолдарын білмейді, бұның өзі оқушылардың дүниетанымының қалыптасуына кері әсерін тигізеді; мұғалімдер білім меңгеру деңгейлері бойынша сабақ өту құрылымы жөнінде білмейді; оқушылардың қоршаған ортасындағы өзгерістер мен жаңалықтарға деген ықыласы аз; оқушылармен бақылау, тәжірибе жұмыстары өте аз жүргізіледі; бастауыш сынып мұғалімдеріне білім меңгеру деңгейлері, түсіну деңгейінде оқыту мәселелерін талдайтын арнайы әдістемелік құралдың болмауы; мұғалімдердің түсіну деңгейінде оқыту бойынша сабақтарды ұйымдастыру шеберліктерін дамытпайтындығы түсіну деңгейінде оқыту арқылы оқу материалдарын терең түсіну, меңгеру үдерісіне кері әсерін тигізген.

Анықтау экспериментінің нәтижесіне қарап отырып, ағылшын тілі пәнін түсіну деңгейінде оқыту керектігі және ғылыми негізделген әдістеменің қажеттілігін байқауға болады.

Қалыптастыру экспериментінің мақсаты түсіну деңгейінде оқыту әдістемесінің әдістемелік нұсқауын сынақтан өткізу және оның тиімділігін тексеру болды.

Бұл мақсатқа жету төмендегідей міндеттердің шешімін табумен байланысты:

- сын тұрғысынан ойлау технологиясы және түсіну деңгейінде оқытудың психологиялық - педагогикалық негіздерін айқындау;

-бастауыш сыныпта сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы түсіну деңгейінде оқытудың ерекшеліктерін анықтау;

-бастауыш сыныпта сын тұрғысынан ойлау технологиясы элементтері арқылы ағылшын тілі пәнін түсіну деңгейінде оқытудың әдістемесін тәжірибелік-педагогикалық экспериментте тексерістен өткізу және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасау.

Біз зерттеу барысында, бастауыш сынып оқушыларының оқу материалдарын түсіну деңгейін арттыру мақсатында қалыптастыру экспериментінің барлық кезеңдерінде алдын-ала бекітілген жоспар бойынша сабақ түрлерін жүргізудің үлгілерін келтірдік.


Түсіну деңгейінде оқытудың төрт тобына байланысты тапсырмалар ретін дайындадық. Эксперимент сыныптарында тапсырмаларды қолданып, сабақтарда жүзеге асырдық.

Бекіту кезеңінде оқушыларға анықтау эксперименті кезеңіндегі тапсырма қайта ұсынылды. Яғни, тест жұмысы қайта алынып, нәтижелері салыстырылды.

Кесте -10. Оқушылардың түсіну деңгейіндегі тест жұмысының салыстырмалы көрсеткіші

Білім меңгеру деңгейлері	Түсіну деңгейі	
Жұмыс	Бақылау сыныптары, %	Эксперимент сыныптары, %

кезеңдері	басы	соңы	басы	соңы
Жоғары	-	9	-	30
Жеткілікті	54	47	52	34
Орта	25	26	22	21
Төмен	21	18	26	15




Сурет -13. Оқушылардың түсіну деңгейіндегі тест жұмысының салыстырмалы көрсеткіші


Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының мәтінді түсіну деңгейін анықтадық. Ол үшін оқушыларға мәтін ұсынылды. Оқушылар мәтінді оқып, жаңа сөздермен жұмыс жасады. Жаңа сөздерден сөйлемдер құру бұл оқушылардың мәтінді түсіне алған жағдайда ғана жүзеге асады. Оқушылардың мәтінді жаңа сөздерден сөйлем құра алу қабілеттерінің деңгейін 12 кестеден көре аламыз.

Кесте – 11. Оқушылардың мәтінді түсіну деңгейінде меңгеру қабілеттерінің нәтижесі.

Деңгейлер	Эксперименттік сыныптар		Бақылау сыныптары	
	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін
	Жалпы оқушы саны - 47		Жалпы оқушы саны - 44	
Жоғары	6	25	4	11
Орта	43	45	41	43
Төмен	51	30	55	46



Сурет - 6. Эксперимент сыныбының мәтінді түсіну деңгейінде меңгеру қабілеттерінің қатынасының салыстырылуы



Сурет-14. Бақылау сыныбының мәтінді түсіну деңгейінде меңгеру - қабілеттерінің қатынасының салыстырылуы

Оқушылармен сабақ қорытындысында әңгіме жүргізілді. Әңгіме жүргізу барысында олардың сұрақтарға толық жауап беруге дағдыланғандығын және пәнге қызығушылықтарының артқанын байқадық.

Мұғалімдерден сауалнама қайта алынды. Сауалнама нәтижесі төмендегідей ой тұжырым жасауға мүмкіндік берді:

- Оқушылардың оқу материалдарын түсінгендіктерін анықтай алды;
- Оқу материалдарын оқушылардың түсінуі үшін қосымша тапсырмалар берілетін болды;
- Мұғалімдер оқулықта берілген мәтін мазмұнын толық ашып түсіндіру аса зор маңызды екенін түсінді.

Сауалнама нәтижелерінің салыстырмалы нәтижесін 14- кестеден көруге болады.

Кесте-12. Бастауыш сынып мұғалімдерінен алынған сауалнама нәтижелерінің сараптамасы.

Сұрақтар	Сауалнамаға қатысқан мұғалімдер саны – 35									
	Жауаптар									
	Білемін		Білмеймін		Әрқашан		Кейде		Ешқашан	
	А.э	Б.э	А.э	Б.э	А.э	Б.э	А.э	Б.э	А.э	Б.э
1-сұрақ					17	35	18			
2-сұрақ					6	20	12	15	17	
3-сұрақ					10	25	15	10	10	
4-сұрақ					18	28	15	7	2	
5-сұрақ					35	35				
6-сұрақ	7	35	28							
7-сұрақ	13	35	22							
8-сұрақ		35	35							
9-сұрақ	8	30	27	5						
10-сұрақ	6	32	29	3						

Сонымен, жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері біздің зерттеуіміз бойынша алға қойылған ғылыми болжамымыздың дұрыстығын дәлелдеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертацияда бастауыш сыныптарда ағылшын тілі пәнін түсіну деңгейінде оқыту әдістемесі зерттелді.

Педагогикалық және психологиялық әдебиеттерге жасалған талдаулар және тәжірибе көрсеткендей осы уақытқа дейін бастауыш сыныптарда ағылшын тілі пәнін түсіну деңгейінде оқыту үдерісін ұйымдастыру әлі де шешімін таппаған мәселе екенін көрсетті.

Зерттеу жұмысымыздың түсіну деңгейінде оқытудың теориялық негіздеріне байланысты зерттеу жұмысында инновациялық технологиялар арқылы оқушылардың түсіну деңгейіндегі білімін қалыптастырудың педагогикалық негіздері және сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқушыларының түсіну деңгейіндегі білімін қалыптастырудың ерекшеліктері мен оқушыларының білімін сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы қалыптастырудың мүмкіндіктері қарастырылды.

Білім және оны меңгерту, білім сапасы, оны арттыру, оқыту сапасын жетілдіру бағытында жүргізілген жұмыстар бойынша мынадай тұжырым жасауға мүмкіндік туды: оқыту үдерісінде білім меңгерту/меңгеру оқытудың іс-әрекеттік тұғыр тұрғысынан жүзеге асырылатыны қарастырылды. Бұл өз кезегінде оқушының білім деңгейіне сәйкес оқу жұмыстарын ұйымдастырудың негізін қалайтыны сипатталды.

Бастауыш сыныптарда түсіну деңгейінде оқытудың теориялық негіздерін аша отырып, біз олардың қазіргі заманғы даму кезеңдері мен оларды жүзеге асыру жолдарына тоқталып, берілген анықтамаларды жүйеледік.

Түсінудің, түсіну деңгейінің, бастауыш сыныптарда түсіну деңгейінде оқытудың педагогикалық-психологиялық негіздерін талдай келе, түсіну психикалық үдеріс, сонымен қатар педагогикалық санат болып табылатынына көз жеткіздік.

- сын тұрғысынан ойлау технологиясы және түсіну деңгейінде оқытудың психологиялық - педагогикалық негіздерін айқындау;
- бастауыш сыныпта сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы түсіну деңгейінде оқытудың ерекшеліктерін анықтау;
- бастауыш сыныпта сын тұрғысынан ойлау технологиясы элементтері арқылы ағылшын тілі пәнін түсіну деңгейінде оқытудың әдістемесін тәжірибелік-педагогикалық экспериментте тексерістен өткізу және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасау.

Бастауыш сыныптарда оқытылып жатқан оқу құралдарын талдап, айырмашылықтарын ажырата отырып қазіргі таңдағы бастауыш сыныптардағы ағылшын тілі әдістемелерін саралай келе бастауыш сыныптарда сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы түсіну деңгейінде оқытудың бүгінгі таңдағы жағдайын анықтадық.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған теориялық қағидалар мен ұсынылған әдістемелерді тиімді пайдалану негізінде бастауыш сыныптарда ағылшын тілі пәнін түсіну деңгейінде оқыту әдістемесін қолдану туралы

ғылыми болжамның дұрыстығына көз жеткізілді. Теориялық қағидалар мен тәжірибелік жұмыс нәтижесінде төмендегідей ұсыныстар жасалынды:

- болашақ бастауыш мектеп мамандарын дайындауда өз тиімділігін көрсететін «Бастауыш сыныптарда ағылшын тілі пәнін түсіну деңгейінде оқыту әдістемесі» атты оқу бағдарламасын 5В010200 –Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының оқу жоспарының таңдау пәндер бөліміне арнайы курс ретінде енгізу;
- бастауыш сыныптарда ағылшын тілі пәнін түсіну деңгейінде оқыту әдістемесін біліктілікті көтеру курстарында қолданысқа енгізу;
- басты ескеретін мәселе білім меңгеру деңгейлерін оқытудың формасы сабақ үстінде пайдаланбай, сатылап меңгерту.

Зерттеу мәселесі күрделі болғандықтан, оның барлық бағыттарын толығымен қарастырып шығу мүмкін емес, өйткені қоғам талабынан туындап отырған сұранысты қанағаттандыру білім саласының басты идеологиясы болып табылады. Ал оның барлығын бір ғана зерттеу проблемасының аясына сыйғызу мүмкін емес. Сондықтан зерттеу барысында алынған нәтижелер оны шешудің бір ғана жолы деп есептеп, бұл бағыттағы ізденістер жекелеген пәндерді ізденіспен оқыту мәселелері арнайы дербес зерттеуді қажет етеді деп санаймыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә.ҚР Президентінің «Қазақстан - 2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. - Астана, 2012 // [http://www.akorda.kz/kz/page/page\\_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2012-zhylhy-14-zheltoks\\_1357813742](http://www.akorda.kz/kz/page/page_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2012-zhylhy-14-zheltoks_1357813742).
2. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан Халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2014, қаңтар – 18. - №11 (28235). - Б. 34.
3. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты // [http://www.akorda.kz/kz/page/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy-27-012012zh\\_1341124121](http://www.akorda.kz/kz/page/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy-27-012012zh_1341124121).
4. Назарбаев Н.Ә. ҚР Президентінің «Қазақстан - 2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. - Астана, 2012 // [http://www.akorda.kz/kz/page/page\\_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2012-zhylhy-14-zheltoks\\_1357813742](http://www.akorda.kz/kz/page/page_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2012-zhylhy-14-zheltoks_1357813742).
5. Знаков В.В. Психология понимания правды. СПб., 1999. 281 с
6. Ким А.М. Психология понимания . Учебное пособие – Алматы, Қазақ университеті, 2004. - 75 с.
7. Коткавирта Ю. Философская герменевтика Х.-Г.Гадамера (Перевод Маркова Т.Б. ). //Герменевтика и деконструкция. / Под ред. Штегмайера В., Франка Х., Маркова Б. В.Санкт-Петербург : 1999. С.47.
8. Бахтин М.М. Гуманитарлық ғылымдардың әдіснамасына. - «Ауызша шығармашылық эстетикасы» кітабында. М.: 1979, 361-б.
9. Дильтей В. Построение исторического мира в науках о духе. М.: 1921.- 92 с
10. George A. Miller. The Magical Number Seven, Plus or Minus Two. // The Psychological Review, 1956, vol. 63, pp. 81—97
11. Выготский Л. С. История развития высших психических функций // Собр. соч.: В 6 т. Т. 3. М.:Педагогика, 1983. С. 5–328.
12. Гальперин П. Я. Введение в психологию. М.: Изд-во МГУ, 1976.
13. Шевандрин Н.И.Психодиагностика, коррекция и развития личности. – М. Гуманит. Изд. Центр ВЛАДОС, 1999, с. 249
14. Рубинштейн С.Л. О понимании //Проблемы общей психологии. М.: Педагогика, 1976. С.235-236.
15. Гусинский Э.Н. Построение теории образования на основе междисциплинарного системного, М.: Школа, 1994, с. 130
16. Симонов В.П.. Народное образование// №6, 1997, с. 56-57.
17. Бершадский М.Б., Понимание как педагогическая категория.: Центр «Педагогический поиск», 2004. – 176с.
18. Шишов С.Е.,В. А.Кальней, Школа: мониторинг качества

образования. М.: Педагогическое общество России, 2000, с.28.

19. Колеченко А.К. Энциклопедия педагогических технологий: Пособие для преподавателей.- Спб: КАРО, 2001, с.21

20. Питюков В.Ю. Основы педагогической технологии: Учебно – методическое пособие. 3-е изд., испр. И доп. – М.: Издательство «Гном и Д», 2001, с. 25

21. Bloom, B.S., (Ed.). 1956. Taxonomy of educational objectives: The classification of educational goals: Handbook I, cognitive domain. New York: Longman.

22. Вебер М. Избранные произведения / пер. с нем.; сост., общ. ред. и послесл. Ю.Н. Давыдова; предисл. П.П. Гайденко; коммент. А.Ф.

Филиппова. – М., 1990.

23. Әлімов А.Қ. «Интербелсенді әдістемесін мектепте қолдану» оқу құралында.

24. Сақтағанова М.С., Алиева Н.Қ., Айтбаева Н.Қ. «Ағылшын тілін оқытудың әдістері», Білім, 43-бет, №3, 2006 ж..

25. Подласый И.П. Педагогика. Гуманитарный издательский центр.- Владос, 2000. - 576 б.

26. Нағымжанова Қ. Педагогикалық инновацияның зерттелуі // Бастауыш мектеп. – 1999. - №3. – Б. 9–11.

27. Ожегов С.И. Словарь русского языка / под ред. Н.Ю.Шведовой. -М.: Рус. яз., 1989. - 924 С.

28. Қалдыбаев А., Ортаев Б.Т. Педагогикалық инновация // Таным мен тәрбие. Түркістан. - 2005. - №3. - Б. 16

29. Нұрахметов Н.Н. Қазақстандық мектептер дамуының жаңа бағыттары // Қазақстан мектебі. – 1996. - №2. – Б. 11-15.; 1996. - №3. – Б. 39-44.

30. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория практика нововведений в системе образования: научный фонд и перспективы развития. – Алматы: Ғылым, 2001. – 296 с.

31. Бұзаубақова К.Ж. Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру. – Алматы, 2006. – 258 б.

32. Абдуллина Г.Т. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық даярлығы мазмұнын жобалаудың педагогикалық негіздері: фил.ғыл.док.(PhD) – Алматы 2013-69 б.

33. Юсуфбекова Н.Р. Педагогическая инноватика как направления методологических исследований // Педагогическая теория идеи и проблемы: сб. науч. тр. / отв. ред. В.С. Шубинский. – М.: ИТПИМНО, 1992. – С. 20-26.

34. Пидкасистый И.И. Педагогика: учебное пособие. – М.: Российское педагогическое агентство, 1995. – С. 49-54.

35. Андреев В.И. Педагогика: учебный курс для творческого саморазвития. – Казань, 2000. – С. 440-441.

36. Подласый И.П. Педагогика начальной школы: учеб. пособие для студ. пед. колледжей. – М.: Гуманит. изд. Центр ВЛАДОС, 2000. – 400 с.

37. Әбенбаев С., Ахметова Г., Әбенбаева И. Дәстүрлі емес сабақ турасында // Мектептегі шетел тілі. – 2003. - №2. – Б. 11-16.



38. Кларин М.В. Педагогическая технология в учебном процессе. – М., 1989. – С. 45-47.
39. Бұзаубақова К.Ж. Жоғары мектептің оқу-тәрбие үрдісінде жаңа педагогикалық технологияны ендіру жолдары // Ұстаздарды дайындаудағы педагогикалық инновациялар: атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Тараз, 2005, сәуір 7-8. – Б. 55-58.
40. Абдуқодиров А.А., Астанова Ф.А., Абдуқодирова Ф.А. «Case-study» услуги: назария, амалиет ва тажриба. –Ташкент: Tafakkur qanoty, 2012. 134 б.
41. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Жоғары оқу орны білімгерлеріне арналған оқу құралы. – Тараз, 2003. – Б. 43-45.
42. Философский энциклопедический словарь. – М., Советская энциклопедия, 1985. – 380 с.
43. Ортаев Б.Т., Абдуллаева Қ. «Оқытудың бірыңғай технологиясы» жөнінде // Қырғыстан Республикасы Арабаев атындағы ҚМУ Жаршысы. - 2011. №5, Б.203-209
44. Подласый И.П. Педагогика начальной школы: учеб. пособие для студ. пед. колледжей. – М.: Гуманит. изд. Центр ВЛАДОС, 2000. – 400 с.
45. Пошаев Д.Қ. Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері: оқу құралы. – Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 2011. – 184 б.
46. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауы.
47. Куралбаева А.А. Бастауыш сынып пәндерін интеграциялау негізінде білім сапасын арттыру: Философия докторы (PhD) ... дис. - Түркістан, 2014. - 195б.
48. Темпл Чарльз «Развитие критического мышления через чтение и письмо».-М.,1997,[9,14с.]
49. Сорос Д. Поддержки культуры, образования и новых информационных технологий. -Алматы, 2001, с. [10,6].
50. Алтынсарин Ы. Әңгімелер. –Алматы, 1980. [11,9б].
51. Леонтьев А.Н. Педагогика и психология. «Школа 2100». Пути модернизации начального и среднего образования / под ред. А.А.Леонтьева. - М.: Баласс, 2002. - Вып. 6. –258-265. [18,10с.].
52. Гальперин П.Я. Методы обучения и умственное развитие ребенка. – М., 1985. – 150 [19,17-25с.]
53. Выготский Л.С. Воображение и творчество В детском возрасте: Психологический очерк: Кн. для учителя.-3-е изд.- М.: Просвещение, 1991.-93 [20,32с.], [20,12-19с.].
54. Үлкен Совет Энциклопедиясы. –М., 1972. – Б. 307-310.
55. Философский энциклопедический словарь. - М., 1983. - 210 с.
56. Кондаков Н.П. Философский словарь-справочник. –М., 1983. - 203 с.
57. Прохоров А.М. Советский энциклопедический словарь. –М., 1985. -838 с.
58. Словарь–справочник по возрастной и педагогической психологии/ Под редакцией Газело М.В.- Москва., Педагогическое общество России, 2001, с.78.
59. Хьелл Л.,Зиглер Д. Теории личности. – Спб.: Питер, 2001.-608 с.
60. Шевандрин Н.И.Психодиагностика, коррекция и развития личности. –М. Гуманит. Изд. Центр ВЛАДОС, 1999, с. 249

61. Bandura A. Social-learning theory. Engelwood Cliffs, NJ. Prentice-Hall, 1977, p.2
62. Блум Б. "Handbook on formative and summative evaluation of student learning" by Blum, Hastings, Madaus, 1971 McGraw-Hill, inc. [33,12c.] .
63. Нағымжанова Қ.М. Университет студенттерінің педагогикалық креативтігін инновациялық білім беру ортасында қалыптастырудың ғылыми негіздері. пед. ғыл. докт. дисс.: 13.00.01. – Алматы, 2010. -352 б. [6,3]
64. Блум Б. "Handbook on formative and summative evaluation of student learning" by Blum, Hastings, Madaus, 1971 McGraw-Hill, inc. [38,256].
65. Иманқұлова С. «Жаңаша оқыту әдістемесі», Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің хабаршысы, Филология сериясы, 97-98 беттер, №1, 2006 ж.
66. Абдукадирова С. Қазақстан педагогикалық газеттерінің оқушылардың білім сапасын арттырудағы рөлі (1952-1972 жж.): автореф. ... пед. ғыл. канд. ...автореф. – Тараз, 1998. - 28 б.
67. Н. Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. // [http://www.akorda.kz/kz/page/page\\_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2012-zhylhy](http://www.akorda.kz/kz/page/page_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2012-zhylhy)
69. Фрейд З. О психоанализе. Методика и техника психоанализа.-М.,1998. [46, 2с.]
70. Спирмен Ч. Главные достижения в психологии.-М.,1989. [47, 5с.]
71. Лазурский А.Ф. Психологическое изучения личности.-М.,1978. [48, 9с.]
72. Рубинштейн С.Л. Принципы творческой самодеятельности. //Вопросы психологии, 1986. –№4. [49, 21с.]. [49, 21с.]
73. Қасымжанов А.Х., Келбұғанов А.Ж. Ойлау мәдениеті. - Алматы, 1986. [50, 276]
74. Леднев В.С.  
Содержание образования: сущность, структура,  
перспективы. - М.: Высшая школа, 1991. - 201 с.
75. Энциклопедиялық сөздік. Білім және ғылым. - Алматы, 2009. - 400 б.
76. Қазақстан Республикасы бастауыш білімнің мемлекеттік стандарты. – Алматы: Б.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2009. - 23 б.
77. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология / жалпы редакциясын басқарған А.Қ.Құсайнов. – Алматы: «Мектеп» баспасы ЖАҚ, 2002. - 256 б.
78. Сақтағанова М.С., Алиева Н.Қ., Айтбаева Н.Қ. «Ағылшын тілін оқытудың әдістері», Білім-2015ж
79. Ботағарина Г. «Ағылшын тілін оқытудағы бүгінгі белес», Білім, 70-бет, №3, 2006 ж..
80. Алхазисвили А. Основы овладения устной английской речью, Просвещение, 1988
81. Абдуллина Г.Т., Байсеит Б.Е. Кәрімова Ү. «Сыни тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану арқылы ағылшын тілі сабағында мәтінмен жұмыс жасау» Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Алматы қ. №12/1 2019ж;

82. Абдуллина Г.Т., Байсеит Б.Е «4-сынып дүниетану пәнінде оқушылардың сыни ойлау қабілетін “PUCSC” моделі арқылы қалыптастыру» Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Алматы қ. №12/1 2020ж;

83. Еркибаева Г.Ғ. Қазіргі инновациялық технологиялар. // - Алматы: ГиГа:ТРӨЙД, 2012. – 179б.

## Қосымша А

Кесте А1 - Түркістан қаласы Ғани Мұратбаев атындағы №5 жалпы орта мектебінің 4 «б» эксперименттік сыныбының ағылшын тілі пәні, анықтау эксперименті бойынша жүргізілген тест жұмысының қорытындысы

№	Аты-жөні	Білу деңгейі (20 тест сұрақ)	Түсіну деңгейі (20 тест сұрақ)
1	Альжанов Артур	15	10
2	Алданазарқызы Гүлназ	20	17
3	Амандосова Бибінұр	19	15
4	Асанбай Ерасыл	18	15
5	Байтерекова Сабина	19	15
6	Бақытжан Ерасыл	17	13
7	Бақыт Айғаным	19	16
8	Борамбаев Мейірлан	20	17
9	Даулетхан Арайлым	18	15
10	Жақсылық Арайлым	14	11
11	Ибрагим Гүлназ	17	12
12	Камалова Аружан	20	17
13	Кенжебай Нұрай	18	15
14	Қадыржан Еркежан	10	6
15	Қалдарбек Ибрахим	20	17
16	Қалибеков Нұрболат	10	7
17	Қамбарбек Санжар	15	12
18	Құлжаева Жанеля	16	13
19	Мырзақерім Бибіхадиша	19	15
20	Нишанбаева Фатима	12	8
21	Оразбекова Балгерім	20	17
22	Рахиметова Гүлмира	15	10
23	Тұрғанәлі Бауыржан	15	9
24	Тойшыбек Индира	11	7
25	Төлепберген Арайлым	19	16
26	Шалдарбек Тоғжан	20	17
27	Юсупжан Нұрсұлтан	17	14

Білу деңгейі бойынша ағылшын тілі пәнін меңгерудің орташа көрсеткіші – 0,77. Түсіну деңгейі бойынша орташа көрсеткіші – 0,52 болды. Білімнің аралық көрсеткіші – 0,15. Бұл дегеніміз оқушылардың оқу материалдарын меңгеруі түсіну деңгейінде еместігі, әлі де болса білу деңгейінде екендіктерін көрсетті.

Кесте А2- Жұмабек Тәшенов атындағы №23 ІТ мектеп-лицейінің 4«а» бақылау сыныбының ағылшын тілі пәні, анықтау эксперименті бойынша жүргізілген тест жұмысының қорытындысы

№	Аты-жөні	Білу деңгейі (20 тест сұрақ)	Түсіну деңгейі (20 тест сұрақ)
1	Айтбаев Ерденжалғас	18	15
2	Анарбаев Жанатбек	19	16
3	Ахметов Дарын	18	15
4	Байжолова Диана	20	16
5	Жанжұман Жігер	20	17
6	Жумадуллаев Бекжан	17	15
7	Жұбайхан Нұрмұхаммед	16	13
8	Зулхарнай Бақыт	14	11
9	Қасымхан Бағдат	20	17
10	Маматжанова Карина	20	16
11	Мұсанов Ерасыл	16	13
12	Низамуддинұлы Рамазан	13	10
13	Орынбасар Нәзір	16	14
14	Отансүйер Юнус	15	12
15	Мақтабек Мирас	12	9
16	Пернебек Думан	20	17
17	Рахимжанова Асем	9	5
18	Сқақ Мерей	10	5
19	Сыздықова Аруна	20	16
20	Төлегенов Нұрбол	15	12
21	Усманов Олжас	12	8
22	Құлахмет Ильяс	20	17
23	Мырзахан Нурасыл	19	16
24	Шадиярова Феруза	18	16

Білу деңгейі бойынша қазақ тілі пәнін меңгерудің орташа көрсеткіші – 0,79. Түсіну деңгейі бойынша орташа көрсеткіші – 0,54 болды. Білімнің аралық көрсеткіші – 0,15. Бұл дегеніміз оқушылардың оқу материалдарын меңгеруі түсіну деңгейінде еместігі, әлі де болса білу деңгейінде екендіктерін көрсетті. Зерттеу жүргізілген бұл тірек мектебі «Алматыкітап» баспасы, «Ағылшын тілі» оқулығымен сабақ жүргізіледі.

## Қосымша Б

## Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған сауалнама

к/с	Сауалнама сұрақтары	Мұғалімнің пікірі				
		біл емін	білім еймін	әрқ ашан	кей де	ешқ ашан
1.	Оқушыларды сабақта белсендіру үшін жағдай жасайсыз ба?					
2.	Сабақ барысында интерпретация, қорытынды жасау, анықтама шығару, мысал келтіру сияқты тапсырмаларды орындауға ықпал жасайсыз ба?					
3.	Сіз сабағыңызда оқушыларға тақырып бойынша туындаған өзекті проблеманы талдауға, балама пікір айтуға мүмкіндік бересіз бе?					
4.	Оқу материалдарын түсінбеген жағдайда оқушыларға қосымша тапсырмалар бересіз бе?					
5.	Оқушыларды бағалағанда тек қана күнделікті сабаққа қатысуына, тест, сынақ, диктант, бақылау жұмысының қорытындысына					

	қарап қоясыз ба?					
--	------------------	--	--	--	--	--

6. «Білім меңгеру деңгейлері» жайында білеріңіз бар ма?

---



---

7. Оқушылардың оқу материалдарын түсінген немесе түсінбегенін қалайанықтауға болатынын білесіз бе?

---



---

8. Түсіну деңгейінде оқыту жайында білесіз бе?

---



---

9. Ағылшын тілі пәні бойынша мәтінді толық түсінгендерін тексеру үшін жоспар құрғызасыз ба?

---

10.

11.

Оқушылардың кестені, математикалық графикті, суретті тілге аударма жасай білу қабілеттерін арттыру жолдарын білесіз бе?

---



---

## Қосымша В

Тест  
Білу деңгейі

1. Are you Kazakh?
  - A) Yes, I is
  - Б) No, I am
  - B) Yes, I am
  - Г) Yes, I do
2. He ..... in London.
  - A) lives
  - Б) live
  - B) does
  - Г) am
3. Do you speak English?
  - A) Yes, I do
  - Б) No, I do
  - B) Yes, I does
  - Г) No, I does not
4. «Ақылды» сөзінің аудармасы?
  - A) Nice
  - Б) Clever
  - B) Stupid
  - Г) Beautiful
3. “Apple” сөзінің аудармасы?
  - A) Банан
  - Б) Жүзім
  - B) Алма
  - Г) Қарбыз

## Түсіну деңгейі

Төмендегі сөздерді мағынасына қарай сәйкестендір.

- |                  |        |
|------------------|--------|
| 1. a book.       | ask    |
| 2. a letter.     | live   |
| 3. to a song.    | work   |
| 4. at a picture. | listen |
| 5. a question.   | speak  |
| 6. English.      | read   |
| 7. in town.      | write  |
| 8. in a bank.    | draw   |



## Қосымша Г

Жүргізілген зерттеу жұмысында эксперимент және бақылау топтарындағы пайдаланылған оқытудың тиімді әдістері мен формаларын бақылаудың орташа арифметикалық анықтылығы анықталды. Ол үшін алдымен зерттеліп жатқан тақырыптың барлық сұрақтарын қамтитын бақылау жұмысы алынды. Бақылау жұмысында оқу материалдарының (сұрақтары, тапсырмалары, ақпаратты амал жасауы) 5 элементті құрады. Осындай бақылау жұмысының нәтижесін төмендегі кестеге енгіздік (кесте 1).

Кесте Г1 – Тәжірибе нәтижелері

Топ	Оқушылар саны	Барлық элементтер саны	Еске түсірілген оқу элементтер саны	Еске түсірілмей қалған оқу элементтер саны	Ескерт у
1	2	3	4	5	6
Бақылау (БТ)	20	100	58	42	
Эксперименттік (ЭТ)	20	100	76	24	

Еске түсірілген білім элементтері көлемі арқылы ескі әдістер қолданылып келген топқа қарағанда ұсынылып отырған әдіс пен оқыту формаларының тиімділігі жөнінде пікір айтуға болады.

Бақылау және эксперимент топтарындағы оқу элементтерін (ақпаратты амалжасауды) еске түсіру ықтималдылығы келесі өрнек арқылы анықталады.